

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 1135 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 3-4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 1135 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін аумақтық дамытудың осы өңіраралық схемасы (бұдан әрі – Өңіраралық схема) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 3-4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы" 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 (бұдан әрі – Бас схеманың негізгі ережелері) қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Өңіраралық схема екі және одан көп облыс (не олардың бөліктері), сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын есептемегенде, әлеуметтік-экономикалық немесе экологиялық аудандар аумақтарындағы өзара келісілген (топтастырылған) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне арналған және мыналарды:

1) жоспарланып отырған аумақты аймаққа бөлуді;

2) аумақтың қала құрылысын игеруді және дамытуды (аумақты қазіргі пайдалану схемасы (тірек жоспары) осы Өңіраралық схемаға 1-қосымшада, Қазақстан

Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағын перспективалық ұйымдастыру схемасы (жобалау жоспары) - осы Өңіраралық схемаға 2-қосымшада келтірілген);

3) қоныстандыру, өңірлік және өңіраралық маңызы бар өндіргіш күштерді, көліктік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды орналастыру жүйесін кешенді дамыту жөніндегі шараларды;

4) табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстармен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды айқындайды.

3. Экономикалық және ресурстық әлеуеттердің ұқсастығын, сондай-ақ Алматы және дамып келе жатқан Шымкент агломерациясының болуын ескере отырып, Оңтүстік өңірге Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Жетісу облыстары, Алматы мен Шымкент қалалары жатқызылды.

4. Бір өңірге біріктірудің негізгі алғышарттары – облыстардың даму әлеуеті мен экономика құрылымдарының ұқсастығы, көлік инфрақұрылымының дамуы, шекара маңындағы бір белдеуде орналасуы, дамыған өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, халық санының көптігі және тығыздығының жоғары болуы.

5. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріне урбандалу деңгейінің төмен болуы тән. Қала халқының үлесі ел бойынша ең төмен және 56%-ды құрайды. Өңір аумағында еліміздегі ең ірі Алматы агломерациясы және миллион тұрғыны бар қала – Шымкент қаласында өзегі бар агломерация қалыптасты.

6. Оңтүстік өңір облыстары аграрлық-индустриялық бағытқа маманданған. Елдің ЖІӨ-дегі өңірдің үлесі – 38,0%. Мұнда республикалық тамақ өнімдері өндірісінің 40,5%-дан астамы, жеңіл өнеркәсіптің 60,3%-ы, қағаз және қағаз өнімдері өндірісінің 76,3%-ы, химия өнеркәсібінің 34,6%-ы, фармацевтика өнеркәсібінің 76,9%-ы, резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінің 44,2%-ы, электр жабдықтары өндірісінің 63,4%-ы шоғырланған.

Оңтүстік өңір аумағының перспективалы қала құрылысын дамытудың жобалық ұсыныстары жобалаудың аралық (2030 жыл), есептік (2040 жыл) және болжамды (2050 жыл) мерзімдеріне арналып әзірленді.

Өңіраралық схемада Өңіраралық схеманың Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері мен графикалық материалдарды қамтылған.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы аумақтарды дамытудың перспективаларын және инфрақұрылымға деген ұзақ мерзімді қажеттілікті айқындайтын қала құрылысы стратегиясы болып табылады. Оның ережелерін іске асырудың кезектілігі, қаржыландыру көздері мен көлемдері ұлттық жобалар мен аумақтарды дамыту жоспарлары деңгейінде бюджеттік мүмкіндіктерді ескере отырып айқындалады.

2-тарау. Аумақты аймақтарға бөлу, қала құрылысын игеру және дамыту

1-параграф. Аумақтың қала құрылысын игеру және аумақты дамыту

7. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі аумағының қала құрылысын игеру және дамыту нысаналы мақсаты және шаруашылық пайдалану бойынша (ауыл шаруашылығы, рекреациялық, табиғатты қорғау, өнеркәсіп және құрылыс қызметін жүргізудің құндылығы мен орындылығы өлшемшарттарына сәйкес) аумақты функционалдық аймақтарға бөлуді қатаң сақтай отырып жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі аумағының қала құрылысын игерудің бірінші кезектегі бағыттары өңір халқын қоныстандыру, өндіргіш күштерді орналастыру, инженерлік-көліктік инфрақұрылымды дамыту, аумақтарды инженерлік қорғау және өңірдің қоршаған ортасын сақтау жөніндегі іс-шараларды іске асыру және аумақты функционалдық мақсаты бойынша аймақтарға бөлу жөніндегі жобалық ұсыныстар кешенін қамтиды.

Аумақтың қазіргі жай-күйін талдау және перспективалы қала құрылысын игеру негізінде жобада Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің негізгі және қосалқы жоспарлау орталықтары мен жоспарлау осьтері (қоныстандырудың тірек қаңқасы) айқындалды.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің құрамына кіретін елді мекендердің қала құрылысын игеруді реттеу, аумақтарын дамыту және аймақтарға бөлу қалалар мен елді мекендердің бекітілген бас жоспарларында көзделген.

2-параграф. Жоспарланып отырған аумақты аймақтарға бөлу

8. Бас схеманың негізгі ережелерінің 5-тарауына сәйкес функционалдық аймақтар 4 негізгі топқа бөлінген:

қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру және табиғи ортаны барынша рұқсат берілген жасанды өзгерту аймақтары;

қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары;

шаруашылық игеру шектелген және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтар;

шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтар.

Жоғарыда көрсетілген аймақтардың әрқайсысының құрамында тиісті кіші аймақтар атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының жер балансының деректері бойынша 2024 жылдың басындағы Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағы 48 ауданды (қалалардағы аудандарды есепке алмағанда), республикалық маңызы бар Алматы және Шымкент қалаларын есепке ала отырып, 46 қала мен кентті, 2 139 ауылдық елді мекенді, 724 ауылдық округті қамтиды. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің ауданы – басқа мемлекеттердің жерлерін есепке алғанда (жалға берілген) 70 201,1 мың гектарды, оның ішінде Алматы – 10 508,9 мың гектарды, Жамбыл – 11 938,2 мың

гектарды, Жетісу – 11 848,3 мың гектарды, Қызылорда – 24 110,8 мың гектарды, Түркістан облыстары – 11 610,3 мың гектарды, Алматы қаласы – 68,3 мың гектарды және Шымкент қаласы – 116,3 мың гектарды құрайды.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасының Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерінде көрсетілген алаңдарды айқындау үшін Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 1-бабының 1-тармағына сәйкес аумақтың жобалық жер балансы орындалды.

3-параграф. Қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру аймағы

9. Қоныстандыру арналарының кіші аймағы

Қала құрылысы құндылығы жоғары кіші аймақтар негізінен Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің жоспарлау орталықтарын байланыстыратын негізгі жоспарлау осьтері бойында шоғырланады. Жоба аясында негізгі және қосалқы жоспарлау осьтері анықталған, олардың ішінде негізгі жоспарлау орталықтары ретінде Алматы агломерациясының өзегі – Алматы қаласы, Шымкент агломерациясының өзегі – Шымкент қаласы, сондай-ақ Талдықорған, Тараз, Қызылорда, Қонаев және Түркістан қалалары белгіленген. Екінші деңгейлі жоспарлау орталықтарына Арал, Байқоңыр және Шу қалалары жатады.

Оңтүстік өңірдің негізгі ендік жоспарлау осі "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізі және оларға жанасатын "Алматы – Қарағанды – Астана – Петропавл", "Ташкент – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас" көлік дәліздері, сондай-ақ "Алматы – Өскемен" А-3 республикалық маңызы бар автомобиль жолы болып табылады.

Бұл аймақтар жобаланатын өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық объектілерін орналастыру үшін қажет.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 4 мамырдағы жарлығына сәйкес Абай, Ұлытау және Жетісу атты 3 жаңа облыс құрылды.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің облыстары бөлінісінде елді мекендер жерінің ауданы Алматы – 291,7 мың гектарды, Жамбыл – 842,2 мың гектарды, Жетісу – 470,9 мың гектарды, Қызылорда – 838,3 мың гектарды, Түркістан облыстарында – 807,0 мың гектарды, сондай ақ, Шымкент қаласында – 116,3 мың гектарды, Алматы қаласында – 68,3 мың гектарды құрайды. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі елді мекендерінің жалпы ауданы 3 434,7 мың гектарды құрайды.

Жобалау процесінде қала құрылысы жобаларына талдау жасалды (осы Өңіраралық схемаға 4-қосымша).

Қазақстан Республикасы Оңтүстік өңірінің елді мекендері жерлерінің жобалық ауданы 2030 жылға қарай 3 588,1 мың гектарды құрайды, оның ішінде қалалар мен

кенттер – 428,7 мың гектарды, ауылдық елді мекендер – 3 159,4 мың гектарды және 2040 жылға қарай қалалар мен кенттер – 487,7 мың гектарды, ауылдық елді мекендер – 3703,4 мың гектарды құрайды.

Қалыптасып жатқан қоныстандыру жүйелерінің урбандалуын ескере отырып, сондай-ақ Қонаев және Алатау қалаларының бас жоспарларын әзірлеп, бекітумен, 2050 жылы елді мекендер жерлерінің 110,9 мың гектарға ұлғайып, 3 498,7 мың гектарды құрайды деп болжануда.

10. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметінің мұқтажы үшін, ұлттық қауіпсіздікті қорғауға арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер

Осы санаттағы жерлердің құрамына мыналар кіреді:

өнеркәсіп объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілген өнеркәсіп жерлері, оның ішінде олардың санитариялық-қорғау және өзге де аймақтары;

теміржол көлігі жерлері;

автомобиль көлігі жерлері;

теңіз және ішкі су көлігі жерлері;

әуе көлігі жерлері;

кұбыр көлігі жерлері;

байланыс және энергетика жерлері;

қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктеріне арналған жерлер.

11. Көлік-коммуникациялық дәліздердің кіші аймағы.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер ауданы 834,1 мың гектарды құрайды, бұл ретте Алматы облысына – 147,7 мың гектар, Қызылорда облысына – 259,0 мың гектар, Жамбыл облысына – 176,2 мың гектар, Жетісу облысына – 112,4 мың гектар, Түркістан облысына – 138,8 мың гектар жер тиесілі.

12. Автомобиль жолдарының аумақтары

2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі автомобиль көлігі жерлерінің ауданы 87,0 мың гектарды құрады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағында автомобиль жолдарының техникалық жай-күйі мен өткізу қабілетін ұлғайту қажеттілігіне байланысты жобада ауданы 96,5 мың гектарды құрайтын автомобиль жолдарының қолданыстағы желілерін реконструкциялау (2 241,3 километрді реконструкциялау) ұсынылады.

Жаңа автомобиль жолдарын салу бойынша негізгі жобалық ұсыныстар:

"Түркістан қаласының шығыс айналма жолы" республикалық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы – 30 километр;

"Алматы – Қырғызстан шекарасы – Ыстықкөл" автожолын салу және реконструкциялау – 96 километр;

"Шымкент қаласының оңтүстік-батыс айналма жолы" республикалық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы және жобалау-іздіріу жұмыстары – 48 километр;

"Қонысбаев өткізу пункті арқылы Өзбекстан Республикасына шығатын Сарыағаш қаласын айналып өтетін жол" республикалық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы және жобалау-іздіріу жұмыстары – 102 километр.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі жалпыға ортақ қолданыстағы автомобиль жолдарының ұзындығы 24 070,8 километрді құрайды.

2030 жылға қарай автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау 2 263 километрді, 2040 жылға қарай – 192,5 километрді, 2050 жылға қарай – 814 километрді құрайды.

Автомобиль жолдарын реконструкциялау және жаңа жолдар салу бойынша негізгі жобалық ұсыныстар 4-параграфта келтірілген.

Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының жобалық жер көлемі "Автомобиль жолдары үшін жер бөлу" 3.03-102-2013 Қазақстан Республикасының ережелер жинағына сәйкес белгіленді.

Аталған аумақтар мемлекеттік және қоғамдық мүдде аймақтарына жатады. Автомобиль көлігі аймақтары шегінде жер учаскелеріне меншік немесе иелік ету құқығының болуы бұл учаскелерді негізгі функционалдық мақсатына немесе шартты түрде рұқсат етілген қызмет түрлерінен өзге мақсатта пайдалануға негіз болып табылмайды.

13. Темір жол аумақтары

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің жобаланатын аумағының шегінде бес халықаралық темір жол көлік дәлізі қалыптастырылып, жұмыс істеуде:

Трансазиялық теміржол магистралінің (бұдан әрі – ТАТМ) Солтүстік дәлізі – "Ляньюнгань – Достық – Петропавл – Брест – Гамбург" қатынасындағы Солтүстік ТАТМ;

Трансазиялық теміржол магистралінің Орта Азиялық (Орталық) дәлізі – "Ляньюнгань – Достық – Астана – Озинки – Брест" қатынасындағы Орталық ТАТМ;

Трансазиялық теміржол магистралінің Оңтүстік дәлізі – "Ляньюнгань – Достық – Сарахс – Рази – Ыстамбұл" қатынасындағы Оңтүстік ТАТМ;

"Ляньюнгань – Достық – Ақтау – Баку – Поті – Ыстамбұл" қатынасындағы TRACECA;

"Солтүстік – Оңтүстік" бағыты Парсы шығанағындағы елдерден Ресей мен Иран арқылы Солтүстік Еуропаға өтеді, бұл бағытта Қазақстан Республикасы келесі учаскелерде: Ақтау теңіз порты – Ресейдің Орал өңірлері және Ақтау – Атырау, сондай-ақ "Өзен – Берекет (Түрікменстан) – Горган (Иран)" жаңа теміржол желісі арқылы қатысады.

"Жетіген – Алтынкөл", "Жезқазған – Сексеуіл – Шалқар – Бейнеу" жаңа теміржол магистральдары салынды, олар транзиттік маршруттарды 1000 километрге қысқартып, ел өңірлерін Шығыстан Батысқа дейін байланыстырады. "Өзен-Болашақ" жаңа теміржол желісі Түрікменстан Республикасының теміржол желісімен түйісуді және Парсы шығанағы порттарына шығуды, ал перспективада Үндістанның сауда ағындарына қол жеткізуді қамтамасыз етті.

Оңтүстік өңірдегі теміржолдардың жалпы пайдалану ұзындығы 4 403,1 километрді құрайды.

2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің теміржол көлігі жерлерінің ауданы 54,2 мың гектарды құрайды.

Аумақты қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру аймағы Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің жалпы аумағының 30%-ын қамтиды, ол аумақтың барлық түрдегі қала құрылысын игеру үшін, оның ішінде өңірдің қоныстандыру қаңқасын қалыптастыра отырып, өндірістердің, шаруашылық қызметтің және күрделі жұмыстардың көптеген түрлерін ұйымдастыру үшін инфрақұрылымдық жағынан қамтамасыз етілген.

Аралық 2030 жылға қарай темір жолдарды салу және реконструкциялау 666 километрді, есептік 2040 жылға қарай – 842,8 километрді, болжамды 2050 жылға қарай – 917,3 километрді құрайды.

Жаңа темір жолдарын реконструкциялау және салу жөніндегі негізгі жобалық ұсыныстар 4-параграфта келтірілген.

Теміржол көлігінің қажеттіліктеріне арналған жерлер "Теміржолдар үшін жер бөлу" 3.03-116-2014 Қазақстан Республикасының ережелер жинағына сәйкес белгіленді.

4-параграф. Қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймағы

14. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің кіші аймағы

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерінің жалпы ауданы 2024 жылдың басында республиканың ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлерінің 21 093,5 мың гектарын құрайды, бұл республиканың ауыл шаруашылығы алқаптарының 18,2% құрайды. Алматы облысының ауыл шаруашылығы алқаптары 4 526,7 мың гектарды, Жамбыл облысы - 4 661,6 мың гектарды, Қызылорда облысы - 2 906,1 мың гектарды, Түркістан облысы - 4 469,5 мың гектарды және Жетісу облысы – 4 529,6 мың гектарды алып жатыр.

Есептік жылы Қазақстан Республикасы бойынша егістік алқабының ауданы іс жүзінде өзгеріссіз қалды. 2024 жылдың басында жер балансының деректері бойынша Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі егістік ауданы – 2 827,4 мың гектарды, оның ішінде Алматы облысында – 469,2 мың гектарды, Жамбыл облысында – 781,5 мың гектарды, Қызылорда облысында – 176,1 мың гектарды, Түркістан облысында – 868,4 мың гектарды, Жетісу облысында 532,2 мың гектарды құрады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі табиғи жағдайлары бойынша Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстарының тау бөктерін және Оңтүстік өңірдің ең ірі суармалы жерлері шоғырланған Қызылорда облысының елеусіз аумақтарын қамтитын тау етегі-шөлді-дала аймағында орналасқан.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы суармалы жерлер негізінен Қазақстан Республикасының оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарына тиесілі. Суармалы жерлердің ең үлкен ауданы Түркістан (487,7 мың гектар) және Алматы (277,2 мың гектар) облыстарына тиесілі. Жетісу облысында – 225,2 мың гектарды, Жамбыл облысында – 188,5 мың гектарды, Қызылорда облысында 228,4 мың гектарды құрайды.

Жер балансының деректері бойынша жалпы Қазақстан Республикасында жайылма суару алаңы 30 жыл бойы аз өзгерістерге ұшырады және 1989 жылы 899 мың гектардан 2023 жылы 858,9 гектарға дейін ауытқиды.

Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы алқаптарының негізгі түрі жайылымдар болып табылады. 2024 жылдың басындағы жерді есепке алу деректері бойынша Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде олар 16 634,1 мың гектар аумақты алып жатыр, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде жайылымдар Алматы облысында 3 872,4 мың гектар, Жамбыл облысында - 3 613,6 мың гектар, Қызылорда облысында - 2 102,8 мың гектар, Түркістан облысында - 3 291,1 мың гектар, Жетісу облысы - 3 754,2 мың гектар тиесілі.

15. Босалқы жер

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің босалқы жерлері Қызылорда облысында – 10 949,5 мың гектар, Алматы облысында – 2 140,0 мың гектар, Түркістан облысында – 2 600,4 мың гектар, Жамбыл облысында – 1 461,2 мың гектар және Жетісу облысында – 4 550,6 мың гектар шоғырланған.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы және өзге де пайдалану үшін босалқы жерлерді игерудің оң үрдісі байқалды. 2022-2023 жылдары өңірдің босалқы жерлерінің көлемі 161,2 мың гектарға, оның ішінде Қызылорда облысында – 307,0 мың гектарға, Түркістан облысында – 28,0 мың гектарға, Жамбыл облысында – 12,7 мың гектарға ұлғайды, бұл ретте Алматы облысында 212,8 мың гектарға азайған.

Тыңайған жерлер

2024 жылдың басында жер балансының деректері бойынша аймақта тыңайған жерлер ауданы 243,9 мың гектарды құрады. Осы жердің функционалдық ерекшелігіне байланысты тыңайған жерлер ауданы тұрақты динамикада болады.

2023 жылы Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі бойынша тыңайған жерлер: Алматы облысында – 48,2 мың гектар, Қызылорда облысында – 51,6 мың гектар, Түркістан облысында – 99,1 мың гектар және Жетісу облысында – 45,0 мың гектар құрады.

Аумақты ауыл шаруашылығына пайдалану үшін жерлерді функционалдық аймақтарға бөлу және трансформациялау жөніндегі негізгі жобалық ұсыныстарға

тыңайған жерлер алаңдарын егістікке және босалқы жерлерді жайылымға ауыстыру жатады. Қазіргі уақытта босалқы жерлерде орналасқан егістік тыңайған күйде болғандықтан, оны ауыстыру бойынша тиісті іс-шаралар қажет. Ауыстыру ауданы анықталған кезде барлық жер санаттары бойынша тыңайған жер (оның ішінде 1 жылдан аспай пайдаланылмаған егістік жер) таңдалды.

Облыстар бөлінісінде егістікке ауыстыру үшін ұсынылған тыңайған жердің ауданы (барлық жер санаттары бойынша) мыналарды құрайды:

Алматы облысы – 24,7 мың гектар (2030 жыл) және 30,0 мың гектар (2040 жыл);

Жетісу облысы – 26,8 мың гектар (2030 жыл) және 20,0 мың гектар (2040 жыл);

Қызылорда облысы – 16,1 мың гектар (2030 жыл) және 20,0 мың гектар (2040 жыл).

Түркістан облысында 2030 жылға қарай егістікке ауыстыру үшін 46,1 мың гектар, 2040 жылға қарай 50,0 мың гектар тыңайған жер ұсынылады.

Тұтастай алғанда, Оңтүстік өңірі бойынша 2030 жылға қарай егістікке ауыстыруға – 113,7 мың гектар, 2040 жылға қарай – 120,0 мың гектар тыңайған жер ұсынылады.

Болжамды 2050 жылға қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы қордағы және тың жерлер құрамындағы суармалы егістік алқабын 250,7 мың гектарға ұлғайту ұсынылады.

Егістік және табиғи жайылымдар ауданын деградациялық процестерді болдырмау, жасыл желектерді сақтау және көбейту, сондай-ақ жайылымдарда шөпті түбегейлі жақсарту мақсатында бүкіл аумақта бейімделгіш-ландшафтық тәсілді енгізу шартымен өзгеріссіз қалдыру ұсынылады, мұнда тапталған жайылымдарда көпжылдық шөптерді беткей себуді жүргізу қажет.

Мал шаруашылығын дамыту перспективасына байланысты 2030 жылға дейін 1 255,0 мың гектар босалқы жердің 700,0 мың гектарын, 2040 жылға дейін 655,0 мың гектарын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге аудару немесе шалғайдағы жайылым ретінде пайдалану қажет.

Болжамды 2050 жылға қарай пайдаланылмай жатқан 326,8 мың гектар жайылымды ауыл шаруашылығы айналымына қосу ұсынылады.

5-параграф. Шаруашылық игеру шектелген және барынша сақталатын табиғи орта аймағы

16. Шаруашылық игеруі шектелген аумақтарды пайдаланудың негізгі қағидаты оларға өнеркәсіптік немесе ауыл шаруашылығы өндірістерін, табиғи немесе мәдени ландшафтқа айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін табиғи ресурстарды пайдаланудың басқа түрлерін дамытуға және орналастыруға жол бермейтін режимді белгілеу болып табылады.

17. Негізінен рекреациялық мақсатта пайдаланылатын аумақтар ұзақ мерзімді демалыс, санаторий-курорттық қызмет көрсету аймақтарын қамтиды.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің ұзақ демалу ареалдарын қамтитын, негізінен рекреациялық пайдалану аймақтары батыста Арал теңізінен бастап шығыста

Жетісу қақпасына дейінгі кең аумақты алып жатыр. Бұл өңір – табиғи-климаттық жағдайлары бойынша ең тартымды аумақтардың бірі болып саналады. Мұнда көптеген тау аңғарлары, Шарын шатқалы, "Алтын-Емел" ұлттық паркі және Іле Алатауының тау жоталары орналасқан.

Өңірдің негізгі өзендеріне Сырдария, Шу, Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі жатады, сондай-ақ ірі көлдер – Балқаш, Алакөл, Сасықкөл, Арал және Қапшағай су қоймасы бар.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің рекреациялық және тарихи-мәдени, сондай-ақ сауықтыру мақсатындағы жерлерінің ауданы 140,1 мың гектар құрайды.

18. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың кіші аймағы

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен олардың аумағында орналасқан қоршаған ортаны қорғау объектілері ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени құндылыққа ие болып, Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі болып табылады.

Биологиялық әртүрлілікті сақтаудағы басты рөлді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлық түрлерінің ішінде мемлекеттік табиғи қорықтар мен мемлекеттік ұлттық табиғи парктар атқарады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің осы санаттағы жерлерінің ауданы шамамен 13 778,6 мың гектарды құрайды. Ерекше қорғалатын табиғи аумағының барлық түрінің жер көлемі мынадай өңірлерде тіркелген: Алматы облысында – 2 303,5 мың гектар, Жетісу облысында – 1 463,7 мың гектар, Жамбыл облысында – 2 777,5 мың гектар, Қызылорда облысында – 192,2 мың гектар, Түркістан облысында – 7 028,4 мың гектар және Алматы қаласында – 13,3 мың гектар.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің ерекше қорғалатын табиғи аумағының шамамен алынған жер көлемін 2030 жылға қарай 14 665,2 мың гектарға дейін жеткізу жоспарлануда.

19. Орман қоры жерлерінің кіші аймағы

Орман көмкерген, сондай-ақ орман көмкермеген, бірақ орман шаруашылығының мұқтаждары үшін берілген жер учаскелері орман қорының жері деп танылады. Орман қорының жері мемлекеттік және жеке орман қорларының жерінен тұрады.

Мемлекеттік орман қорына табиғи және қолдан егілген орман көмкерген жерлер, сондай-ақ орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдарға тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген жерлер жатады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің орман қоры жерінің ауданы (орман көмкермеген алқаптарды ескере отырып) Алматы облысында – 3 233,9 мың гектарды, Жамбыл облысында – 4 441,3 мың гектарды, Жетісу облысында – 2 197,3 мың гектарды, Қызылорда облысында – 7 173,0 мың гектарды, Түркістан облысында – 3 452,8 мың гектарды құрайды. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің орман қоры жерлерінің жалпы ауданы 20 498,3 мың гектарды құрайды.

Орман қоры алқаптарының аумағы 2030 жылға қарай 20 598,3 мың гектарға, 2040 жылға қарай 20 698,3 мың гектарға дейін ұлғаяды. Болжам бойынша 2050 жылға қарай – 20 798,3 мың гектарға дейін жетеді.

6-параграф. Шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтар

20. Шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтардың құрамына кіретін жерлер, әдетте, алуға жатпайды. Аталған жерлердің шекараларында аймақтарды белгілеу мақсаттарына сәйкес келмейтін қызмет түрлерін шектейтін немесе тыйым салатын арнайы пайдалану режимі енгізіледі.

21. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау кіші аймағы

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағы Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесімен, Тараз қаласындағы Айша Бибі, Қарахан және Бабажы қатын кесенесімен, Жетісудағы сақтардың бірегей қабірімен әйгілі болған ежелгі мәдениет пен тарих объектілеріне бай. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағында "Біріккен Ұлттардың Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының" (бұдан әрі – ЮНЕСКО) дүниежүзілік мұрасының 10 объектісі және ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізу үшін ұсынылған бірқатар археологиялық ескерткіштер бар.

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтары "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеледі.

22. Радиоактивті ластану қаупі бар, тұрақты радиометриялық бақылауды қажет ететін аймақтар

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі аумағында уран кенінің 1 аймағы – Оңтүстік өңірі айқын ерекшеленеді, оған 4 уранды провинция кіреді: олардың ішінде екеуі – Шу-Сарысу (уран қоры мен ресурстарының 60,5%-ы) және Сырдария (12,4%) – әлемдегі ең ірілері болып табылады, Іле (7%). Сонымен қатар Іле (7%) және Балқаш маңы (1%) провинциялары да кіреді.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі әрбір облыс бойынша өңірлік радиациялық-экологиялық зерттеулер нәтижесінде аумақ радиациялық факторлардың жиынтығы бойынша аймақтарға бөлініп, радиациялық шиеленіс картасы мен радиациялық-гигиеналық паспорттар жасалды.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің әлеуетті қауіпті радиоэкологиялық аймақтарының ауданы 2 330,0 мың гектарды құрайды.

Экологиялық апат аймақтарында экологиялық ахуалды жақсартуды жобалау кезінде мынадай міндеттерді шешу қажет:

экологиялық және демографиялық жағдайдың өзгеру динамикасын, әсіресе аумаққа экологиялық апат аймағы мәртебесін беру өлшемшарттары бойынша анықтау;

экологиялық апат аймағы аумағында жүргізілген іс-шаралардың нәтижелілігін айқындау;

аумаққа экологиялық апат аймағы мәртебесін беруді айқындаған параметрлерге мониторинг жүйесін жетілдіру;

экологиялық апат аймағының аумағында халықтың өмір сүру проблемаларын кешенді түрде шешуге бағытталған іс-шаралар мен инвестициялық жобаларды әзірлеу.

Экологиялық апат аймақтары аумағындағы экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі барлық жобалар басқа аумақтарға қарағанда басым сипатта болуға тиіс.

23. Магистральдық мұнай және газ құбырларының аумақтары

Мұнай және газ өнеркәсібін дамыту үшін құбыр көлігі ерекше маңызға ие, себебі ол басқа көлік түрлерімен салыстырғанда неғұрлым мамандандырылған болып табылады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі шегінде қолданыстағы магистральдық мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 2 003,7 километрді, ал магистральдық газ құбырларының ұзындығы 7 994,1 километрді құрайды.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін газбен жабдықтауды дамыту жөніндегі ұсыныстар "Бейнеу-Шымкент" магистральдық газ құбырының құрылысын аяқтауды, магистральдық газ құбырларын, газ бұру құбырларын, оның ішінде 2-кезектегі "Алматы-Байсерке-Талғар" магистральдық газ құбырын, "Қазақстан-Қытай" магистральдық газ құбырымен басқалар арасындағы жалғастырғыш көпірлерді салуды көздейді.

24. Су қоры жерлерінің кіші аймағы

Су қоры жерлерінің құрамына су айдындары (өзендер және оларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар), мұздықтар, батпақтар, су көздерінде орналасқан ағынды реттеуге арналған су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан жерлер, сондай-ақ аталған су объектілерінің су қорғау белдеулеріне және ауызсумен жабдықтаудың су тарту жүйелерінің санитариялық қорғау аймақтарына бөлінген жерлер кіреді.

2024 жылдың басындағы деректер бойынша Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі облыстары бойынша су қоры жерлерінің ауданы мынадай: Алматы облысында – 187,5 мың гектар, Жамбыл облысында – 356,3 мың гектар, Жетісу облысында – 4,6 мың гектар, Қызылорда облысында – 1 984,2 мың гектар, Түркістан облысында – 134,5 мың гектар. Оңтүстік өңірдегі су қоры жерлерінің жалпы ауданы – 2 667,1 мың гектарды құрайды. Бұған қоса, Оңтүстік өңір елді мекендеріндегі су объектілері орналасқан жерлердің ауданы – 2,1 мың гектар, оның ішінде Алматы қаласында – 0,6 мың гектар, Шымкент қаласында – 1,3 мың гектар, Алматы облысының елді мекендерінде – 0,2 мың гектар.

Су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аудандарын нақтылауға байланысты су қоры жерлерінің жобалық ауданы 2030 жылға қарай 3 005,0 мың гектарға дейін, 2040 жылға қарай – 3 205,0 мың гектарға дейін ұлғаяды.

Осылайша, әрбір функционалдық аймақта аумақты пайдаланудың өзіндік ерекше режимі белгіленген, оны жобалау жоспарын әзірлеу кезінде де, жобалық ұсыныстарды іске асыру кезінде де қатаң сақтау қажет.

Аумақты функционалдық аймақтарға бөлу және анықталған қала құрылысы регламенттері Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін аумақтық дамыту жобалық ұсыныстарының негізіне алынды.

25. Жер қорының динамикасы

2024 жылдың басындағы жер балансының деректері бойынша Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің жер-ресурстық әлеуеті басқа мемлекеттер жалға алған жерлерді есепке алғанда 71 178,3 мың гектарды құрайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі 2023 жылдың басымен салыстырғанда, 2024 жылдың басына 21 093,5 мың гектарды құрады.

Бұдан басқа, жалпы ауданы 233,7 мың гектар тыңайған жерлер мен 1 505,7 мың гектардан астам босалқы жерлер мен арнайы жер қоры бар шалғайдағы мал шаруашылығы үшін бұрын айналымнан шығарылған егістік жерлер мен жайылымдарды егістікке тартуға болады, оның ішінде:

2030 жылға қарай тыңайған жерлерді егістікке ауыстыру – 113,7 мың гектар, 2040 жылға қарай – 120,0 мың гектар;

2030 жылға қарай босалқы жерлер мен тыңайған жерлерден суарылатын егістікке ауыстыру – 100,0 мың гектар, 2040 жылға қарай – 150,7 мың гектар;

2030 жылға қарай босалқы жер санатынан жайылымдарға – 600,0 мың гектар және 2040 жылға қарай – 655,0 мың гектар.

Осылайша, перспективада ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ауданын ұлғайту 2030 жылға қарай – 21 852,9 мың гектарға, 2040 жылға қарай 22 628,6 мың гектарға жетеді.

Сонымен қатар, бекітілген бас жоспарларды, сондай-ақ тұрғын үй құрылысының даму қарқынын ескере отырып, елді мекендердің жерлерін 2030 жылға қарай 3 443,0 мың гектарға дейін және 2040 жылға қарай 3 498,7 мың гектарға дейін ұлғайту көзделеді.

Су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аудандарын нақтылауға байланысты су қоры жерлерінің ауданын біршама ұлғайту күтіліп отыр. Аумақты функционалдық мақсаты бойынша игерудің техникалық-экономикалық көрсеткіштері осы Өңіраралық схемаға 3-қосымшада, аумақты функционалдық және жоспарлы ұйымдастыру схемасы осы Өңіраралық схемаға 5-қосымшада ұсынылған.

3-тарау. Өңірлік және өңіраралық маңызы бар өндіргіш күштерді, көліктік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды қоныстандыру және орналастыру жүйесін кешенді дамыту жөніндегі шаралар

1-параграф. Халықты қоныстандыру жүйесін жетілдіру шаралары

26. Оңтүстік өңір – еліміздің демографиялық және еңбек әлеуеті жоғары өңір.

Өңір республика аумағының төрттен бір бөлігінен астамын (26,1%) алып жатыр, онда Қазақстан халқының жартысына жуығы (49,3%) тұрады. 2024 жылдың басында өңірде 9 886,6 мың адам, оның ішінде қалалық елді мекендерде – 5 519,9 мың адам, ауылдық жерлерде – 4 366,7 мың адам өмір сүрді.

Елдің оңтүстік аймағы – Қазақстандағы халқы ең тығыз қоныстанған өңір. 2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі халқының тығыздығы 1 шаршы километрге шаққанда 13,9 адамды құрады, ал орташа республикалық көрсеткіш 1 шаршы километрге шаққанда 7,4 адамды құрайды. Өңірде урбандалу деңгейі төмен – 55,8%. Соңғы бес жылда көрсеткіштің өсуі байқалады (2020 жылдың басында – 51,5%).

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің демографиялық жағдайы халық санының тұрақты жоғары өсуімен сипатталады. Талданып отырған кезеңде (2020 – 2024 жылдардың басында) өңір халқының саны 10,3%-ға өсті, ал ел бойынша халық санының орташа өсуі небәрі 7,5%-ды құрады. Оның ішінде қалалық жерлерде халық санының өсімі (19,5%-ға) ауылдық жерлердегі өсімнен (0,6%-ға) айтарлықтай жоғары.

27. Облыстар мен өңірдің қалалары бөлінісінде халық санының ең жоғары өсімі Шымкент (17,7%-ға) және Алматы (16,3%-ға) қалаларына тән.

Халық санының өсуі негізінен табиғи өсімнің жоғары деңгейі есебінен орын алды – ел бойынша орташа көрсеткіш – әр 1 000 тұрғынға 12,95 адам болғанда, бұл көрсеткіш 1 000 тұрғынға шаққанда 16,4 адамды құрады. Ең жоғары көрсеткіштер Түркістан облысына тән – 1 000 тұрғынға шаққанда 21,45 адам және Шымкент қаласына – 1 000 тұрғынға шаққанда 21,49 адам, ал төмен көрсеткіштер Алматы қаласына тән – 1 000 тұрғынға шаққанда 10,73 адам. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің табиғи өсімі талданып отырған кезеңде 836,8 мың адамды құрады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік аймағының халқының жоғары табиғи өсуі халық құрылымындағы балалар үлесінің өсуіне ықпал етті. 2024 жылдың басына 15 жасқа дейінгі балалардың үлесі 33,9%-ды, еңбекке қабілетті жастағы халықтың үлесі - 56,2%-ды, ал еңбекке қабілетті жастан асқан халықтың үлесі 9,9%-ды құрады.

Көші-қонның оң сальдосы тек Алматы және Шымкент қалаларында байқалады, ал Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің қалған облыстарында халықтың көшіп кетуі тұрақты жалғасып жатыр. Соңғы бес жылда жиынтық теріс көші-қон сальдосы 21,2 мың адамды құрады. Көші-қон ағыны ауылдық елді мекендерден үлкен және ірі қалалардың қалалары мен қала маңына, сондай-ақ неғұрлым қолайлы экономикалық жағдайы бар өңірлерге бағытталған. Алматы, Астана, Шымкент қалалары және осы қалалардың қала маңы аймақтары, сондай-ақ Батыс өңірдің мұнай өндіретін аудандары тартылыс орталықтары болып табылады.

28. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағында экономикалық өсім орталықтары мыналар:

Алматы және Шымкент қалаларында орталықтары орналасқан агломерациялар; облыс орталықтары – Түркістан, Тараз, Қызылорда, Талдықорған, Қонаев қалалары; монокала – Кентау, шағын қалалар – Текелі, Қаратау, Жаңатас, Есік, Жаркент, Қаскелең, Сарқан, Талғар, Үшарал, Үштөбе, Шу, Арал, Қазалы, Байқоңыр, Арыс, Жетісай, Леңгір, Сарыағаш, Шардара, Алатау және 403 тірек ауылдық елді мекен.

29. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің перспективалық демографиялық жағдайы, негізінен, табиғи өсіммен байланысты қолайлы үрдістермен сипатталады. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі халқының саны аралық кезеңге (2030 жыл) 11,2%-ға ұлғаяды және 10 996,2 мың адамды құрайды, есептік кезеңге (2040 жыл) 28,9%-ға ұлғаяды және 12 742,7 мың адамды және болжамды кезеңге (2050 жыл) - 1,5 есе ұлғаяды және 14 927,5 мың адамды құрайды.

2050 жылдың басындағы өңір бойынша урбанизация деңгейі 60,4%-ды құрайды. 2050 жылға қарай қала халқы 1,6 есе ұлғайып, 9 019,8 мың адамды, ал ауыл халқы 35,3%-ға ұлғайып, 5 907,6 мың адамды құрайды.

Халықтың жас тобы еңбекке қабілетті жастан асқан жас тобындағы халықтың үлесінің артуына қарай өзгереді. 2050 жылға қарай еңбекке қабілетті жастан кіші халықтың үлесі 33,9%-дан (2024 жылы) 31,7%-ға (0-15 жас) дейін төмендейді, еңбекке қабілетті жастағы халықтың үлесі 56,2%-дан 56,6%-ға дейін ұлғаяды, еңбекке қабілетті жастан асқан халықтың үлесі 9,9%-дан 11,6%-ға дейін артады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің әкімшілік-аумақтық бірліктері бөлінісінде болжамды кезеңде халық санының өсуі барлық облыстар мен қалаларда күтіледі. Болжамды кезеңге қарағанда халық санының ең көп өсуі Шымкент қаласында (2,0 есе), Түркістан облысында (1,6 есе), Түркістан облысында (1,5 есе), ал ең аз көрсеткіші Жетісу облысында (24,3%-ға) және Жамбыл облысында (26,3%-ға) күтіледі.

30. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің тұрғындарын қоныстандыру саласындағы негізгі проблемалар:

реттелмейтін өңіраралық және өңірішілік көші-қон;

ірі және үлкен қалалардың толып кетуі және оларға іргелес кенттердің жүйесіз стихиялық өсуі;

агломерация орталығының инженерлік, әлеуметтік және көлік инфрақұрылымдарының халық санының өсуіне сәйкес келмеуі және артта қалуы.;

Қалалардағы экологиялық жағдайдың нашарлауы, халықтың тығыз қоныстануына байланысты аурушандықтың артуы.

31. Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі қоныстандыру жүйесінің негізгі міндеті ірі және үлкен қалалардың, соның ішінде көші - қон ағынын төмендету есебінен агломерация орталығының аумақтық өсуін шектеу, реттелмейтін өңіраралық және өңірішілік көші-қон ағынын азайтуға ықпал ететін моно-және шағын қалаларды, тірек ауылдық елді мекендерді перспективалы дамыту болып табылады.

Өңірлік еңбек нарықтарының теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін еңбекке қабілетті халықты аумақтық қайта бөлуді ынталандыру қажет.

32. Басты міндеттердің бірі еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру болып табылады. Еңбек тапшылығы бар өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету, өңірлік диспропорциялар мен демографиялық теңгерімсіздіктерді жою мақсатында ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады.

Ерікті түрде қоныс аудару мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

өңіраралық қоныс аудару – жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және/немесе кәсіпкерлік бастама бойынша міндетті шартпен жұмыс күші артық облыстардан жұмыс күші тапшы облыстарға;

облысшілік қоныс аудару – экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерден облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан және/немесе жұмыс берушілер есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыру мүмкіндігі болған кезде экономикалық өсу нүктелеріне.

Мемлекет тарапынан халықты экономикалық негізделген, оңтайлы қоныстандыру, ел дамуының өңірлік және демографиялық теңгерімділігін қамтамасыз ету мақсатында ішкі көші-қонды басқарудың тиімді жүйесін құру жөнінде шаралар қабылдануда. Ішкі көші-қон қозғалыстарының маңызды бағыттарының бірі мемлекеттің қолдауымен жұмыс күші мол өңірлерден азаматтарды еңбек ресурстарына қажеттілігі жоғары өңірлерге ерікті түрде көшіру, сондай-ақ экономикалық әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға қоныс аударуды ұйымдастыру болып қала береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауына (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 1 қаңтардағы жолдауы) сәйкес ішкі еңбек ұтқырлығы мәселелеріне жаңа тәсілдер қажет, оның ішінде елдің оңтүстігінен солтүстігіне қоныс аударатын азаматтарға жәрдемақы бөлудің қолданыстағы тетігін қайта форматтау орынды. Дербес бизнеспен айналысқысы келетін қоныс аударушыларға белсенді түрде көмектесу керек. Оларға үй салу, ауыл шаруашылығы қызметі үшін жер учаскелерін беру мүмкіндігін қарастыру орынды.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша көмек көрсетуді қайта форматтау жұмыс берушілерді тартуға бағытталады. Ақпараттық қызмет көрсетуді қайта форматтау жүзеге асырылады, enbek.kz порталы кеңейтіледі.

Жаңа тұрғылықты жерде ерікті өңіраралық қоныс аударуды мемлекеттік қолдау мыналарды қамтиды: көшуге материалдық көмек беру, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге кететін шығындарды өтеу, қызметтік тұрғын үй беру,

сондай-ақ тұрғын үйді сатып алу (сатып алу) және/немесе салу арқылы қоныс аударушыларды жалдамалы тұрғын үймен қамтамасыз ету, қоныс аударуға жәрдемдесетін жұмыс берушілерге субсидия беру, қажеттілігіне қарай оқытуға, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдау, жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлік бастамаларға жәрдемдесу.

33. Ішкі көші-қонды реттеу, ең алдымен, халық үшін экономикалық жағдайлар жасаудан (еңбек нарығы мен тұрғын үй нарығының пропорционалды дамуын қамтамасыз ету) басталады, бұл жұмыс күші ауыспалылығын арттыруға, сондай-ақ халықтың көші-қон төмендеуі болжанатын өңірлерге бағыттауға мүмкіндік береді.

Оңтүстік Қазақстан өңірінен еңбекке жарамды жастағы халықтың көші-қон ағынын елдің солтүстік және шығыс өңірлеріне қайта бағыттау көші-қон ағындарының неғұрлым біркелкі бөлінуіне және Алматы мен Шымкент қалаларына жоғары көші-қон ағынын төмендетуге ықпал етеді.

34. Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде қоныстандыру жүйелерін дамытудың тұрақтылығын арттыру жөніндегі негізгі іс-шаралар мыналар болып табылады:

жергілікті халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін түбегейлі арттыру және өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейін төмендету мақсатында экономиканың еңбекті көп қажет ететін салаларын дамытуды;

елдің басқа өңірлеріне қарағанда жастардың аумақтық және кәсіптік ұтқырлығын арттыру мақсатында өңір аумағындағы орта арнаулы оқу орындарының желісін кеңейту басым болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауына сәйкес өңірлік саясатты жетілдіру мәселесі бойынша миллион тұрғыны бар қалалар Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің тірегі, ал облыс орталықтары өңірлердің өсу нүктесі болуы тиіс.

35. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің перспективалы дамуы өңір аумағында экономикалық өсу нүктелері болып табылатын Алматы және Шымкент агломерацияларын қалыптастыру арқылы жүзеге асады деп көзделуде. Негізгі жоспарлау осьтері бойынша агломерациялар орталықтарына көші-қон ағынын азайту үшін ірі елді мекендер базасында халықтың көші-қон ағынын қайта бағыттауға ықпал ететін контрмагнит-қалалар мен серіктестер қалыптастыру ұсынылады. Алматы агломерациясында мұндай контрмагниттер ретінде Қонаев қаласы, Ұзынағаш ауылы, Шымкент агломерациясында Түркістан және Тараз қалалары болады.

Агломерациялардың дамуы өңірде облыстар ішіндегі реттелмейтін көші-қонның төмендеуіне, өсу нүктелерінде халықтың біркелкі өсуіне ықпал етеді. Дамып келе жатқан серіктес қалалар мен контрмагниттер халықты агломерация ядросынан алыстатуға мүмкіндік береді. Әрбір облыста облыс орталықтары, перспективалы моно және шағын қалалар, тірек елді мекендер тартылыс нүктелері болып табылады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде агломерация орталықтарынан басқа, тез өсетін қалалар қатарына – облыс орталықтары: Тараз, Қызылорда, Талдықорған, Түркістан, Қонаев қалалары жатады.

Осы қалалардың айналасында маятниктік еңбек көші-қоны радиусында инженерлік желілермен, жолдармен және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақтарда жер учаскелерін құрылысқа бөлу қажет болатын ерекше қала құрылысын реттеу аймағын белгілеу ұсынылады.

36. Ішкі көші-қонның негізгі себептерінің бірі өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы, және, соның салдарынан моноқалалар мен шағын қалалардағы халықтың өмір сүру деңгейі болып табылады.

Моно- және шағын қалалардың проблемаларын шешу үшін қалалардың экономикалық әлеуеті мен ықтимал жаңа мамандандырылуын, жұмыс істейтін кәсіпорындардың өндірістік сыйымдылығын анықтау, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды қолдау қажет.

Шағын және моноқалаларды оңалтуға арналған бағыттардың бірі шикізат іргелес ауыл шаруашылығы құрылымдарынан жеткізілетін ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындар құру болып табылады. Моноқалаларды көлік және көлік-логистикалық тораптар ретінде дамыту да перспективалы болып табылады.

Шағын және орта қалаларда олардың ықпал ету аймағындағы осы қалалар мен ауылдық елді мекендерде халыққа қызмет көрсету деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік маңызы бар объектілерді орналастыру, олар өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашады және бұл жергілікті халықтың жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

37. Ауылдық қоныстандыру жүйесін жетілдіру ауылдық аумақтардың өндірістік, әлеуметтік және экологиялық функцияларын кеңейту, ауыл халқының өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін жағдайлар жасауды білдіреді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында айтып өтілгендей, өңірлік саясатты жетілдіру мәселесі бойынша "адамдар инфрақұрылымға" қағидатын сақтау аса маңызды болып табылады. Перспективалы ауылдарды дамытуға баса назар аударылады.

"Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18592 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 20 сәуірдегі № 29, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 164, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № ҚР ДСМ-50, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 243, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 113 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 25

сәуірдегі № 56/НҚ бірлескен бұйрығына сәйкес ауылдық елді мекендер үшін мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік, елді мекендердің көлік, мәдени-демалыс, спорттық, іскерлік, өндірістік, цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу көрсеткіштері айқындалды, оның ішінде:

ауылдық округтердің орталықтары үшін көрсеткіштер бойынша: жақын маңдағы ауылдардан балаларды тасымалдайтын жалпы білім беретін мектеп, мектепке дейінгі ұйым, амбулаториялық-емханалық және жедел медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары, мәдени-демалыс кешені, спорт алаңдары, аудан орталығына дейінгі қатты төсемді жол, электрмен жабдықтау, орталықтандырылған сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, байланыс қызметтерінің қолжетімділігі, өндірістік инфрақұрылым объектілері, пошта бөлімшесі, дәріханалар, дүкендер, " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы мамандарының баруы, әкімдік ғимаратындағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы, автостанция немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункті;

қалған ауылдық елді мекендер үшін көрсеткіштер бойынша: бастауыш мектеп немесе негізгі орта мектеп және (немесе) білім алушыларды таяудағы мектепке дейін және кері қарай тегін жеткізу, мектепке дейінгі ұйым, амбулаториялық-емханалық медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері, дәріханалар, электрмен жабдықтау, орталықтандырылған сумен жабдықтау, байланыс қызметтерінің қолжетімділігі, ауылдық округтің орталығына дейінгі қатты төсемі бар жол, автостанция немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункті.

38. Ауылдық елді мекендер жүйесін дамыту даму әлеуеті жоғары және орташа елді мекендерді, оның ішінде тірек ауылдық елді мекендерді дамытумен байланысты.

Ауылдық аумақтар мен ауылдық елді мекендердің даму перспективалары " Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамыту тұжырымдамасын 2023–2027 жылдарға арналған бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №270 қаулысына, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту тұжырымдамасын 2021–2030 жылдарға арналған бекіту туралы" 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №960 қаулысына өзара байланысты болуы тиіс.

Сонымен қатар, әлеуметтік игіліктерге қолжетімділіктің шектеулі болуы, жұмыстың маусымдылығы және еңбекақының төмен болуы мамандарды аграрлық сектордағы жұмысқа ынталандырмайды және қалаларға жаппай жылыстауға және агроөнеркәсіптік кешендегі білікті кәсіби кадрлардың тапшылығына ықпал етеді.

Халықтың кетуін азайту және ауылдық аумақтардың демографиялық жағдайын жақсарту үшін экономикалық қызметті дамытуға, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, өткізу нарықтары мен елді мекендерге көліктік қолжетімділікті кеңейтуге, мемлекеттік және коммерциялық қызметтер көрсету

орталықтарын құруға және дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыру ұсынылады.

Ауылдық аумақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ауылдық жерлерде бизнесті дамыту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу, жөндеу және реконструкциялау, тұрғын үй сатып алуға қаражат бөлу, жеңілдікті ипотека, еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығын ынталандыру жөніндегі міндеттер орындалады. Ауылдық жерлерде экономикалық өсу орталықтарын дамыту үшін мемлекеттік қолдау тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамытуға, ең алдымен тірек ауылдық елді мекендерге және әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары ауылдарға бағытталатын болады.

Қойылған міндеттерді іске асыру ауыл және қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға және алшақтықты қысқартуға, демек, ауыл шаруашылығы өндірісіне жас, жоғары білікті кадрларды тартуға, халықтың көші-қон ағынын азайтуға мүмкіндік береді.

2-параграф. Өндіргіш күштерді кешенді орналастыру шаралары

39. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін дамытудың негізгі алғышарттары Қытай, Өзбекстан және Қырғызстанның шекара маңындағы облыстарымен шекара маңы ынтымақтастығының мүмкіндіктері, ауыл шаруашылығын дамыту үшін қолайлы климаттық жағдайлардың болуы, бай минералдық-шикізат базасының болуы, дамыған өңдеу өнеркәсібі және дамыған көлік инфрақұрылымының болуы болып табылады.

Өңір аумағында өндіргіш күштерді орналастыруды перспективалық дамыту Six Sigma, Kaizen, Kanban және 5S ұқыпты өндіріс элементтерін енгізе отырып, белсенді индустрияландыруға баса назар аудара отырып, жүзеге асыру ұсынылады.

Бұл өңірдің орасан зор еңбек әлеуетіне, экономикадағы ауыл шаруашылығының басымдығына, халықтың төмен табысына және басқа да көптеген факторларға байланысты.

Жалпы өңірлік өнім (бұдан әрі – ЖӨӨ) деңгейін арттыру және өңірдің негізгі бәсекелестік артықшылықтарын іске асыру мақсатында өңіраралық байланыстарды және сабақтас өндірістер кооперациясын ұйымдастырудың тиімді нысаны болып табылатын бірқатар аумақтық-салалық кластерлерді қалыптастыру қажет.

Ұзақ мерзімді перспективада облыстардың Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі шеңберінде бірлесіп дамыту экономиканың, оның ішінде: ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің – 5,4 есе, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің – 4,8 есе, өнеркәсіптік өндіріс көлемінің – 4,4 есе өсуіне ықпал етеді деп болжанып отыр (Өңіраралық схемаға 3, 6, 7 қосымшалар).

40. Экономика салаларын перспективалы дамыту

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануын агроөнеркәсіптік кешенді, мұнай-химия, химия және фармацевтика

өнеркәсібін, құрылыс материалдары өнеркәсібін, машина жасауды, тау-кен металлургия кешенін, жеңіл өнеркәсіпті дамытуды қарқындату негізінде болжанады.

41. Азық-түлік өндірісі

Аграрлық мамандануды, ауыл шаруашылығын жүргізу үшін қолайлы табиғи-климаттық жағдайларды және өңірдің тұрақты өсіп келе жатқан халқын ескере отырып, перспективада тамақ өнеркәсібі орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада экономиканың жетекші саласы ретінде өзінің маңыздылығын сақтайды. Бұған сондай-ақ елдегі ең ірі тұтыну нарықтары және тұтастай алғанда, өңірдің тұрақты өсіп келе жатқан халқы Алматы және Шымкент агломерацияларының қарқынды қалыптасуы ықпал етеді.

Алматы және Шымкент қалаларында негізінен саланың жоғары технологиялық өндірістері шоғырландырылатын болады. Күрделі технологиялары жоқ және жоғары дағдыларды қажет етпейтін өндірістер қала маңындағы аймақтарға көшетін болады.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Алматы облысы

2030 жылға дейін:

жемістер мен көкөністерді өсіру, өңдеу және сақтау;

Қонаев қаласында ет өңдейтін зауыт салу;

Іле ауданында ұсақ малды бордақылау, сою және терең өңдеу жөніндегі ет комбинатын салу;

Қонаев қаласында тез дайындалатын кеспе өндірісі бойынша зауыт салу;

жемістерді тікелей сығу үшін шағын зауыт салу;

Алатау қаласында тұздалған тіскебасарларды өндіру бойынша зауыт салу;

бөтелкеге құйылған су өндірісі;

заманауи мал шаруашылығы кешенін салу;

басым ауыл шаруашылығы дақылдарының: қант қызылшасы, жүгері, картоп алқаптарын кеңейту пайдасына егіс алқаптарын әртараптандыру;

мал шаруашылығы саласын қамтамасыз ету мақсатында жемшөп базасын нығайту, табиғи жайылымдық жерлер мен шабындықтарды ұтымды пайдалану жөнінде шаралар қабылданатын болады;

ет бағытындағы құс фабрикасын салу;

Еңбекшіқазақ ауданында сүт кластерін құру;

Іле ауданында ет кластерін құру;

Еңбекшіқазақ ауданында жеміс көкөніс кластерін құру;

2040 жылға дейін:

облыс орталығында, облыстың моно- және шағын қалаларында жылжымалы машиналар мен стационарлық қондырғыларды пайдалана отырып және өнім сапасын өңдеу мен бақылаудың жаңа әдістерін және олардың биологиялық қасиеттерінің тұрақтылығын және тамақ шикізаты мен дайын өнімнің экологиялық қауіпсіздігін

қамтамасыз ету тәсілдерін пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы шикізаты мен өнімдерін терең өңдеу және сақтау технологияларын енгізу;

экологиялық қолайсыз және ластанған аудандардың балалары мен түрлі типтегі тұрғындарын қоса алғанда, халықтың жекелеген тұрақты топтары үшін жаппай тұтыну және емдеу-профилактикалық мақсаттағы тамақ өнімдерінің құрамын бағытталған өзгертумен тамақ өнімдерін өндірудің жаңа технологияларын енгізу;

2050 жылға қарай:

Табиғи ресурстар базасына нұқсан келтірмей өнімділікті арттыру үшін инновациялық жүйелерді әзірлеу және енгізу;

жер пайдалану мен су ресурстарын тұтынудың негізгі қорларын жаңғыртуға және жетілдіруге инвестициялар.

Жетісу облысы

2030 жылға дейін:

Панфилов ауданында түйе сүтінің құрғақ түрін өндіруді ұйымдастыру;

майлы дақылдарды қайта өңдеу жөніндегі өндірістерді ұйымдастыру (негізінен Алакөл, Көксу, Сарқан аудандарында және Талдықорған қаласында);

Көксу ауданында қант құмайын өсіру және оны терең өңдеу үшін агроөнеркәсіптік кешен құру;

жақын маңдағы аудандардың қатысуымен Талдықорған қаласында қайта өңдеу орталығы бар сүт, ет және жеміс-көкөніс кластерлерін құру;

2040 жылға дейін:

облыс орталығында, облыстың моно- және шағын қалаларында жылжымалы машиналар мен стационарлық қондырғыларды пайдалана отырып және өнім сапасын өңдеу мен бақылаудың жаңа әдістерін және олардың биологиялық қасиеттерінің тұрақтылығын және тамақ шикізаты мен дайын өнімнің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдерін пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы шикізаты мен өнімдерін терең өңдеу және сақтау технологияларын енгізу;

экологиялық қолайсыз және ластанған аудандардың балалары мен түрлі типтегі тұрғындарын қоса алғанда, халықтың жекелеген тұрақты топтары үшін жаппай тұтыну және емдеу-профилактикалық мақсаттағы тамақ өнімдерінің құрамын бағытталған өзгертумен тамақ өнімдерін өндірудің жаңа технологияларын енгізу;

жануарлардың өнімділік деңгейіне сәйкес берілген құрамы және экологиялық қауіпсіз қасиеттері бар мал шаруашылығына арналған құрама жемнің жаңа түрлерін өндіруге арналған ресурс үнемдеу технологиялары мен жабдықтарын енгізу;

ауыл шаруашылығы өндірісінде ресурс үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз көпфункционалды техникалық құралдарды енгізу (жерді өңдеу, дақылдарды жинау технологиялары, әртүрлі топырақ-климаттық жағдайларда жануарлардың тұқымдарын күтіп-бағу, азықтандыру жөніндегі технологиялық операцияларды автоматтандыру және цифрландыру және т. б.);

ауыл шаруашылығы өндірушілерін кооперативтерге кооперациялау процесін аяқтау ;

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы халықаралық трансұлттық компанияларды тарту;

2050 жылға дейін:

Табиғи ресурстар базасына нұқсан келтірмей өнімділікті арттыру үшін инновациялық жүйелерді әзірлеу және енгізу;

жер пайдалану мен су ресурстарын тұтынудың негізгі қорларын жаңғыртуға және жетілдіруге инвестициялар.

Жамбыл облысы

2030 жылға дейін:

Шу ауданында қант зауытын салу;

толық циклді құс фабрикасын салу;

Қордай ауданында форель шаруашылығын ұйымдастыру және консерві зауытын салу;

Байзақ ауданында бақша дақылдарын, жемістер мен көкөністерді өңдеуді ұйымдастыру;

Байзақ ауданында балық аулауды ұйымдастыру және консерві зауытын салу;

Жамбыл ауданында гипстен жасалған тағамдық қоспалар өндіруді ұйымдастыру;

жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық жаңғырту;

саладағы еңбек өнімділігін арттыру;

қайта өңдеу өндірістерін дамыту;

Жамбыл ауданында сүт кластерін құру;

Меркі ауданында ет кластерін одан әрі дамыту;

Шу ауданында жеміс-көкөніс кластерін құру;

2040 жылға дейін:

тамақ өнеркәсібі өнімдерінің экспортын дамыту;

қосылған құны жоғары азық-түлік өнімдерін өндіруді ұйымдастыру;

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) дамытуды қолдау;

сыртқы сауда байланыстары мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

өңірге ірі агроөнеркәсіптік өндірушілерді тарту;

2050 жылға дейін:

нарықтың жаңа сегменттерін дамыту (өнімдердің жаңа жоғары технологиялық түрлері);

экспортты қолдау.

Қызылорда облысы

2030 жылға дейін:

Жаңақорған ауданында томат пастасын шығару бойынша өндіріс ұйымдастыру;

Жаңақорған ауданында бройлер өсіру және тауық етін өңдеу бойынша құс фабрикасын салу;

Қызылорда қаласында нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру бойынша кешен салу;

Шиелі ауданында бақша дақылдарын, жемістер мен көкөністерді өнеркәсіптік өңдеу бойынша агроөнеркәсіптік кешен құру;

Қазалы ауданында ірі қара мал өсіру және сүт өңдеу зауытын салу;

сүт сарысу өндірісін ұйымдастыру;

Арал ауданында балық зауытын салу;

Арал ауданында балық кластерін құру;

2040 жылға дейін:

тамақ өнеркәсібіне және сусындар өндірісіне инвестиция салуға жағдай жасау және ынталандыру;

мемлекеттік қолдаудың ауқымды шаралары есебінен өндіріске инновациялық технологияларды енгізуді ынталандыру;

сала үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту;

өңірге ірі агрохолдингтерді тарту жөніндегі шараларды іске асыру;

2050 жылға дейін:

ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеу жөніндегі өндірістерді дамыту;

ҒЗТҚЖ қолдау;

тамақ өнеркәсібіндегі экспортқа бағдарланған өндірістерді қолдау (күріш, балық және басқалар).

Түркістан облысы

2030 жылға дейін:

жүгеріні терең өңдеу бойынша зауыт салу;

Сайрам ауданының Манкент ауылдық округінде сүт өнімдерін өндіретін зауыт салу

;

Сайрам ауданының Қарабұлақ ауылдық округінде ет өңдеу цехын салу;

Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округінде сүт-тауар фермасын құру;

Сарыағаш ауданы Қызылжар ауылдық округінде шұжық өнімдерін өндіру цехын салу;

Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округінде құс фабрикасын салу;

Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округіндегі ет өнімдерін қайта өңдеу цехын салу;

Сарыағаш ауданы Жібек жолы ауылдық округінде ет жартылай фабрикаттарын өндіру цехын салу;

Сарыағаш ауданының Дербісек, Қабыланбек, Жібек жолы, Жартытөбе, Ақжар, Қызылжар ауылдық округтеріндегі көкөністер мен жемістерді өңдеу цехтарын салу;

Сарыағаш ауданының Ақжар және Қызылжар ауылдық округтеріндегі шағын диірмендер ашу;

Сарыағаш ауданының Қызылжар, Жібек жолы, Жартытөбе ауылдық округтеріндегі шағын наубайханалар ашу;

Сарыағаш ауданының Қызылжар селолық округіндегі шағын май сығу цехтарын ашу;

Сарыағаш ауданының Қабыланбек, Жібек жолы, Жартытөбе, Ақжар, Қызылжар ауылдық округтеріндегі мал сою пункттерін ашу;

Төле би ауданының Көксәйек, Киелітас ауылдық округтеріндегі шағын диірмендер мен шағын наубайханалар ашу;

Төле би ауданы Көксәйек ауылдық округінде мал шаруашылығы өнімдерін (ет және сүт) қайта өңдеуді ұйымдастыру;

Төле би ауданының Киелітас ауылдық округінде дәнді дақылдарды, көкөністер мен жемістерді қайта өңдеу бойынша өндірістер ұйымдастыру;

Төле би ауданы Бірінші мамыр ауылдық округінде көкөністер мен жемістерді өңдеу цехын, диірмендер, шұжық цехын салу, сүт-тауар фермасын құру;

Түлкібас ауданының Түлкібас ауылдық округінде диірмен кешенін, консерві цехын салу;

Түлкібас ауданының Балықты ауылдық округіндегі ет өнімдерін қайта өңдеу цехын салу;

Түлкібас ауданының Балықты ауылдық округіндегі күркетауық етін өндіру жөніндегі ферма құру;

ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі қуаттарды жүктеу және ұлғайту;

ауыл шаруашылығын цифрландыру және автоматтандыру;

агроөнеркәсіптік кешен үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру;

тамақ өнеркәсібі өнімін, сусындар өндірісі саласын экспортқа жылжыту және позициялау;

тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының қуаттарын жүктеу;

Сайрам ауданында ет кластерін құру;

Сарыағаш ауданында жеміс-көкөніс кластерін құру;

2040 жылға дейін:

қайта өңдеу өндірістерінің тиімділігін арттыруды ынталандыру және оларды технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу;

өнімнің жаңа өнім сегменттерін бөлу, оларды дамыту жөніндегі шараларды іске асыру және өндірушілерді жаңадан құрылатын сегменттерге тарту;

өндірістерді, дистрибуция арналарын және басқару жүйелерін цифрлық трансформациялау;

жергілікті өндірушілерге "технологиялық артықшылық" беру мақсатында озық технологиялар трансферін қолдау;

2050 жылға дейін:

ҒЗТҚЖ қолдау;

экспорттық қызметті қолдау және ынталандыру;

саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру.

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

көкөністер мен жемістерді өңдеу бойынша цех салу;

сүт өңдеу цехын салу;

құрама жем өндіретін зауыт салу;

газдалған және газдалмаған сусындарды өндіру бойынша зауыт салу;

желатин өндіруді ұйымдастыру;

экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау шараларын және экспорттаушы-кәсіпорындарға экспорттық өнімді өндіретін кәсіпорындарға "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" және "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп шикізаттық емес экспорт көлемін ұлғайту бойынша шығындарды өтеу талаптарын түсіндіру бойынша бизнес-семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың технологияларын жаңарту және жаңғырту;

жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын қосымша жүктеу;

қайта өңдеу кәсіпорындарының қуатын ұлғайту;

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша "Бозарық" индустриялық аймағын құру;

"Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізінің бойында орналасқан көліктік-логистикалық аймақты дамыту;

тауар өткізгіш жүйені дамыту, оның ішінде көтерме-тарату орталығын (бұдан әрі – ТТО) салу;

2040 жылға дейін:

тамақ өнеркәсібіндегі инвестициялық жобаларды іске асыру үшін индустриялық аймақтарға инвесторларды тарту;

саланы цифрландыру және автоматтандыру;

функционалдық тамақ өнімдерін жасау жөніндегі жобалардың тік, сондай-ақ салааралық кооперациясын ынталандыру;

ғылыми әзірлемелер мен инновацияларды енгізуді қолдау;

еңбек өнімділігін арттыру;

азық-түлікті сақтау мен қайта өңдеудің мамандандырылған инфрақұрылымын, ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеу инфрақұрылымын дамытуды қолдау;

білім беру жүйесін дамыту есебінен саланың кадрлық әлеуетін дамыту;

жаңа өткізу арналарын жолға қою, экспортты ынталандыру;

2050 жылға дейін:

ғылымды қажетсінетін технологияларға негізделген жаңа бағыттарды дамыту және өндірістерді ұйымдастыру;

өндірістің инновациялық әдістерін жаңғыртуды және қолдануды қолдау;

агроөнеркәсіптік кешенде интеграциялық байланыстарды дамыту;

Алматы қаласы

2030 жылға дейін:

желатин және коллаген өндірісін ұйымдастыру;

био жем қоспалары мен тыңайтқыштар өндіретін зауыт салу;

қорғалған топырақта көкөніс өсіретін жылыжай кешенін салу;

нан-тоқаш және аспаздық бұйымдар, сондай-ақ жартылай фабрикаттар өндіретін зауыт салу;

салалық құжаттар шеңберінде саладағы инвестициялық жобаларды мемлекеттік қолдау және сүйемелдеу;

2040 жылға дейін:

еңбек өнімділігінің деңгейін арттыру;

сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту;

шетелдік технологияларды трансферттеу;

саланы цифрландыру;

2050 жылға дейін:

жаңа жоғары технологиялық өндірістерді құру;

халықаралық ынтымақтастық және сыртқы нарықтарға жылжыту;

ірі халықаралық компанияларды тарту.

42. Мұнай-химия және химия өнеркәсібі

Өңірде химия өнеркәсібін одан әрі дамыту үшін барлық алғышарттар бар. Бұл – ауқымды нарық, Алматы қаласына жақындық, жеткілікті дамыған ауыл шаруашылығы саласы және тағы басқалар.

Өңір үшін перспективалы бағыт органикалық химия өнімдерін өндіру, көміртек диоксидін, полимерлер, жуу құралдары негізіндегі бояулар мен лактар өндірісі болуы мүмкін.

Химия өнеркәсібінің жоғары технологиялылығын ескере отырып, өңір ҒЗТКЖ-ны, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті, жоғары оқу орындарымен байланысты, химия өнеркәсібін дамытуда іріктемелі тікелей шетелдік инвестицияларды қолдауға назар аударуы керек. Бұл өңірге химия өнеркәсібіндегі қосылған құн тізбегі бойынша жоғары жылжуға мүмкіндік береді. Ол үшін өңірге уәкілетті орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп мынадай шаралар қабылдау қажет:

Алматы және Талдықорған қалаларының жоғары оқу орындары, кәсіпорындары мен ғылыми орталықтары арасында "үш спираль" тетігін әзірлеу;

тікелей шетелдік инвесторлармен бірлескен кәсіпорындар құруды ынталандыру, сондай-ақ трансұлттық компанияларды (ТҰК) тарту.

Химия кешені кәсіпорындарының негізгі міндеті сыртқы нарықтарда бәсекеге түсуге, сондай-ақ жұмыскерлердің еңбекақы деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз ету болады. Химия кәсіпорындары индустрияландыру шеңберінде де, одан тыс та өнімнің қосылған құнын ұлғайтудың қазіргі әлеуетін пайдаланатын жаңа инновациялық және бәсекеге қабілетті өндірістерді құру бойынша жұмыс істейтін болады.

Саланы перспективалы дамыту химия өнеркәсібінде жаңа өндірістер құруға инвестициялар тартумен байланысты болады.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Алматы облысы

2030 жылға дейін:

жаңа өндірістерді құруға инвесторларды іздеу және тарту;

қолданыстағы және жоспарланатын индустриялық аймақтарды дамыту;

қолданыстағы кәсіпорындардың өнімділігін арттыру;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

2040 жылға дейін:

химия саласына кемінде екі ТҰК тарту;

қосылған құны жоғары жаңа өнім сегменттерін қалыптастыру, түпкілікті өнім өндіру;

2050 жылға дейін:

номенклатураны саралау, өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

кластерлеу және аралас салалардың пайда болуы үшін жағдайлар жасау, мысалы, тоқыма және тігін өнеркәсібі үшін жаңа технологиялар мен материалдар жасау;

өңірдің химиялық өндірістерін тамақ өнеркәсібімен және өзге де салалармен интеграциялау.

Жетісу облысы

2030 жылға дейін:

өнімнің жаңа түрлерін шығаруды игеру үшін химия өнеркәсібі саласындағы ғылыми ұйымдар мен өндірістік кәсіпорындар арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өнімділігін арттыру;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

2040 жылға дейін:

химия саласына кемінде екі ТҰК тарту;

Талдықорған қаласының жоғары оқу орындары, кәсіпорындары мен ғылыми орталықтары арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету есебінен ҒЗТҚЖ нәтижелерін коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау;

саладағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін және ҒЗТҚЖ-дағы белсенділікті арттыруды ынталандыру;

қосылған құны жоғары жаңа өнім сегменттерін қалыптастыру, түпкілікті өнім өндіру;

2050 жылға дейін:

номенклатураны саралау, өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

кластерлеу және аралас салалардың пайда болуы үшін жағдайлар жасау, мысалы, тоқыма және тігін өнеркәсібі үшін жаңа технологиялар мен материалдар жасау;

өңірдің химиялық өндірістерін тамақ өнеркәсібімен және өзге де салалармен интеграциялау.

Жамбыл облысы

2030 жылға дейін:

Сарысу ауданында минералды тыңайтқыштар өндіретін зауыт салу;

Сарысу ауданында кальций қосылған тұз өндіретін зауыт салу;

Тараз қаласында минералды тыңайтқыштар өндіретін зауыт салу;

Талас ауданында натрий цианиді мен аммоний сульфатының өндірісін кеңейту;

Қаратау қаласында натрий пероксодисульфатын өндіретін зауыт салу;

сутегі асқын тотығын өндіру бойынша зауыт салу;

лактау-бояу өнімдерін өндіруді ұйымдастыру;

2040 жылға дейін:

Шу ауданында, "Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағының аумағында химиялық кластер құру;

"Қазфосфат" базалық кәсіпорны шығаратын өнім шегін ұлғайту - төмен тоннажды химияның әлеуетті өнімінің спектрінің өсуі;

экспортты қолдау;

өнімнің жаңа түрлерін шығаруды игеру;

шағын және орта инновациялық компанияларды дамыту;

2050 жылға дейін: химиялық өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу бойынша жаңа технологияларды енгізу.

Қызылорда облысы

2030 жылға дейін:

кальций қосылған сода өндіретін зауыт салу;

Қызылорда төмен тоннажды мұнай өңдеу зауытын реконструкциялау;

Қызылорда қаласында молибден диоксиді ұнтағын молибден триоксидіне техникалық қайта бөлуді ұйымдастыратын өндірістік база салу;

натрий сутегікарбонатын (натрий бикарбонатын) өндіру;

сала кәсіпорындарының өнімділігін арттыру;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

2040 жылға дейін:

қосылған құны жоғары өнім өндіру жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру ;

импортты алмастыру әлеуеті бар жобаларды іске асыру;

халықаралық химиялық және мұнай-химия компанияларын тарту жөніндегі шараларды іске асыру;

халық тұтынатын тауарларды шығару үшін шикізат шығару жөніндегі өндірістерді ұйымдастыру;

кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту есебінен саланың кадрлық әлеуетін ұлғайту;

инновациялық өнім шығаратын шағын және орта кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау;

2050 жылға дейін:

халықаралық химиялық және мұнай-химия компанияларын тарту бойынша одан әрі жұмыс;

"жасыл" химияны дамыту;

ҒЗТҚЖ қолдау және инновациялық технологияларды енгізу;

экспортты қолдау.

Түркістан облысы

2030 жылға дейін:

Түлкібас ауданының Балықты ауылдық округінде өткір сода, поливинилхлорид (ПВХ) және цемент өндіру жөніндегі химиялық кешен салу;

Ордабасы ауданында мұнай өңдеу зауытын салу;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

жергілікті жоғары оқу орындарында және техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде мұнай-химия және химия саласындағы мамандықтарды енгізу;

2040 жылға дейін:

мұнай-химия өнімдерін өндірушілердің жергілікті шикізаты базасында аралас өндірістердің пайда болуы үшін жағдайлар жасау, оның ішінде халық тұтынатын тауарлар өнімдерін, автомобиль шиналары мен компоненттерін, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру және т. б;

инжинирингтік қызметтер сегментін дамыту;

мұнай-химия өнімдерінің, сондай-ақ оның негізінде өндірілген тауарлардың экспортын қолдау және ілгерілету;

инвестициялық ынталандыру жүйесін құру арқылы басым тауашаларға жаңа инвесторларды тарту;

2050 жылға дейін:

әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті инжиниринг орталығын құру.

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

полипропилен өндіретін зауыт салу (2-кезең);

вакуумдық түтіктер шығаратын зауыт салу;

диализаторлар мен гемодиализге арналған шығыс материалдарын өндіруді ұйымдастыру;

сутегі пероксидін өндіруді ұйымдастыру;

минералды, органикалық-минералды тыңайтқыштар өндіруді ұйымдастыру;

негізгі майларды өндіруді ұйымдастыру;

2040 жылға дейін:

Шымкент мұнай өңдеу зауытының базасында мұнай өңдеу және мұнай химиясы саласында жоғары технологиялық өндірістерді дамыту;

кадрлық әлеуетті дамыту;

саладағы инвестициялық жобаларды одан әрі қолдау;

халықаралық химиялық компанияларды тарту;

жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуды жүргізу;

мұнай-химия кластерін құру;

2050 жылға дейін:

жаңа бағыттарды дамыту және жаңа өндірістер құру;

кластерлік бастамаларды қолдау;

полимер өндірісін дамыту;

қаланың мұнай-химия өндірістерінің айналасында аралас салаларда шағын инновациялық кәсіпорындардың пайда болуы үшін ынталандырулар жасау.

Алматы қаласы

2030 жылға дейін:

негізгі қорлар мен технологияларды жаңғыртуға инвестициялар тарту;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

жұмыс күшінің дағдылары мен құзыреттерін дамыту;

2040 жылға дейін:

өндірістерде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

"жасыл" химия технологияларын енгізу, ең үздік қолжетімді техникаларды (бұдан әрі – YQT) енгізу;

жоғары қайта бөлуді дамыту;

2050 жылға дейін:

жаңа технологияларды, азық-түлік және процестік инновацияларды енгізу;
ірі шетелдік химиялық компанияларды тарту;
ҒЗТКЖ ынталандыру.

43. Фармацевтика өнеркәсібі

Фармацевтика саласын дамыту Алматы, Жамбыл облыстары мен Шымкент қаласының фармацевтикалық зауыттарының жобалық қуаттылығына шығу есебінен көзделеді.

Өнім сапасын арттыру, өндірістерді одан әрі жаңғырту және қажетті халықаралық сертификаттар алу бойынша шаралар кешенін қабылдау сала кәсіпорындарына сыртқы нарықтарға шығуға мүмкіндік береді.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Алматы облысы

2030 жылға дейін:

индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде қолдау шараларын іске асыру, атап айтқанда, өнімнің жаңа түрлерін игеру үшін жұмыс істеп тұрған фармацевтикалық препараттар өндірушілерді ынталандыру;

фармацевтика саласындағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін және ҒЗТКЖ-дағы белсенділікті арттыруды ынталандыру;

инновациялық және ғылыми-технологиялық инфрақұрылымды дамыту;

ғылыми ұйымдар, өндірістік кәсіпорындар және дәрілік өсімдіктерді жинау жөніндегі кәсіпорындар арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

дәрілік шөптерді өсіруді ынталандыру;

2040 жылға дейін:

өңірге халықаралық өндірушілерді тарту және халықаралық кооперация мен ынтымақтастықты дамыту;

өңірдің фармацевтикалық өнімін ішкі және сыртқы нарықтарда ілгерілету;

технологиялар трансфертін ескере отырып, жаңа өндірістер құру;

Іле ауданында фармацевтикалық кластер құру;

2050 жылға дейін:

өнімнің жаңа түрлерін ұйымдастыру және игеру, мысалы, биологиялық белсенді қоспалар, биологиялық препараттар, халал дәрілер және басқалар;

дәрілік препараттар мен медициналық жабдықтардың импортына тәуелділікті азайту.

медициналық препараттар мен технологиялар өндірісінің халықаралық желілеріне интеграцияланған орнықты және дамыған өңірлік инфрақұрылым құру.

Жамбыл облысы

2030 жылға дейін:

Қордай ауданында биофармацевтикалық зауыттың өндірістік цехын салу;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды жүргізу кезінде жергілікті қамту үлесін арттыру;

фармацевтика өнеркәсібін дамытуға коммерциялық банктердің қаржы қаражатын және басқа да бюджеттен тыс көздерді тарту;

2040 жылға дейін:

ҒЗТКЖ-ны қаржыландыру;

облыс аумағына халықаралық өндірушілерді тарту;

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды жүргізу кезінде жергілікті қамту үлесін арттыру;

технологиялар трансфертін ескере отырып, жаңа өндірістер құру үшін инвесторлар тарту;

2050 жылға дейін:

өнімнің жаңа түрлерін ұйымдастыру және игеру, мысалы, биологиялық белсенді қоспалар, биологиялық препараттар, халал дәрілер және басқалар;

дәрілік препараттар мен медициналық жабдықтардың импортына тәуелділікті азайту.

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

медициналық-фармацевтикалық кластерді қалыптастыру;

фармацевтика өнеркәсібінде кадрлық әлеуетті дамыту, кластердің қажеттіліктерін қанағаттандыру;

фармацевтика өнеркәсібіндегі жобаларды іске асыру үшін "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының және индустриялық аймақтардың аумағында инвесторларды тарту;

отандық тауарларды жылжыту үшін мемлекеттік сатып алуларда, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларында оффтейк-келісімшарттар жасасу;

экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау шараларын және экспорттаушы-кәсіпорындарға экспорттық өнімді өндіретін кәсіпорындарға "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" және "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп шикізаттық емес экспорт көлемін ұлғайту бойынша шығындарды өтеу талаптарын түсіндіру бойынша бизнес-семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

қайта бейіндеу және біліктілікті арттыру жүйесін дамыту;

инновациялық және ғылыми-технологиялық инфрақұрылымды дамыту;

инжинирингтік компаниялардың пайда болуы үшін ынталандырулар жасау;

2040 жылға дейін:

ҒЗТКЖ-ны ынталандыру;

өндірісті әртараптандыру;
медициналық және фармацевтикалық өнімнің сапасын арттыру;
қалаға халықаралық өндірушілерді тарту;
халықаралық кооперация мен ынтымақтастықты дамыту;
сала өнімін ішкі және сыртқы нарықтарға жылжыту.

2050 жылға дейін:

денсаулық сақтауды, биомедицинаны, жаңа технологияларды және медициналық білім беруді біріктіру үшін ынталандырулар жасау.

Алматы қаласы

2030 жылға дейін:

толық циклді заманауи фармацевтикалық өндірістерді құру;
дайын өнім мен медициналық бұйымдар шикізатының өз қоймасы бар зауыт салу;
ісікке қарсы препараттар өндіретін зауыт салу;
негізгі қорларды жаңғыртуға инвестициялар тарту;
қаланың фармацевтикалық компанияларымен бірлесіп ЖОО-лардың дуальды білім беру бағдарламаларын іске қосу;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

2040 жылға дейін:

ҒЗТКЖ-ны және инновацияларды енгізуді ынталандыру;

фармацевтика өнеркәсібінде жұмысшы кадрлардың дағдылары мен құзыреттерін дамыту;

саланың ірі кәсіпорындарының айналасында аралас шағын инновациялық өндірістер құру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

фармацевтикалық кластер құру;

2050 жылға дейін:

ірі трансұлттық фармацевтикалық компанияларды тарту;
өткізу нарықтарын жолға қою және өнімді экспорттау.

44. Құрылыс материалдары өнеркәсібі

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің өңдеуші өнеркәсібінің серпінді дамып келе жатқан салаларының бірі өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру болып табылады.

Құрылыс материалдарын өндіру экономиканы одан әрі әртараптандырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бұған кірпіш саздақтарының, кеңейтілген саз шикізатының, құм-қиыршықтас материалдарының, құрылыс тастарының, әк өндіруге арналған әктастардың бай кен орындарының және басқа кен орындарының болуы ықпал етеді.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Алматы облысы

2030 жылға дейін:

Қонаев қаласында плитка шығаратын зауыт салу;

Қонаев қаласында кірпіш зауытын салу;

Қонаев қаласында қаптамалы кірпіш өндіретін зауыт салу;

Қонаев қаласында үй құрылысы комбинатын салу;

Қонаев қаласында металл құрылыс конструкциялары мен бұйымдарын (арматура, бұрыштар, арна, катанка) өндіретін зауыт салу;

Іле ауданындағы шыны мақта өндіретін зауыт салу;

Іле ауданында газоблок өндіретін зауыт салу;

2040 жылға дейін:

Қонаев қаласында құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру;

облыс орталығы – Қонаев қаласында тұрғын үй құрылысын дамыту үшін құрылыс саласына жеке инвестициялар тарту;

құрылыс индустриясында өнім шығару көлемін ұлғайту және кооперациялық байланыстарды жолға қою;

2050 жылға дейін:

жаңа өндірістік және құрылыс технологияларын енгізу;

инновациялық материалдарды өндіру және құрылыста пайдалану және өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық құрылыс қызметтерін экспорттау.

Жетісу облысы

2030 жылға дейін:

Панфилов ауданында тауарлық бетон өндіретін зауыт салу;

Талдықорған қаласында керамикалық қаптамалы кірпіш өндіретін зауыт салу;

Талдықорған қаласында автоклавты газоблоктар өндірісі бойынша кешен құру;

Талдықорған қаласында керамикалық плиталар шығару бойынша өндірісті жаңғырту;

2040 жылға дейін:

жергілікті өндірушілердің өнімдерін экспорттауға жәрдемдесу;

жаңа технологияларды енгізу бойынша бизнесті ынталандыру;

шетелдік инвестицияларды тарту үшін ынталандырулар жасау;

құрылыс материалдарын (цемент, бентонит ұнтақтары, жылу оқшаулағыш материалдар, гипс және т. б.) шығару бойынша жаңа ресурс - және энергия үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз өндірістер құру;

2050 жылға дейін:

жаңа өндірістік және құрылыс технологияларын енгізу;

ішкі және сыртқы нарықтарда сала өнімін ілгерілету.

Жамбыл облысы

2030 жылға дейін:

гипстен жасалған құрылыс материалдарын өндіруді ұйымдастыру;

"Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағының аумағында құрылыс материалдарын (құрылыстағы ағып кету проблемаларын шешуге арналған инъекциялық ерітінділер, көбік, изопласт, монолитті көбік бетон, түрлі-түсті жылудан қорғайтын кірпіш, бетонға арналған суперпластификаторлар, биологиялық ыдырайтын полимерлер, пластикалық құбырлар және т. б.) өндіруді ұйымдастыру;

2040 жылға дейін:

Тараз қаласында құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру;

доломит, мәрмәр және әктас өндіру үшін тау-кен химия шикізатын өндірудің ілесіп материалдары мен қалдықтарын қайта өңдеуді ұйымдастыру;

инвестициялық, инновациялық және ғылыми (ғылыми-техникалық) қызмет, өндірістік кооперация субъектілері арасында алмасуды дамыту үшін жағдайлар жасау;

бизнес субъектілерінің инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қажетті қаржы ресурстарына қолжетімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру;

2050 жылға дейін:

технологиялық инновацияларды жүзеге асыратын ұйымдар санын арттыру;

құрылыс материалдарын шығару бойынша жоғары технологиялық өндірістер құруды ынталандыру.

Қызылорда облысы

2030 жылға дейін:

асфальтбетон өндіретін зауыт салу;

айналар шығару бойынша жоғары технологиялық өндірісті салу;

Шиелі ауданында әк және құрғақ құрылыс қоспаларын өндіруді ұйымдастыру;

цемент зауытын салу;

кірпіш шығаратын зауыт салу;

бірінші сұрыпты сөндірілмеген әк өндіру бойынша ағынды желіні салу;

кәсіпорындарды орналастыру үшін аудандарда және Қызылорда қаласында индустриялық аймақтар мен өнеркәсіптік алаңдарды дамыту және оларды инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

2040 жылға дейін:

Қызылорда қаласында құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру;

индустриялық және өнеркәсіптік аймақтарды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды толық аяқтау;

облыстың индустриялық және өнеркәсіптік аймақтарына резиденттерді тарту;

облыстың көлік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" дәлізінің әлеуетін пайдалану;

сала кәсіпорындарын қолдау жөніндегі жұмысты жалғастыру;

саланы кадрлық қамтамасыз ету;

2050 жылға дейін:

инновациялық өндірістерді қолдау;

өнім экспортын қолдауды күшейту;

тау кен өнеркәсібі қалдықтары мен тас өңдеу қалдықтарын қайта өңдеу және т.б. негізінде шатыр және жылыту материалдары өндірісін дамытуды қолдау.

Түркістан облысы

2030 жылға дейін:

Ордабасы ауданындағы автоклавты ұялы бетоннан газоблоктар шығаратын зауыт салу;

Түркістан қаласында қаптама тастарын өндіруді ұйымдастыру;

Түркістан қаласында кірпіш зауытын өндіруді ұйымдастыру;

Түркістан қаласында құрғақ химиялық қоспаларды өндіруді ұйымдастыру;

Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округінде асфальтбетон қоспасын өндіруді ұйымдастыру;

Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округінде металл пластик терезелер мен есіктер өндіруді ұйымдастыру;

Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округінде метал бұйымдарын өндіруді ұйымдастыру;

Сарыағаш ауданы Қызылжар ауылдық округінде асфальтбетон өндіруді ұйымдастыру;

Сарыағаш ауданы Жартытөбе ауылдық округінде кірпіштер мен жабынқыш өндіруді ұйымдастыру;

2040 жылға дейін:

Түлкібас ауданында құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру;

құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары өндірісін дамытудың басым бағыттарын іске асыру, олардың ассортиментін кеңейту, тұтыну қасиеттерін жақсарту және нарықты заманауи, жоғары сапалы, бәсекеге қабілетті өніммен қанықтыру үшін жағдайлар жасау;

өндірістердің техникалық деңгейін арттыруға, әлемнің жетекші елдерінде өнеркәсіптің ұқсас өндірістен технологиялық артта қалуын еңсеруге және бәсекеге қабілетті өнімнің өркениетті нарығын құруға бағытталған құрылыс материалдары өнеркәсібі кәсіпорындарын және аралас өндірістік кешендерді экономикалық ынталандыру шараларының кешенін қалыптастыру;

өндірістік технологиялық процестердің, құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі Жабдықтарды пайдаланудың экологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

тасымалдарды маршруттау деңгейін арттыру және оларды жеткізу, шамадан тыс тиеу және сақтау схемаларын оңтайландыру мақсатында құрылыс материалдарын

жаппай тиеу (түсіру) орындарында заманауи мамандандырылған терминалдар мен логистикалық орталықтар құру;

құрылыс материалдары өнеркәсібі үшін шикізат базасын молайту көлемін арттыру мақсатында геологиялық зерттеулерді ынталандыру;

қажеттіліктерді, шикізат және өндірістік базаның болуын ескере отырып, өңірлік және өңіраралық маңызы бар құрылыс материалдарының негізгі түрлерін өндіру жөніндегі жобаларды аумақтық орналастыруды оңтайландыру және үйлестіру;

2050 жылға дейін:

салалық ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық базаны дамыту, құрылыс материалдары өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін арттыру, ғылымды қажетсінетін әзірлемелердің бірыңғай базасын құру үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз ету;

жоғары тиімді наномодификацияланған құрылыс композиттерін алу технологиясының ғылыми негіздерін әзірлеуді қамтамасыз ету;

өнеркәсіп кәсіпорындарында құрылыс материалдарын ғылыми әзірлемелерді энергия тиімді жабдықтар өндірісі бойынша жоғары технологиялық машина жасау жабдықтарын енгізуді қамтамасыз ету;

инновациялық әзірлемелер саласына жеке инвестициялар мен жаңа ғылыми кадрларды тарту үшін жағдайлар жасау.

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

арнайы экономикалық аймаққа және индустриялық аймақтарға инвесторларды тарту;

гиперпресстелген кірпіш өндіру цехының қызметін ұйымдастыру;

ірі көлемді керамикалық плиткалар шығаратын зауыт салу;

санфаянс өндіретін зауыт салу;

газ блоктарын шығаратын зауыт салу;

ПВХ-дан ішкі және сыртқы кәріз жүйелерін және үйлерге арналған жаңбыр суағарлары жүйесін өндіруді ұйымдастыру;

металл конструкцияларды өндіруді ұйымдастыру;

автоклавты газбетон өндіру бойынша зауыт салу;

3D панельдер өндірісін ұйымдастыру;

2040 жылға дейін:

құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру;

қолданыстағы техникалық қайта жарактандыру және жаңғырту, сондай-ақ құрылыс материалдарын өндіру саласында жаңа энергия және ресурс үнемдейтін, экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсіз өндірістер құру;

мамандарды даярлау және технологияларды коммерцияландыру құзыреті орталықтарын құру;

құрылыс саласының кәсіпорындарымен тығыз байланыста жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің базасында құрылыс саласы үшін мамандар даярлау орталықтарын құруға жәрдемдесу;

құрылыс материалдарын жаппай тиеу (түсіру) орындарында заманауи мамандандырылған терминалдар мен логистикалық орталықтар құру;

2050 жылға дейін:

шағын ғылымды қажет ететін өндірістер үшін жағдай жасау;

өндірістік инфрақұрылымды кеңейту;

құрылыс материалдарын өндіруде жаңа тауашаларды игеру және экспортты қолдау.

Алматы қаласы

2030 жылға дейін:

қолданыстағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарын жаңғырту, ескі өндірістерді жаңа экологиялық таза өндірістермен алмастыру;

экспортқа бағдарланған жаңа кәсіпорындарды іске қосу арқылы индустриялық аймақты толтыру;

минералмақта плиталар мен металл парақтардан жасалған сэндвич-панельдер шығаратын зауыт салу;

пластикалық профильдер мен терезе тақталарын, пластикалық жабдықтар мен көбіктенген тақталар шығаратын зауыт салу;

шыныпакеттерге арналған аксессуарларларды өндіретін зауыт салу;

композиттік талшықтан жасалған шыны талшық және арматура өндіретін зауыт салу;

құрылыс материалдары мен автоклавты газоблоктар өндіретін зауыт салу;

толық циклді темірбетон бұйымдарын өндіретін зауыт салу;

лак-бояу өнімдерін шығаратын зауыт салу;

минералмақта плиталары мен базальт жыныстарының төсеніштерін шығаратын зауыт салу;

газоблоктар, бетон және темірбетон бұйымдарын өндіретін зауыт салу;

металл тосқауыл қоршауларын, көпір және жол топтарын шығаратын зауыт салу;

металл конструкциялар мен полиэтилен құбырларын өндіру бойынша өнеркәсіптік кешен салу;

арматураланған тор, кварц агломераты және профильді құбырлар шығаратын зауыт салу;

2040 жылға дейін:

экологиялық таза құрылыс материалдарын өндіруді ынталандыру;

қосылған құны жоғары өнімдерді өндіруге бағдарлану;

құрылыс материалдарын өндіру саласына инвестициялар тарту;

кадрларды қайта оқыту жүйесін дамыту есебінен саланың кадрлық әлеуетін дамыту;

өнеркәсіптік кооперацияны дамыту;

2050 жылға дейін:

ғылыми эзірлемелерді ынталандыру және инновацияларды енгізу;

өнім экспортын қолдау;

ғылымды қажет ететін заманауи өндірістерді құру.

45. Машинажасау

Саланың одан әрі дамуы автомобиль өндірісін оқшаулау үлесінің артуымен, жоғары вольтты, төмен вольтты және стандартты емес электротехникалық жабдықтардың кең спектрін өндірумен байланысты .

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі машина жасаудың негізгі бағыты орта мерзімді перспективада электротехникалық машина жасау, автомобиль жасау, теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрамға қызмет көрсету, машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату, LED жарықтандырудың тракторлары мен жарықдиодты аспаптарын құрастыру, ауыл шаруашылығы техникасы мен тіркеме жабдығын өндіру болады

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Алматы облысы:

2030 жылға дейін:

Қонаев қаласында сорғы жабдығын, құбыр арматурасын өндіру және асинхронды электр қозғалтқыштарын шығаратын зауыт салу;

Қонаев қаласында ауыл шаруашылығы техникасын жинау бойынша зауыт салу;

Қонаев қаласында төрттағанды крандарды жинау бойынша зауыт салу;

Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

автомобиль жасау саласы үшін жиынтықтауыштар мен бөлшектерді шығару бойынша қосалқы өндірістер желісін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;

машина жасау саласы үшін кадрлар даярлау орталықтарын дамыту;

2040 жылға дейін:

технологиялық автоқұрамдауыштар өндірісін дамыту үшін жағдайлар жасау;

инновациялық қызметті ынталандыру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдау және машина жасау саласында жаңа технологияларды енгізу;

индустриялық аймақтарда өндірістік инфрақұрылымды дамыту;

2050 жылға дейін:

электромобильдер үшін электротехникалық өнім шығару жөніндегі өндірістерді ұйымдастыруға инвестициялар тарту;

халықаралық компанияларды тарту және өндірістерді оқшаулау.

Жетісу облысы

2030 жылға дейін:

Талдықорған қаласында стационарлық батареялар зауытын салу;

Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде машина жасау саласында мемлекеттік қолдау шараларын белсенді іске асыру;

автомобиль жасау саласы үшін жиынтықтауыштар мен бөлшектерді шығару бойынша қосалқы өндірістер желісін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;

машина жасау саласы үшін кадрлар даярлау орталықтарын дамыту;

2040 жылға дейін:

технологиялық автокомпоненттер өндірісін дамыту үшін жағдайлар жасау;

инновациялық қызметті ынталандыру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдау және машина жасау саласында жаңа технологияларды енгізу;

индустриялық аймақта өндірістік инфрақұрылымды дамыту;

2050 жылға дейін:

жақын болашақта электромобильдер өндірісі, оның ішінде көршілес Қытайда да жаппай дамиды. Көксу кен орнын игеру және мыс өндірісін құру басталған кезде өңірде электротехникалық өнім шығаруды жолға қою, халықаралық компанияларды тарту және өндірістерді оқшаулау мүмкіндігі пайда болады.

Түркістан облысы

2030 жылға дейін:

"Turan" арнайы экономикалық аймағы аумағында жаңа өндірістер құру;

мыс және алюминий сымдарын, транспозицияланған мыс орау сымдарын, ПВХ оқшаулағышы бар төмен вольтты сымдарды өндіруді ұйымдастыру;

құрғақ трансформаторлар үшін орама өндіруді ұйымдастыру;

электр газ оқшаулағышы бар ток пен кернеуді өлшеу трансформаторларын өндіруді ұйымдастыру;

өлшеуіш трансформаторларын өндіруді ұйымдастыру;

облыстың техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен ЖОО базасында машина жасау мамандықтарын енгізу және жетілдіру негізінде жұмыс күшінің дағдылары мен құзыреттерін дамыту;

Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

тау-кен металлургия кешеніне арналған ауыр жабдықтарды өндіретін зауыт салу;

арнайы техниканың жинайтын цех салу;

2040 жылға дейін:

саланы дамытуға инвестицияларды тарту;

экспортты қолдау және сату арналарын жолға қою;

ҒЗТКЖ қолдау және инновацияларды енгізу;

ірі шетелдік компанияларды тарту және өндірісті оқшаулау;

өңір саласының кәсіпорындары арасында да, аралас салалардың кәсіпорындары арасында да кооперациялық байланыстарды нығайту;

2050 жылға дейін:

ассортиментті кеңейту;

халықаралық нарыққа шығу.

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

кернеу сыныбы 110, 220 және 500 кВ болатын күштік трансформаторларды өндіретін зауыт салу (2-ші кезек);

алюминий жылыту радиаторларын шығаратын зауыт салу;

экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау шараларын және экспорттаушы-кәсіпорындарға экспорттық өнімді өндіретін кәсіпорындарға "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" және "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп шикізаттық емес экспорт көлемін ұлғайту бойынша шығындарды өтеу талаптарын түсіндіру бойынша бизнес-семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

проблемалық мәселелердің тізбесін қалыптастыру және оларды экспорт мәселелері жөніндегі өңірлік кеңестің отырыстарына енгізу;

қаланың машина жасау кәсіпорындарын технологиялық жаңартуға инвестициялар тарту;

саланы цифрландыру және автоматтандыру;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

жергілікті жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің базасында индустриялық-инновациялық мамандықтарды енгізу жөнінде шаралар қабылдау;

2040 жылға дейін:

ауыл шаруашылығы әлеуетін ескере отырып, ауыл шаруашылығы машина жасаудағы жобаларды ынталандыру және қолдау;

Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде медициналық жабдықтарды, жеңіл өнеркәсіпке арналған машиналар мен жабдықтарды шығару бойынша өндірістер құру бойынша мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

Электр жабдықтарын өндіруде әлеуетті одан әрі күшейту;

машина жасаудағы кадрлардың дағдылары мен құзыреттерін дамыту;

ҒЗТКЖ ынталандыру және ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін енгізу;

қаланың машина жасау кәсіпорындарының базасында машина жасауда құзыреттілік орталығын құру;

2050 жылға дейін:

өнімнің жаңа инновациялық түрлерін, оның ішінде станок жасауда, медициналық жабдықтар өндірісінде, ауыл шаруашылығы машиналарын жасауда игеру.

Алматы қаласы

2030 жылға дейін:

ауыр машина жасау зауытын салу;

күн панельдерін шығаратын зауыт салу;

Changan, Chery, Haval жеңіл автомобильдерін шығаратын мультибрендтік зауыт салу;

Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

кәсіпорындардың негізгі қорларын жаңғыртуға, жаңа технологияларды, азық-түлік және процестік инновацияларды енгізуге инвестициялар тарту;

технологиялық процесстерді дамыту;

қазіргі заманғы өндірістік инфрақұрылымды дамыту;

инжинирингтік орталықты дамыту;

жергілікті автомобиль компоненттерін өндірушілерді ынталандыру және қолдау;

кадрларды дайындау жүйесін дамыту;

2040 жылға дейін:

машина жасау кластерін құру;

технологиялық автокомпоненттер өндірісін дамыту;

Hyundai автокомпоненттерін шығаратын зауыт салу;

ҒЗТКЖ қолдау және сала кәсіпорындарында жаңа технологияларды енгізу;

жақын шетелге автомобильдер экспорты;

2050 жылға дейін:

электрондық компоненттер мен компьютерлік жабдықтар өндірісін құруды қолдау;

электромобильдерге арналған батареялар шығару өндірістерін құру;

инновациялық инфрақұрылымды дамыту.

46. Жеңіл өнеркәсіп

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің жеңіл өнеркәсібін дамыту әлеуеті тоқыма және былғары өнімдерімен байланысты болады.

Қолда бар шикізат базасы мен өндірістік әлеуетке сүйене отырып, жүн мата өндірісін құру, облыстарында тігін және былғары өндірісін ұлғайту жолымен жеңіл өнеркәсіп кластерлерін қалыптастыру саланы дамытудың перспективалы бағыттары болады.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Алматы облысы

2030 жылға дейін:

Талғар ауданында киім өндірісін одан әрі дамыту;

қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

2040 жылға дейін:

озық технологияларды енгізу және бәсекеге қабілетті ғылымды қажетсінетін өнім шығаруды игеру;

Түркиядан, Қытайдан, сондай-ақ Өзбекстаннан стратегиялық серіктестер мен инвесторларды тарту;

цифрландыру және цифрлық баспа түрлеріне көшу;

2050 жылға дейін:

тоқыма және тігін өндірісі кәсіпорындарының сыни массасын оқшаулау;

жасанды шикізатпен (химиялық талшықтар, полиэфир талшықтары және т. б.) жұмыс істейтін кәсіпорындардың жаңа буынын құру;

өнімнің жаңа түрлерін, мысалы, медициналық тоқыма және т. б. шығару бойынша өндірістер құру.

Жамбыл облысы

2030 жылға дейін:

қолданыстағы өндірістерді технологиялық жаңғырту және жаңарту;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

сатып алулардағы жергілікті қамту үлесін ұлғайту;

еңбек өнімділігін арттыру;

тігінен-интеграцияланған өндіріс құру мақсатында, яғни асыл тұқымды мал басын сатып алудан, жұқа жүн өндіруден бастап жоғары сапалы дайын өнім шығаруға дейін өндірушілердің, агроөнеркәсіптік кәсіпорындар мен шаруа қожалықтарының кооперациялық байланыстарын жолға қою;

өңірдің иіру өндірістерінің шикізат базасын дамытуды ынталандыру: облыс аудандарында (Байзақ, Жамбыл, Жуалы, Қордай, Меркі, Шу, Т. Рысқұлов) жұқа жүнді қой шаруашылығын дамыту, асыл тұқымды мал басын сатып алу;

өндірушілерден шикізат сатып алуды қаржыландыру жүйесін құру;

айналым қаражатын толықтыруға, тарифтік және тарифтік емес жеңілдіктер беруге мемлекеттік қолдау көрсету;

Тараз қаласында жеңіл өнеркәсіп кластерін құру;

2040 жылға дейін:

"ПОШ-Тараз фабрикасы", облыстың агроөнеркәсіптік кәсіпорындары мен шаруа және фермер қожалықтарының қатысуымен тігінен интеграцияланған тізбек құру;

жүн мен тері өндіру;

ішкі нарықты меншік өніммен қанықтыру;

теріні қайта өңдеу бойынша өндіріс құру;

саланы цифрландыру;

2050 жылға дейін:

дайын киім өндірісін ұйымдастыру.

Қызылорда облысы

2030 жылға дейін:

Қызылорда қаласында түйе жүнін өңдеу цехын және көрпе өндіру цехын салу;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шаралары есебінен жеңіл өнеркәсіпте өндірістер құруды ынталандыру;

жеңіл өнеркәсіп саласында облыс кадрларын даярлау жүйесін күшейту;

2040 жылға дейін:

жүнді, былғарыны және т. б. бастапқы өңдеу бойынша өндірістер құру;

былғары-галантерея тауарларын, киім-кешек, аяқ киім және т. б. өндіруді ұйымдастыру;

2050 жылға дейін:

жеңіл өнеркәсіп өнімдерін шағын сериялы өндіру бойынша шағын кәсіпорындарды қолдау;

колөнерді дамытуды және кәдесый өнімдерін өндіруді қолдау.

Түркістан облысы

2030 жылға дейін:

Төле би ауданы Ленгір қаласында жаңа тігін фабрикасын салу;

Мақтаарал ауданында тоқыма фабрикасын салу;

Сарыағаш ауданы Қызылжар ауылдық округіндегі жүн мен былғарыдан жасалған бұйымдарды өңдеу және дайындау цехын салу;

Сарыағаш ауданы Жартытөбе ауылдық округінде тоқыма бұйымдарын өндіруді ұйымдастыру (тігін цехы);

Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округінде жүннен және былғарыдан жасалған бұйымдарды қабылдау, қайта өңдеу және дайындау цехын салу;

Сарыағаш ауданының Дербісек ауылдық округінде жүннен және былғарыдан жасалған бұйымдарды өңдеу және дайындау;

Төле би ауданының Көксәйек ауылдық округінде жүннен және былғарыдан бұйымдар дайындайтын өндіріс ұйымдастыру;

Түркістан қаласында мақта-тоқыма кластерін құру;

Түркістан қаласы мен Түркістан облысының аумағында орналасқан агроөнеркәсіптік кәсіпорындардың негізгі қорларын жаңғыртуға инвестициялар тарту; саланы цифрландыру және автоматтандыру;

мақта-тоқыма бағытындағы кәсіптердің беделін арттыру және ауылдық жерлерде жұмыспен қамту;

кластерге қатысушы компаниялардың, Түркістан қаласы мен Түркістан облысының жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің өкілдерімен дуальды білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

тоқыма және тігін өнеркәсібіндегі жұмыс күшінің құзыреттілік деңгейін арттыру;

2040 жылға дейін:

мақта-тоқыма өндірісінде инновацияларды қолдануды ынталандыру, бәсекеге қабілетті өндірістер құру;

агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарын мақта шикізатын қайта өңдеу саласындағы инновацияларды пайдалануға ынталандыру тетіктерін әзірлеу;

мақта-тоқыма кластерінің инвестициялық тартымдылығын арттыру;

Түркістан қаласы мен Түркістан облысының аумағында орналасқан агроөнеркәсіптік кәсіпорындардың негізгі қорларын жаңғыртуға инвестициялар тарту;

2050 жылға дейін:

экспортқа бағдарланған ірі халықаралық компанияларды тарту;

сала өнімдерінің ассортиментін кеңейту;

шикізатпен қамтамасыз етуде импортты толық алмастыру;

жаңа бағыттарды, оның ішінде синтетикалық талшықтар өндірісін дамыту және игеру.

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының аумағында, оның ішінде шетелдік инвесторлардың қатысуымен жобаларды іске асыру;

экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау шараларын және экспорттаушы-кәсіпорындарға экспорттық өнімді өндіретін кәсіпорындарға "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" және "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп шикізаттық емес экспорт көлемін ұлғайту бойынша шығындарды өтеу талаптарын түсіндіру бойынша бизнес-семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

жүн өндіретін цехтар салу;

аяқ киім өндірісін ұйымдастыру;

кілемдер мен кілем бұйымдар өндірісін ұйымдастыру;

мақта-мата, қоспалық және киімдік маталар өндірісін ұйымдастыру;

тоқыма кластерін дамыту;

жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың технологияларын жаңарту және жаңғырту, тоқтап тұрған өндірістерді қайта іске қосу;

жеңіл өнеркәсіпте цифрлық технологиялық платформаларды қалыптастыру;

2040 жылға дейін:

жұмыс күшінің дағдыларын дамыту;

озық технологияларды енгізу және бәсекеге қабілетті ғылымды қажетсінетін өнім шығаруды игеру;

өңірішілік және өңіраралық ғылыми-техникалық және өндірістік кооперацияны дамыту;

стратегиялық әріптестер мен инвесторларды тарту;

2050 жылға дейін:

жаңа бағыттарды игеру мен экспортты қолдау;

импортты алмастыруды қолдау.

Алматы қаласы

2030 жылға дейін:

тоқыма саласының негізгі қорларын жаңартуға инвестициялар тарту;

салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шаралары есебінен жеңіл өнеркәсіпте өндірістер құруды ынталандыру;

киім, тоқыма және аяқ киім өндірісін жергіліктендіру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

халықаралық брендтер үшін келісімшарттық өндірушілерді дамыту үшін жағдайлар жасау;

толық технологиялық тізбекті аяқ киім өндірісіндегі тік интеграцияны қолдау;

жеңіл өнеркәсіп үшін кадрлар даярлау мақсатында жергілікті оқу орындарының базасында жаңа заманауи мамандықтарды дамыту;

2040 жылға дейін:

жергілікті өндірушілерді қаржылай және қаржылай емес қолдау;

жеңіл өнеркәсіпте жаңа өндірістер құру үшін жаңа инвесторлар тарту;

ҒЗТКЖ ынталандыру және технологиялар трансферті;

мамандандырылған инфрақұрылымды дамыту;

2050 жылға дейін:

инновациялық өндірістерді құру (жасанды және синтетикалық талшықтарды және т.б. өндіру);

өнімнің жаңа түрлерін игеру есебінен өнім ассортиментін кеңейту;

экспортты қолдау.

47. Тау-кен металлургия кешені

Саланы дамытудың негізгі міндеті жоғары технологиялық өнім өндірісінің өсуін және оның сыртқы нарықтарға экспортын кеңейтуді, сондай-ақ ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін қосылған құны жоғары өнім шығарумен байланысты металлургия өнеркәсібінің жаңа қайта өңдеу өндірістерін кезең-кезеңімен құру болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің тау-кен-металлургия кешенін дамыту перспективалары өңірдің қолда бар минералдық-шикізат базасын игеруге байланысты болады.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Алматы облысы

2030 жылға дейін:

алтын өндіру фабрикасының құрылысы;

металл илемдеу зауытын салу;

2040 жылға дейін:

облыстың алтын кен орындарының базасында зергерлік өнеркәсіпті дамыту (Ақтас, Шығыс Қатутау, Далабай, Шөлқызыл және басқа кен орындары);

тау-кен металлургия кешенінде қайта өңдеу буынына және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға баса назар аудару;

2050 жылға дейін:

жоғары қайта бөлу өнімдерін шығару бойынша өндірістерді ұйымдастыру;

"қиын" кендерді өңдеу, өнеркәсіптік қалдықтар мен қалдық қоймаларын өңдеу үшін жаңа буын кәсіпорындарын құру;

бағалы, асыл және сирек металдарды кез келген көздерден, оның ішінде пайдаланылған қалдықтардан, үйінді жыныстардан және сынықтардан алу үшін жаңа буын кәсіпорындарын құру.

Жетісу облысы

2030 жылға дейін:

Кербұлақ ауданындағы Көксай кен орнында мыс өндіруді ұйымдастыру;

мысты қайта өңдеу және байыту бойынша металлургия комбинатын салу;

Текелі металлургия зауытын салу;

2040 жылға дейін:

облыстың алтын кен орындарының базасында зергерлік өнеркәсіпті дамыту;

тау-кен металлургия кешенінде қайта өңдеу буынына және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға баса назар аудару;

2050 жылға дейін:

бағалы, асыл және сирек металдарды кез келген көздерден, оның ішінде пайдаланылған қалдықтардан, үйінді жыныстардан және сынықтардан алу үшін жаңа буын кәсіпорындарын құру.

Жамбыл облысы

2030 жылға дейін:

"Тараз" индустриялық аймағында қара металды балқыту, квадрат дайындамаларды шығару және жұқа табакты мырышталған болат пен полимерлі қапталған болат өндіру бойынша металлургиялық зауыт салу;

Мойынқұм ауданының Мыңарал кен орнында құрамында алтын бар кенді өндіру және байыту жөніндегі зауыт салу;

Мойынқұм ауданында құрамында алтын бар кендерді өндіруді ұйымдастыру (Ақбақай, Карьерное, Светинское, Ақсақал, Алтынтас, Бескембір, Кенжем кен орындары);

Қордай ауданында Көгадыр VI кен орнына құрамында алтын бар кендерді өндіруді ұйымдастыру;

тау кен-металлургия комбинатын салу және алтын кен орындарын игеру;

"Синьчуньсин" (Қазақстан) қорғасын-қышқылды аккумуляторлар қалдықтарын қайта өңдеу зауытын салу және қорғасын құймалары мен қорытпаларын өндіру;

Жуалы ауданында "Иірсу" темір-мыс кен орны базасында тау-кен металлургия кешенін салу;

Шу ауданында мыс кенін өндіретін фабрика салу;

Мойынқұм ауданында қорғасыны бар кендерді өндіретін зауыт салу;

Қордай ауданында Доре қорытпасын шығару бойынша алтын өндіру фабрикасын салу;

Жуалы ауданында ванадий және полиметалдар өндірісін құру;

Қордай ауданындағы Гагарин кен орнында тау-кен байыту фабрикасын (кеніш, алтын өндіру фабрикасы) салу;

Қордай ауданында флюорит кендерін байыту жөніндегі кәсіпорын салу;

Мойынқұм ауданында Доре қорытпасын өндіру бойынша заманауи тау-кен өндіру кешенін салу және пайдалану;

Мойынқұм ауданындағы көмір жобасын іске асыру;

магний және қорытпалар өндіретін комбинат салу;

жұмыс істеп тұрған фабриканы жаңғырту және алтын қоспа өндірісі бойынша жаңа гидрометаллургиялық цех салу;

2040 жылға дейін:

Қордай ауданындағы Тымлай кен орнының титаномagnetит кендері базасында тау-кен металлургия комбинатын салу. Өнімнің негізгі түрлері темір концентраты, титан концентраты, жоғары көміртекті легирленген болат (шойын дәндері) болады;

техникалық кремний өндірісі бойынша жаңа инновациялық өндірістерді дамытуға инвестициялар тарту (Кенжем, Кеңгір, Гагарин, Алтынтас, Ақсақал, Жайсаң кен орындарының базасында);

2050 жылға дейін:

жоғары технологиялық металлургияны дамыту және дайын металл бұйымдарын өндіру;

металлургиядағы жоғары технологиялық инновациялық өндірістерді ғана басым қолдау.

Қызылорда облысы

2030 жылға дейін:

Жаңақорған ауданында "Шалқия" полиметалл кен орындарын өнеркәсіптік игеру;

Жаңақорған ауданында полиметалл кендерін өндіру және өңдеу жөніндегі тау-кен байыту комбинатын салу;

Шиелі ауданында ванадий кендерін өндіру және өңдеуді ұйымдастыру;

2040 жылға дейін:

Қызылорда облысының қатты пайдалы қазбалар бағыты бойынша минералдық-шикізат базасын одан әрі дамыту, Ақеспе (титан) учаскесі шегінде

Қарамұрын-Мыңбұлақ кен торабының (мырыш, қорғасын, алтын), Ақжар, Қоскөл, Ірікұдық, Мыңқұдық, Дарбаза кен алқаптарының (мыс, алтын) іздестіру және бағалау жұмыстарын жүргізу;

саланы дамыту үшін зерттеу және технологиялық негіздер құру;

ҒЗТКЖ жүргізу және металлургиялық шикізаттың заманауи технологияларын енгізу;

2050 жылға дейін:

ғылымды қажетсінетін өнімдер мен жоғары технологиялық өнімдер өндірісі: ванадий аккумуляторлары, арнайы қорытпалар (феррованадий және ферромолибден), жоғары көміртекті және төмен алюминий ферросилиций және басқалар;

ілеспе өндірістерді (күкіртбетон, әк, отқа төзімді заттар, сұйық-калий тыңайтқыштары және басқалар).

Түркістан облысы

2030 жылға дейін:

ұсақ сұрыпты прокат шығару бойынша тау-кен металлургия комбинатын салу;

Кентау қалалық әкімшілігінде Ащысай техногендік-минералдық түзілімдер базасында қара қорғасын өндіру жөніндегі тау-кен металлургиялық кешенін салу;

Кентау қалалық әкімшілігінде барит концентратын ала отырып, Аңсай кен орнының барит кендерін өнеркәсіптік игеруді ұйымдастыру;

Түлкібас ауданындағы "Абайыл" кен орнында темір рудасын өндіру мен байытуды ұйымдастыру;

Созақ ауданында фосфорит кендерін өңдеу зауытын салу;

Созақ ауданында Келіншектау, Шобан, Жолбарысты, Жоғарғы Күмісті, Төменгі Күмісті және басқа да кен орындарының құрамында алтыны бар кен орындарын игеруге инвестициялар тарту;

Жоғарғы Күмісті (Созақ ауданы), Мырғалымсай және басқа кен орындарында қорғасын өндіру мен қайта өңдеуді ұйымдастыру;

"Бадам" индустриялық аймағының аумағында алюминийден жасалған бұйымдарды өндіру зауытын салу;

2040 жылға дейін:

алтын кен орындарының базасында зергерлік өнеркәсіпті дамыту;

Құрамында ванадий бар тақтатастардың Жабағылы кен орнын өнеркәсіптік игеру тұрғысынан бағалау және барлау;

2050 жылға дейін:

жоғары қайта бөлу өнімдерін шығару бойынша өндірістерді ұйымдастыру;

"қиын" кендерді өңдеу, өнеркәсіптік қалдықтар мен қалдық қоймаларын өңдеу үшін жаңа буын кәсіпорындарын құру.

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

техникалық кремний өндіретін зауыт салу;

металл сынықтарын қайта өңдеу зауытын салу;

қаланың өнеркәсіптік алаңдарына жаңа инвестициялық жобаларды тарту;

экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау шараларын және экспорттаушы-кәсіпорындарға экспорттық өнімді өндіретін кәсіпорындарға "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" және "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп шикізаттық емес экспорт көлемін ұлғайту бойынша шығындарды өтеу талаптарын түсіндіру бойынша бизнес-семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

2040 жылға дейін:

металлургиялық кластер құру;

жаңа жоғары технологиялық өндірістер құру;

салада инновацияларды енгізуге инвестициялар тарту, өнім сапасын арттыру;

2050 жылға дейін:

инновациялық инфрақұрылымды дамыту;

жаңа бағыттарды игеру және өнімнің жаңа түрлерін шығару;

қосылған құны жоғары дайын металл бұйымдарын өндіруге баса назар аудару.

Алматы қаласы

2030 жылға дейін:

"Қазферросталь" кәсіпорнының металлургиялық кешенінің екінші кезегін салу;

металлургиялық компанияларды ғылымды қажетсінетін, ресурс үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізуге ынталандыру;

индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде металлургия саласындағы инвестициялық жобаларды одан әрі қолдау;

негізгі қорларды жаңарту үшін инвестициялар тарту;

2040 жылға дейін:

заманауи ғылымды қажетсінетін өнім өндірісін ұйымдастыру үшін ынталандырулар жасау;

қаланың металлургия саласын цифрландыру;

ҒЗТКЖ және инновацияларды енгізуді ынталандыру;

2050 жылға дейін:

жоғары технологиялық металлургияны дамыту үшін ынталандырулар жасау;

аддитивті технологияларды және 3D-модельдеуді дамыту;

шағын инновациялық кәсіпорындарды қалыптастыруды ынталандыру.

48. Ауыл шаруашылығын дамыту

Ауыл экономикасын дамыту жөніндегі саясат Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік саясатына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың негізгі басымдықтары мыналар болып табылады:

экспорттық саясаттың шикізаттық бағыттылығынан өңделген өнімге көшу, бұл қосылған құнның барлық тізбегі бойынша кірістердің өсуін қамтамасыз етеді;

жоғары рентабельді дақылдарға (оның ішінде жемшөп дақылдарына) көшумен және тиісінше қарқынды мал шаруашылығын дамытуға көшумен (жер заңнамасы, жерді қашықтықтан зондтау технологиясы талаптарының орындалуын бақылауды күшейте отырып) өндірісті әртараптандыру;

азық-түліктің негізгі түрлері бойынша импортты алмастыратын инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету;

аграрлық өндірісті қарқынды дамыту;

агроөнеркәсіптік кешеннің қазіргі заманғы инфрақұрылымын дамыту (ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік жүйелерін, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және сақтау жүйелерін, агроөнеркәсіптік кешеннің қаржы және сақтандыру инфрақұрылымын дамыту);

агроөнеркәсіптік кешеннің басым бағыттары бойынша экожүйелерді дамыту.

Жалпы, Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту үшін ірі сүт-тауар фермаларын, мал шаруашылығы кешендерін салуға, жайылымдарды, көкөністерге арналған егіс алаңдарын кеңейтуге, бордақылау алаңдарын, жылыжай кешендерін, көкөніс қоймаларын құруға, ылғал, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуге, машина-трактор паркін жаңартуға, жемшөп базасы мен асыл тұқымды мал азығын жақсартуға, тиімді инновациялық технологияларды енгізуге, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу кәсіпорындарында негізгі құралдарды жаңғыртуға баса назар аудару қажет.

Болашақта инновациялық технологиялар ("нақты егіншілік", "ақылды мал фермалары", дрондарды, робототехниканы және ғылым мен техниканың басқа да әлемдік жетістіктерін қолдану мүмкіндіктері) және еңбекақы төлеуді ұйымдастыру мен жүргізудің жаңа нысандары енгізілетін болады.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Алматы облысы:

2030 жылға дейін:

Қонаев қаласында көкөніс қоймасын салу;

Қонаев қаласында көкөніс өсіру бойынша жылыжай кешенін құру;

Қонаев қаласында пиязды кептіру зауытын салу;

қызанақтарды өсіру мақсатында жылыжай кешенін салу;

салаттарды өсіруге арналған 1 гектар алаңда жылыжай кешенін құру;

Қонаев қаласында сүт-тауар фермаларын құру;

Райымбек, Балқаш, Іле, Кеген, Талғар аудандарында және Қонаев қаласында бордақылау алаңдарын құру;

Қарасай, Жамбыл, Балқаш, Іле, Райымбек аудандарында қосымша сүт-тауар фермаларын ашу;

Еңбекшіқазақ, Ұйғыр және басқа аудандарда алма бақтарын егу;

Қарасай ауданында жылыжай салу;

Ұйғыр, Қарасай аудандарында қосымша суармалы жерлер енгізу;

басым ауыл шаруашылығы дақылдарының: қант қызылшасы, жүгері, картоп алқаптарын кеңейту пайдасына егіс алқаптарын әртараптандыру;

Талғар ауданында алма сидрі өндірісін ұйымдастыру;

Іле ауданында ұн тарту комбинатын салу;

2040 жылға дейін:

облыс орталығында, облыстың моно- және шағын қалаларында жылжымалы машиналар мен стационарлық қондырғыларды, өнім сапасын өңдеу мен бақылаудың жаңа әдістерін, олардың биологиялық қасиеттерінің тұрақтылығын және тамақ шикізаты мен дайын өнімнің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдерін пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы шикізаты мен өнімдерін терең өңдеу және сақтау технологияларын енгізу;

экологиялық қолайсыз және ластанған аудандардың балалары мен түрлі типтегі тұрғындарын қоса алғанда, халықтың жекелеген тұрақты топтары үшін жаппай тұтыну және емдеу-профилактикалық мақсаттағы тамақ өнімдерінің құрамын бағытталған өзгертумен тамақ өнімдерін өндірудің жаңа технологияларын енгізу;

жануарлардың өнімділік деңгейіне сәйкес берілген құрамы және экологиялық қауіпсіз қасиеттері бар мал шаруашылығына арналған құрама жемнің жаңа түрлерін өндіруге арналған ресурс үнемдеу технологиялары мен жабдықтарын енгізу;

ауыл шаруашылығы өндірісінде ресурс үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз көпфункционалды техникалық құралдарды енгізу (жерді өңдеу, дақылдарды жинау технологиялары, әртүрлі топырақ-климаттық жағдайларда жануарлардың тұқымдарын күтіп-бағу, азықтандыру жөніндегі технологиялық операцияларды автоматтандыру және цифрландыру және т.б.);

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы халықаралық трансұлттық компанияларды тарту;

2050 жылға дейін:

табиғи ресурстар базасына нұқсан келтірмей өнімділікті арттыру үшін инновациялық жүйелерді әзірлеу және енгізу;

жер пайдалану мен су ресурстарын тұтынудың негізгі қорларын жаңғыртуға инвестициялар.

Жетісу облысы:

2030 жылға дейін:

Ақсу ауданында форель шаруашылығын құру;

Ескелді ауданында сүт-тауар фермасын салу;

балық фермасын құру (тауарлық балық шаруашылығы);

Кербұлақ ауданында бройлерлер өсіретін құс шаруашылығы кешенін құру;

Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Панфилов, Сарқан аудандарында бордақылау алаңдарын құру;

Ақсу, Алакөл, Қаратал, Сарқан, Ескелді, Кербұлақ, Панфилов аудандарында қосымша сүт-тауар фермаларын ашу;

Ескелді, Панфилов және т. б. аудандарда алма бақтарын салу;

Ақсу, Алакөл, Көксу, Панфилов аудандарында қосымша суармалы жерлерді енгізу;

басым ауыл шаруашылығы дақылдарының: қант қызылшасы, жүгері, картоп алқаптарын кеңейту пайдасына егіс алқаптарын әртараптандыру;

майлы дақылдарды қайта өңдеу бойынша өндірістерді ұйымдастыру (негізінен Алакөл, Көксу, Сарқан аудандарында, Талдықорған қаласында);

2040 жылға дейін:

ауыл шаруашылығы шикізаты мен өнімдерін терең өңдеу және сақтау технологияларын енгізу;

ауыл шаруашылығы өндірісінде ресурс үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз көпфункционалды техникалық құралдарды енгізу;

мал шаруашылығына арналған құрама жемнің жаңа түрлерін өндіруге арналған ресурс үнемдеуші технологиялар мен жабдықтарды енгізу;

ҒЗТКЖ дамытуды қолдау;

Өңірге ірі агрохолдингтерді тарту;

2050 жылға дейін:

табиғи ресурстар базасына нұқсан келтірмей өнімділікті арттыру үшін инновациялық жүйелерді әзірлеу және енгізу;

жер пайдалану мен су ресурстарын тұтынудың негізгі қорларын жаңғыртуға және жетілдіруге инвестициялар;

нарықтың жаңа сегменттерін дамыту.

Жамбыл облысы:

2030 жылға дейін:

Байзақ және Шу аудандарында сүт фермаларын салу және жемдік база құру;

Тараз қаласында сүт және ет өнімдерін өндіру үшін гидропоника салу;

мал шаруашылығы орталықтарын қолдау және дамыту;

материалдық-техникалық базаны дамыту;

кадрлық әлеуетті дамыту;

2040 жылға дейін:

инновациялық технологияларды енгізу үшін жағдай жасау;

экспортты қолдау;

ҒЗТКЖ дамытуды қолдау;

өңірге ірі агрохолдингтерді тарту;

қайта өңдеуші өндірістерді дамыту;

2050 жылға дейін: нарықтың жаңа сегменттерін дамыту.

Қызылорда облысы:

2030 жылға дейін:

Шиелі ауданында жаңбырлатқыш саптама астында жоңышқа өсіру;

Арал ауданындағы Қамыстыбас көлінің жағасында үйрек-тоған балық өсіру шаруашылығын салу;

Шиелі ауданында құс фабрикасын салу;

Қызылорда қаласында құс фабрикасын салу;

Қармақшы ауданында құс фабрикасын салу;

Шиелі ауданында сүт-тауарлық ферма құру;

көкөніс қоймаларын салу;

қаржы институттары арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау (жеңілдікпен кредиттеу және микрокредиттеу, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі техниканы, жабдықтарды лизингтеу);

өндірістік негізде өсірілетін жемшөп, майлы, бақша дақылдарының, көкөністер мен картоптың егіс алқаптарын ұлғайту.

суландырылған жайылымдарды ауыл шаруашылығы айналымына тарту мақсатында суландыру құрылыстарын қалпына келтіру;

облыстың асыл тұқымды шаруашылықтарының аналық ірі қара мал басын ұлғайту жөніндегі жұмыстарын жандандыру;

тұрақты жемшөп базасын құру, жануарларды толық және теңгерімді азықтандыруды қамтамасыз ету;

репродуктор-шаруашылықтарды, бордақылау аландарын және етті мал өсіру, қаракөл шаруашылығы жөніндегі фермер қожалықтарын құру;

шалғайдағы мал шаруашылығын дамыту;

АӨК өнімін өндіруді дамыту үшін жағдайлар жасау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мемлекеттік қолдау шараларын көрсету;

күріштің жаңа сорттарын енгізумен, қарқынды технологияларды енгізу, күріш өндіру көлемін сақтау;

өңірдің ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті күріш сорттарының тұқымдарымен қамтамасыз ету;

кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту жөніндегі жүйелі шараларды іске асыру;

2040 жылға дейін:

суды аз тұтынумен балық өнімдерін алуға мүмкіндік беретін заманауи технологияларды енгізу;

балық өсіру шаруашылықтарын, ең алдымен, көл-тауар шаруашылықтарын құру;

облыстың балық өңдеу кәсіпорындарын жүктеу;

мемлекеттік қолдаудың ауқымды шаралары есебінен өндірісте инновациялық технологияларды енгізуді ынталандыру;

сала үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту;
өңірге ірі агрохолдингтерді тарту жөніндегі шараларды іске асыру;

2050 жылға дейін:

ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеу жөніндегі өндірістерді дамыту;

ҒЗТҚЖ қолдау;

тамақ өнеркәсібіндегі экспортқа бағдарланған өндірістерді қолдау.

Түркістан облысы:

2030 жылға дейін:

Келес ауданында жылыжай кешенін салу;

жылыжайлар мен көкөніс қоймаларын салу;

Түркістан, Кентау қалаларында сүт-тауар фермаларын салу;

Түркістан қаласында жеміс қоймасын салу;

жаңбырлатып суару технологиясын енгізу;

2040 жылға дейін:

заманауи, қарқынды, ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізу;

әлеуетті инвесторлармен жұмыс жасау және жаңа серіктерді іздеу;

мал шаруашылығының жемшөп базасын нығайту;

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту;

тамақ өнімдерін өндіруде халықаралық компанияларды одан әрі тарту;

2050 жылға дейін:

ҒЗТҚЖ қолдау және инновацияларды енгізуді қамтамасыз ету;

азық-түлік ассортиментін кеңейту және өнімнің жаңа түрлерін игеру.

Шымкент қаласы:

2030 жылға дейін:

бройлерлік құс фабрикасын салу;

екі сүт-тауар фермасын салу;

тоғыз бордақылау алаңдарын құру;

қарқынды бақша алаңын ұлғайту;

төрт ірі көкөніс қоймасын салу;

жылыжай кешенін салу;

төрт құс фермасын салу;

картоп-көкөніс қоймаларын салу мен кеңейту;

2040 жылға дейін:

агроөнеркәсіптік кешенде жаңа технологияларды ынталандыру;

кадрлық әлеуетті дамыту;

жаңа қайта өңдейтін қуаттарды енгізу;

2050 жылға дейін:

ғылыми зерттеулерді қолдау және олардың нәтижелерін енгізу;
азық-түлік нарығының жаңа сегменттерін дамыту және экспортқа бағдарлау;

49. Кластерлік дамыту

Алматы облысында тамақ өнеркәсібінде (сүт, ет, жеміс-көкөніс кластерлері), фармацевтика өнеркәсібінде және құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластерлер құру үшін әлеуетті мүмкіндіктер бар.

Сүт кластерін дамыту Еңбекшіқазақ ауданының жұмыс істеп тұрған өндірістері, Іле ауданындағы ет кластері, Еңбекшіқазақ ауданындағы жеміс-көкөніс кластері базасында болжанады.

Алматы облысында Іле ауданындағы қолда бар ірі зауыттардың бірінің базасында фармацевтикалық кластер құру үшін алғышарттар бар. Алматы облысында "DOLCE", "ЭЙКОС ФАРМ", "АБДИ ИБРАХИМ ГЛОБАЛ ФАРМ" сияқты бірқатар ірі және орта фармацевтикалық зауыттар жұмыс істейді.

Елде шикізат базасының болуы және құрылыстың перспективалық көлемі құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі кластерді дамытудың өзектілігін анықтайды. Алматы облысының аумағында құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластерді орналастыру үшін әлеуетті мүмкіндіктер Қонаев қаласында бар.

Жетісу облысында жақын орналасқан аудандардың қатысуымен Талдықорған қаласының шегінде агроөнеркәсіптік кластерлер: жеміс-көкөніс кластері, ет және сүт кластерлерін құруға болады.

Озық технологияларды пайдалана отырып, химиялық кластерді дамыту елдің химиялық өнеркәсібін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл кластердің Шу ауданында әлеуетті орналасуы "Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағының аумағы болып табылады.

Тараз қаласында құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру Жамбыл облысының экономикасын дамытудың локомотивтерінің біріне айналуға мүмкіндік береді. Бұл кластерді жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар негізінде құруға болады.

Жеңіл өнеркәсіп саласында отандық өндірушілерді қолдау үшін Тараз қаласында "ТаразКожОбувь" және "Фабрика ПОШ-Тараз" сияқты кәсіпорындар базасында кластер құру қажет.

Жамбыл облысында аграрлық секторда кластерлік дамудың үлкен әлеуеті бар: "Оңтүстік Халал Тағамдары" кәсіпорны (Жамбыл ауданы) базасындағы ет кластері, сүт кластерін "Меркі ірімшік зауыты" (Меркі ауданы), Шу ауданындағы жеміс-көкөніс кластері сияқты кәсіпорындар базасында дамытуға болады, өйткені бұл аудан жалпы және бақша дақылдарын өсіру бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады.

Қызылорда облысында "Арал балық өңдеу зауыты", "Арал" СЗО" сияқты кәсіпорындардың базасында Арал ауданында балық кластерін құру ұсынылады.

Қызылорда қаласында темірбетон бұйымдарын, қиыршық тасты, кірпішті, цементті шығаратын зауыттар базасында құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құрған жөн.

Түркістан қаласында мақта-талшық өндіретін кәсіпорындардың қатысуымен дайын тауарларды өңдеумен және өндірумен айналысатын кәсіпорын базасында мақта-тоқыма кластерін құру мүмкіндігі бар.

Өңір Түлкібас ауданында құрылыс кластерінің толыққанды дамуына негіз бола алатын пайдалы қазбалар кен орындарына (бентонит саздары, әктас, гранит, мәрмәр, гипс, кварц құмдары) бай.

Шикізат әлеуетіне ие болумен Түркістан облысында, Сайрам ауданында ет кластерін және Сарыағаш ауданында жеміс-көкөніс кластерін құрған жөн.

Шымкент қаласында мынадай кластерлерді құру перспективалы: мұнай-химия кластері; медициналық-фармацевтикалық кластер; құрылыс материалдарын өндіру кластері; тоқыма кластері; металлургиялық кластер.

"Шымкент химиялық компаниясы" ЖШС метил-терт-бутил эфирін өндіру зауытының базасында мұнай-химия кластерін құруға болады.

Медициналық-фармацевтикалық кластерді құру үшін ең тартымды орын өндірістік алаңдар мен медициналық ЖОО-ның – Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының болуын ескере отырып, Шымкент қаласы болып табылады. Медициналық-фармацевтикалық кластерге өзара байланысты инновациялық фирмалар – дәрі-дәрмектерді әзірлеушілер, өндірістік компаниялар, жабдыктарды, жиынтықтауыштарды, мамандандырылған қызметтерді жеткізушілер, инфрақұрылым объектілері: ғылыми-зерттеу институттары, ЖОО, технопарктер, бизнес-инкубаторлар және өзге де ұйымдар кіреді.

Шымкент қаласындағы ірі кәсіпорындар базасында құрылыс кластерін толыққанды дамыту үшін Түркістан облысының пайдалы қазбалар кен орындарының (бентонит саздары, әктас, гранит, мәрмәр, гипс, кварц құмдары) болуы негіз болып табылады.

Тоқыма кластері. Түркістан облысы Қазақстандағы мақтаның жалғыз өндірушісі болып табылатындығын ескере отырып, Шымкент қаласында тоқыма кластерін құрған жөн. Дайын өнім өндірісін жолға қою мүмкіндігі бар.

Металлургиялық кластерді құру перспективалы болып табылады, өйткені жақын орналасқан облыста темір және полиметалл кендері бар. Шымкент қаласының кәсіпорындары базасында "ShymkentTemir", "Ferrum-Vtor", "KAZFERROGROUP" сияқты металлургиялық кластер құруға болады.

Алматы қаласында "Киров атындағы машина жасау зауыты", "АЗТМ", "EC ENERGY QAZAQSTAN" және басқа да кәсіпорындар сияқты қолда бар зауыттар негізінде машина жасау кластерін құруға болады.

2050 жылға дейін Алматы қаласында университеттердің айналасында орналасқан IT-компаниялар мен стартаптарды тарту көзделетін инновациялық білім беру кластерін

іске асыру. 2050 жылға дейінгі кластерді дамытудың негізгі перспективалары "Индустрия 4.0", "ГМК & Жаңа материалдар", "Аддитивті машина жасау", "Ақылды қала", "Тұрақты технологиялар" және "Финтех" сияқты бағыттар болады.

Алматы қаласындағы "Нобель Алматы фармацевтикалық фабрикасы", "DOSFARM", "Қызылмай" фирмасы, "Жайық-AS" сияқты зауыттардың базасында фармацевтикалық кластерді дамыту мүмкін болады.

50. Инвестициялық тартымдылықты арттыру

Бизнес-климатты жақсарту және Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріне инвестицияларды тарту мақсатында экономикалық өсу нүктелерін қалыптастыру, оның ішінде дамыған инфрақұрылымы бар индустриялық аймақтар мен арнайы экономикалық аймақтарды (бұдан әрі - АЭА) құру және дамыту есебінен жүргізіледі.

Орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағында жеті арнайы экономикалық аймақ дамитын болады, оның ішінде:

Алматы облысындағы "Alatau" АЭА (машина жасау, металлургия өнімдері, тамақ өнімдерін өндіру, құрылыс материалдарын өндіру). Кәсіпкерлік субъектілері арасында "Alatau" АЭА аумағында инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу көзделеді;

Жетісу облысындағы "Қорғас – Шығыс қақпалар" АЭА (қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі, тамақ өнімдерін, былғары және оған жататын өнімдерді, тоқыма бұйымдарын; машиналар мен жабдықтардан басқа, өзге де металл емес минералдық өнімдерді, химия өнеркәсібі өнімдерін, дайын металл бұйымдарын өндіру, Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру, теңіз балық шаруашылығы, тұщы су балық шаруашылығы);

Жетісу облысындағы "Қорғас" халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы" АЭА (бұдан әрі – "Қорғас" ХШЫО" АЭА) (шекара маңындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту, кәсіпкерлік және инвестициялық органы жандандыру, көлік инфрақұрылымын, туризмді және мәдени өзара іс-қимылды дамыту);

Шу қаласында "Jibek Joly" АЭА (химиялық өнімдердің, металл емес минералды өнімдердің резеңке және пластмасса бұйымдарының жаңа өндірістерін қалыптастыру, химиялық өндірістерге арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі);

Шымкент қаласындағы "Оңтүстік" АЭА (жеңіл өнеркәсіп өнімін, ағаш целлюлозасын және целлюлозаны, қағаз бен картонды, былғары өнімін, жазу қағаз бұйымдарын, мұнай өңдеу өнімдерін, химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру, құрылыс металл конструкциялары мен олардың бөлшектерін өндіру ("дайын" блок-модульдік шешімдерді дайындау үшін пайдаланылады), машина жасау, шойын және болат құю);

Түркістан қаласындағы "Turan" АЭА (Түркістан қаласының халықаралық әуежайын, оның ішінде әуеайлақты, аэровокзалды және ұшу-қону жолақтарын, туристерді орналастыру орындарын, санаторий және сауықтыру объектілерін, инфрақұрылым

объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін, ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, балабақшаларды, мұражайларды, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды салу және пайдалануға беру, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес оқушылар сарайлары, спорт кешендері, құрылыс материалдары өндірістерін құру және өзге де қызмет түрлері);

Алматы қаласындағы "Инновациялық технологиялар паркі" АЭА (жаңа инженерлік-коммуникациялық технологияларды, ҒЗТҚЖ, машина жасау).

АЭА басқа, индустриялық аймақтар экономикалық өсу нүктелері болып табылады:

Алматы облысындағы бес индустриялық аймақ (Іле ауданында "Береке", Талғар ауданында "Қайрат", Жамбыл ауданында "Қазбек бек", Еңбекшіқазақ ауданында "Шелек", "DAMU" индустриялық-логистикалық орталығы);

Жетісу облысында "Талдықорған" индустриялық аймағы жұмыс істейді;

Жамбыл облысында "Тараз" индустриялық аймағы жұмыс істейді;

Қызылорда облысында алты индустриялық аймақ бар (Қызылорда облысында "Өндіріс", Жалағаш ауданында "Серпін", Арал, Қазалы, Шиелі, Қармақшы аудандарында);

Түркістан облысындағы тоғыз индустриялық аймақ (Түркістан, Кентау қалалары, сондай-ақ Бәйдібек, Созақ, Қазығұрт, Мақтаарал, Түлкібас, Шардара, Ордабасы ("Бадам") аудандарында);

Шымкент қаласында алты индустриялық аймақ ("Оңтүстік", "Тассай", "Жұлдыз", "Бозарық", "Standart", сауда-логистикалық аймақ);

Алматы қаласы Алатау ауданындағы индустриялық аймақ.

51. Өңіраралық байланыстарды дамыту

Транзиттік әлеует Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің өңіраралық байланыстарын дамыту үшін алғышарттар болып табылады.

Жобаланатын аумақтың шекарасында төрт халықаралық теміржол көлік дәлізі өтеді : Солтүстік ТАТМ дәлізі, Оңтүстік ТАТМ дәлізі, TRACECA, Орталық ТАТМ дәлізі.

Транзиттік әлеуетті дамыту шеңберінде Қытаймен шекарада "Алтынкөл (Қазақстан) – Қорғас (Қытай Халық Республикасы)" екінші теміржол өткелі құрылды. Қолданыстағы "Достық (Қазақстан) – Алашанькоу (ҚХР)" өткеліне қосымша жаңа өткелді құру жылына 40 миллион тоннаға дейін жүктердің жалпы өткізу қабілетін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Жетіген – Қорғас теміржол желісі салынды, ол Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыруға бағытталған және Қытайдан Қазақстанның Оңтүстік өңірлері мен Орталық Азия елдеріне дейінгі қашықтықты 550 километрге қысқартуға мүмкіндік береді.

"Алматы" теміржол торабын айналып өтетін "Жетіген – Қазыбек бек" қатынасымен айналма теміржол желісінің құрылысы басталды.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағымен мына жолдар өтеді:

үш халықаралық автокөлік бағыты: "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" М-32 "Ресей Федерациясы шекарасы (Самараға) – Шымкент"; М-36 "Ресей Федерациясы шекарасы (Екатеринбургке) – Алматы (Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы) 2214-2468 километр (27-281)"; М-39 "Ташкент – Термез";

республикалық маңызы бар автомобиль жолдары: А-3 "Алматы – Өскемен"; А-2 "Алматы – Көкпек – Шонжы – Көктал – Қорғас"; А-3 "Алматы – Өскемен"; А-4 "Алматы – Шамалған – Ұзынағаш – Аққайнар – Сұраншы батыр – Қырғызстан шекарасы"; А-5 "Ақсай – Шонжы – Көлжат – ҚХР шекарасы"; А-6 "Көкпек – Кеген – Қырғызстан шекарасы"; А-7 "Үшарал – Достық"; А-14 "Тараз – Өтмек – Қырғызстан шекарасы"; А-15 "Жизақ – Гагарин – Жетісай – Кировский – Қызыләскер – Абай-Сарыағаш – Жібекжолы"; А-17 "Қызылорда – Павлодар – Успенка – Ресей Федерациясы шекарасы"; А-19 "Алматы – Шелек – Қорғас"; Р-20 "Сарыөзек – Көктал"; Р-32 "Шымкент қаласының солтүстік айналма жолы".

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде сегіз әуежай жұмыс істейді, оның ішінде Алматы, Қызылорда, Тараз, Түркістан, Шымкент, Талдықорған, Үшарал қалаларында және Боралдай кентінде.

Транзиттік әлеуеттің және көлік инфрақұрылымының болуы Қазақстан Республикасының Орталық және Батыс өңірлерінен мынадай өнім түрлерін жеткізуге мүмкіндік туғызады:

Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарынан ет, оның ішінде тауық еті;

Батыс Қазақстан облысынан консервіленген ет;

Абай, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарының күнбағыс майы;

Қарағанды облысынан маргарин және тағамдық майлар;

Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарынан рапс майы;

Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарынан ұн;

Ақмола, Павлодар облыстарынан мата;

Абай және Қостанай облыстарынан ірі қара малдың терісінен жасалған былғары;

Қарағанды облысынан колготка, шұлық, ұйық;

Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстары мен Астана қаласынан резеңкеден жасалған құбырлар, түтіктер, жеңдер мен шлангілер;

Қарағанды облысынан орталық жылытуға арналған радиаторлар;

Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының қожмақта, минералды силикат мақтасы;

Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Абай облыстарынан силикат және қож кірпіштері;

Шығыс Қазақстан облысынан 1 000 вольттан астам кернеуге электр тізбектерін ажыратуға, ауыстыруға немесе қорғауға арналған аппаратура;

Қарағанды, Павлодар облыстарынан электрондық және электрлік сымдар мен кәбілдер;

Ақмола облысынан шарикті немесе роликті мойынтіректер;

Қарағанды, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарынан теміржол вагондары мен платформалары;

Ақмола облысынан пестицидтер мен агрохимиялық өнімдер;

Абай, Павлодар облыстарынан бояулар, лактар, ерітінділер;

Қарағанды облысынан шойын және тазартылмаған болат;

Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарынан өңделмеген және жартылай өңделген немесе ұнтақ түріндегі күміс және алтын;

Павлодар облысынан алюминий;

Шығыс Қазақстан облысынан қорғасын және мырыш;

Қарағанды және Ұлытау облыстарынан мыс;

Атырау облысынан мұнай отыны (мазут) және газойлдар;

Атырау облысынан моторлы отын (бензин, оның ішінде авиациялық);

Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарынан табиғи газ;

Атырау және Батыс Қазақстан облыстарынан өнеркәсіптік газдар;

Маңғыстау облысынан аммиак;

Маңғыстау облысынан азотты, минералды немесе химиялық тыңайтқыштар;

Батыс Қазақстан облысынан консервіленген ет;

Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының силикатты және қож кірпіштері;

Маңғыстау облысынан азотты, минералды немесе химиялық тыңайтқыштар.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі елдің басқа аймақтарына келесі тауар түрлерін жеткізе алады:

Алматы облысы мен Алматы қаласынан жеміс және көкөніс шырындары;

Түркістан, Алматы облыстарынан, Шымкент және Алматы қалаларынан жаңа піскен және консервіленген жемістер мен көкөністер;

Алматы, Жамбыл және Жетісу облыстарынан қант;

Қызылорда облысынан йодталған тұз;

Алматы облысынан ет, оның ішінде тауық еті;

Шымкент қаласынан мақта майы;

Алматы қаласынан рапс майы;

Жетісу облысы мен Алматы қаласынан соя майы;

Қызылорда облысынан күріш;

Шымкент қаласынан ұн;

Алматы облысы мен Алматы қаласынан шоколад, шоколад пен қанттан жасалған кондитерлік өнімдер;

Алматы қаласынан кетчуп пен майонез;

Алматы облысы мен Алматы қаласынан коньяк;

Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Алматы қаласынан шарап;

Шымкент қаласынан мата;

Шымкент қаласынан кілем;

Жамбыл облысынан ірі қара малдың терісінен жасалған былғары;
 Алматы, Жамбыл облыстары мен Алматы қаласынан аяқ киім;
 Жетісу, Алматы облыстарынан және Алматы қаласынан сыртқы киім;
 Алматы облысы мен Алматы қаласынан қағаз және қағаз өнімдері;
 Алматы облысынан, Шымкент және Алматы қалаларынан дәрі-дәрмектер;
 Қызылорда облысы мен Шымкент қаласынан портландцемент;
 Алматы облысы мен Алматы қаласынан орталық жылыту қазандықтары;
 Алматы облысы мен Шымкент қаласынан цистерналар, бөшкелер, барабандар,
 канистрлер, жәшіктер мен ыдыстар;
 Жетісу, Алматы, Жамбыл облыстарынан және Алматы қаласынан граниттен
 жасалған плиталар мен қаптау плиткалары;
 Түркістан облысы мен Алматы қаласынан 1 000 вольттан астам кернеуге электр
 тізбектерін ажыратуға, ауыстыруға немесе қорғауға арналған аппаратура;
 Алматы және Шымкент қалаларынан электрондық және электрлік сымдар мен
 кәбілдер;
 Жетісу облысынан электр аккумуляторлары;
 Алматы облысы мен Алматы қаласынан шамдар мен жарықтандыру құрылғылары;
 Түркістан облысы мен Алматы қаласынан электр трансформаторлары;
 Жамбыл облысынан фосфорлы, минералды немесе химиялық тыңайтқыштар;
 Алматы облысы мен Алматы қаласынан бояулар, лактар, ерітінділер.

3-параграф. Инженерлік инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары

52. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі аумағындағы елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымын дамыту өңірдің экономикасын дамыту және халықтың әл-ауқатын арттыру үшін аса маңызды мәнге ие.

53. Сумен жабдықтау

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің өңіраралық схемасында 2040 жылға дейін тұрақты сумен жабдықтауды қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ әкімшілік облыстар мен аудандар бөлінісінде 2050 жылға дейінгі болжамды деректер қаралды (осы Өңіраралық схемаға 8-9 қосымшалар).

Жерүсті және жерасты суларын қазіргі заманғы деңгейде пайдалануды талдау, олардың үлестік сумен қамтамасыз етілуі бойынша есептеулер, әкімшілік облыстар мен аудандар бөлінісінде экономика салаларының су ресурстарына қажеттілігін есептеу орындалды.

1-кесте – 2040, 2050 жылдары Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің әкімшілік облыстары бөлінісінде суды жиынтық алудың, пайдаланудың және бұрудың негізгі көрсеткіштері, жылына миллион текше метр

	Су алу	Суды пайдалану	
--	--------	----------------	--

Облыс, қала	Есептік деңгейл ер	Барлығы	Жерүсті	Жераст ы	Басқа*	Барлығы	Жерүсті	Жераст ы	Басқа*	Су бұру
Алматы облысы	2040	2 179,7	1 870,1	182,8	126,7	1 984,3	1 675,6	182,1	126,7	234,8
	2050	2 147,9	1 812,3	216,8	126,5	2 066,9	1 718,0	216,3	126,5	300,2
Жетісу облысы	2040	1 618,0	1 519,8	90,3	7,9	1 477,6	1 382,0	87,7	7,9	92,4
	2050	1 623,4	1 508,0	107,6	7,81	1 549,3	1 435,8	105,7	7,8	124,7
Жамбыл облысы	2040	1 632,2	1 489,5	142,7	0	1 423,6	1 290,5	133,1	0	102,3
	2050	1 844,2	1 662,1	182,0	0	1 755,6	1 581,9	173,6	0	152,6
Қызыло р д а облысы	2040	3 811,9	3 705,5	106,4	0	3 403,0	3 303,7	99,3	0	320,2
	2050	3 772,2	3 638,6	133,5	0	3 575,6	3 448,2	127,5	0	403,1
Түркіста н облысы	2040	6 044,8	5 827,5	217,3	0	4 327,3	4 110,0	217,3	0	168,0
	2050	6 041,8	5 733,6	308,2	0	4 642,1	4 333,9	308,2	0	262,7
Алматы қаласы	2040	415,8	182,3	233,5	0	415,8	182,3	233,5	0	291,9
	2050	506,4	223,0	283,3	0	506,4	223,0	283,3	0	403,6
Шымкен т қаласы	2040	354,0	184,2	169,8	0	291,8	136,0	155,8	0	156,7
	2050	438,2	205,6	232,5	0	382,0	160,1	221,9	0	260,2

Ескертпе. Басқалар* - коллекторлық-дренаждық және сарқынды сулар

2040, 2050 жылдары әкімшілік аудандар бөлінісінде суды жиынтық алудың, пайдаланудың және бұрудың негізгі көрсеткіштері Өңіраралық схемаға 10-23 қосымшаларда келтіріледі.

Өңірде су ресурстарымен қамтамасыз етілу қанағаттанарлық, бірақ аумақ бойынша және жыл кезеңдері бойынша су ресурстарының біркелкі бөлінбеуін, негізгі су ағындарының трансшекаралық сипатын (Сырдария, Іле, Шу, Талас, Асы өзендері) ескере отырып, кез келген уақытта су ресурстарының тапшылығы туындауы мүмкін.

Перспективада белгіленген тұрақты суарудың дамуына байланысты су ресурстарын жалпы алуда ауыл шаруашылығы да басым орын алуды жалғастырады.

Есептік мерзімге қолда бар су ресурстарын нақтылау экономика салаларының қажеттіліктері үшін иеліктегі су ресурстарының шектеулі екенін көрсетті. Бай шикізат ресурстарын одан әрі игеру қолдағы су ресурстарын айтарлықтай көбейтпей мүмкін емес, оларды жерасты, сарқынды және коллекторлық-сорғыту суларын пайдалану, экономиканың барлық салаларында су үнемдеу технологияларын енгізу, сондай-ақ су бөлу туралы халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау есебінен ұлғайтуға болады.

2040 жылға қарай халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу мәселелерін, сондай-ақ халықтың сапалы сумен жабдықтауға 100% қол жеткізуін қамтамасыз ету арқылы өзен ағынын реттеу, аумақтық қайта бөлу және қолда бар су ресурстарын ұлғайту саласындағы міндеттерді шешу ұсынылады, оның ішінде:

Алматы облысында – 77 елді мекенді қосу үшін Қаскелең және Еңбекшіқазақ топтық су құбырларының құрылысын аяқтау, "Алатау" қаласы үшін сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің құрылысы;

Жетісу облысында – Талдықорған, Текелі қалаларының сумен жабдықтау жүйелерін реконструкциялау және дамыту; 52 елді мекенде сапалы ауыз суға сумен жабдықтау жүйелерін реконструкциялау және салу;

Жамбыл облысында – 117 елді мекеннің сапалы ауызсуға қол жеткізу мәселесін шешу;

Қызылорда облысында – 9 елді мекенді жұмыс істеп тұрған топтық су құбырларына қосу, сондай-ақ 23 елді мекеннің сапалы ауызсуға қол жеткізу мәселесін шешу;

Түркістан облысында – Сарыағаш және Жетісай топтық су құбырларын реконструкциялау, сондай-ақ 139 елді мекеннің сапалы ауызсуға қол жеткізу мәселесін шешу;

Алматы, Шымкент қалаларында – қалаларға қосылған аумақтарда орналасқан елді мекендерді орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізуді шешу;

коммуналдық шаруашылық объектілерін басым тұрақты сумен жабдықтау;

экономиканың түрлі салаларында суды ұтымды пайдалану үшін технологияларды жетілдіру;

су бұру жүйелерін салу және реконструкциялау;

жерасты суларын ауызсу, суару және суландыру үшін, өнеркәсіпте және басқа салаларда кеңінен пайдалану, сондай-ақ қайтарымды, ағынды және тұщыландырылған суларды пайдалану;

су ресурстарының жергілікті профициті есебінен (мысалы, Алматы және Жамбыл облыстарының жерасты сулары) ағынды бассейнішілік, бассейнаралық қайта бөлу;

шекаралас елдермен трансшекаралық өзендер бойынша өзен ағынын бөлу (Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан, Қырғызстан);

су тораптарын, арналарды реконструкциялау және су беруді ұлғайту және қосымша реттеуші сыйымдылықтар құру үшін жаңа су қоймаларын салу.

54. Электрмен жабдықтау

Меншікті энергия көздерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің энергия көздерінен жеткізуді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің электр энергиясына қажеттіліктің орнын толтыру ұсынылады. Энергетикалық желілер мен құрылыстардың басым бөлігі өткен ғасырдың 60 – 70 жылдары салынған, қосалқы станциялар және электр беру желілері жабдықтары моральдық тұрғыдан ескіріп қоймай, сондай-ақ физикалық тұрғыдан да тозған.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің электр станцияларының орнатылған қуаты 4 316,7 мегаватты құрады, бұл ретте электр тұтыну – 26,8 миллиард киловатт-сағат.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы шеңберінде әкімшілік облыстар, аудандар мен қалалар бөлінісінде жобалаудың 2030 және 2040 жылдарға электр тұтыну есептері жүргізілді, сондай-ақ 2050 жылға дейінгі болжамды көрсеткіштер берілді. Өңірдің 2040 жылы болжамды электр тұтынудың ең жоғары деңгейі сағатына 46,8 миллиард киловатт-сағат көлемінде көзделеді.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің электр станцияларын дамыту жөніндегі негізгі ұсыныстар қолданыстағы желілердің жабдықтарын техникалық қайта жарақтандыруды және реконструкциялауды көздейді, сондай-ақ Кербұлақ СЭС-ін салу көзделеді.

Түркістан облысында, Талдықорған және Қызылорда қалаларында бу-газ қондырғыларын, КЭС, ЖЭС жаңартылатын энергия көздері объектілерін – күн электростанцияларын, жел электростанцияларын және шағын су электростанцияларын салу жоспарланады.

55. Жылумен жабдықтау

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі жылу жүктемесінің және жылу тұтынудың болжамды деңгейлерін бағалау "Ғимараттарды жылулық қорғау" Қазақстан Республикасының Құрылыс нормалары 2.04-07-2022 құжатында көзделген стандарттарды ескере отырып, метеодеректерді пайдалана отырып, жүзеге асырылды.

Жылыту, желдету және ыстық сумен жабдықтау үшін қажетті жылу ағындары "Жылу желілері" Мемлекет аралық құрылыс нормалары 4.02-02-2004 және Қазақстан Республикасының Құрылыс нормалары 3.01-01-2013, "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" Қазақстан Республикасының Ережелер жинағын 3.01-101-2013 қоса алғанда, Қазақстан Республикасының нормаларына сәйкес келетін жалпы қабылданған жылу тұтыну стандарттарын ескере отырып есептелді.

2-кесте – Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі облыстары бөлінісінде жылу жүктемелерінің 2030 және 2040 жылдарға арналған болжамы, мегаватт

р/с №	Атауы	2030 жыл	2040 жыл
Алматы және Жетісу облыстары (Алматы қаласын ескере отырып)			
	Ең жоғарғы сағаттық жылу шығыны, оның ішінде:	22 197	37 077
	тұрғын ғимараттарды жылытуға	8 169	13 644
	қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге	5 736	9 576
	тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жылыту	4 257	7 110

1.	кезеңіндегі ыстық сумен қамтамасыз етуге		
Жамбыл облысы			
2.	Ең жоғарғы сағаттық жылу шығыны, оның ішінде:	4 267	6 435
	тұрғын ғимараттарды жылытуға	1 570	2 368
	қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге	1 920	2 896
	тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жылыту кезеңіндегі ыстық сумен қамтамасыз етуге	776	1 170
Түркістан облысы (Шымкент қаласын есепке алумен)			
3.	Ең жоғарғы сағаттық жылу шығыны, оның ішінде:	15 870	23 292
	тұрғын ғимараттарды жылытуға	5 570	8 177
	қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге	3 910	5 739
	тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жылыту кезеңіндегі ыстық сумен қамтамасыз етуге	2 902	4 260
Қызылорда облысы			
4.	Ең жоғарғы сағаттық жылу шығыны, оның ішінде:	3 292	4 782
	тұрғын ғимараттарды жылытуға	1 212	2 153
	қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге	1 482	2 153
	тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жылыту кезеңіндегі ыстық сумен қамтамасыз етуге	599	870

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аудан орталықтарын жылумен жабдықтау перспективада орталықтандырылмаған көздерден ұсынылады.

Бұл ретте жылумен жабдықтау жүйелерін дамыту нұсқасын нақты таңдау техникалық-экономикалық салыстыру негізінде, оның ішінде экологиялық аспектілерді

, энергия тиімділігі мәселелерін және тұрғын үй және қоғамдық құрылыс бойынша нақтыланған деректер, халықтың болжамды саны негізінде жаңартылатын энергия көздерін тарту мүмкіндігін ескере отырып айқындалады.

56. Газбен жабдықтау

Барлық негізгі газ тасымалдау жүйелерін: "Орта Азия – Орталық", "Бұхара – Орал", "Бұхара газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" және "Қазақстан – Қытай" магистральдық газ құбырын біріктіретін "Бейнеу – Шымкент" магистральдық газ құбыры құрылысының аяқталуымен Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерін газбен жабдықтаудың жергілікті жобаларын дамытуға мүмкіндік беретін бірыңғай магистральдық газ құбыры жүйесі құрылатын болады.

Өңірді газбен жабдықтауды дамыту жөніндегі негізгі ұсыныстар магистральдық газ құбырларын, газ бұру құбырларын, оның ішінде "Алматы – Байсерке – Талғар" магистральдық газ құбырларының 2-кезек, "Қазақстан – Қытай" магистральдық газ құбырлары мен "Алматы – Байсерке – Талғар" магистральдық газ құбырларын, "Талдықорған – Үшарал" магистральдық газ құбырларын, "Арысқұм – Жосалы" магистральдық газ құбырларын және т.б. салуды көздейді.

Бұл ретте өңірдің барлық дерлік елді мекендерін газбен жабдықтау жоғары қысымды кентаралық желілерді, орташа және төмен қысымды кентішілік газ құбырларын төсеу, газ реттеу пункттері шкафтық газ реттеу пункттерін салу және одан әрі "Қазақстан – Қытай", "Бейнеу – Шымкент" магистральдық газ құбырына қосу есебінен көзделеді.

4-параграф. Көлік инфрақұрылымын кешенді дамыту шаралары

57. Өңірлік және өңіралық көлік инфрақұрылымын нығайту өңірді кешенді дамыту бағыттарының бірі болып табылады.

Өңірдің көлік саласын дамыту мынадай салаларда: автожол, теміржол, азаматтық авиация, су көлігіндегі инфрақұрылым деңгейін арттыруға және көлік-коммуникация кешенінің халықаралық көлік желілеріне интеграциялану деңгейін арттыруға бағытталады (осы Өңіралық схемаға 24-25 қосымшалар).

58. Теміржол көлігінің инфрақұрылымын дамытуда 2030 жылға қарай мынадай жұмыстар жүзеге асырылатын болады:

"Достық – Мойынты" (833 километр) теміржол учаскесінің екінші жолдарының құрылысы және электрлендіру, оның ішінде: "Мойынты – Ақтоғай" – 143,2 километр және "Ақтоғай – Достық" теміржол учаскелерін электрлендіру – 298 километр;

"Дарбаза – Мақтаарал" теміржол желісі – Өзбекстан аумағына шығатын 115 километр, ол қолданыстағы "Сарыағаш" өту пунктінің жүктемесін азайтады;

"Жарық-Сексеуілді" теміржол желісінің екінші жолдарын салу – 167 километр;

"Арыс-Қазалы" теміржол желісінің екінші жолдарын салу – 213 километр;

жалпы ұзындығы 73 километр болатын, "Алматы" теміржол торабын айналып өтетін "Жетіген – Қазыбек бек" айналма теміржол желісін салу;

жалпы ұзындығы 116,2 километр болатын "Қазыбек бек – Жетіген – Алматы" бағыты бойынша айналма теміржол желісін салу;

жалпы ұзындығы 8,5 километр болатын "Алматы 1 – Алматы 2" учаскесінде электрлендірумен екінші жолдарды салу.

жалпы ұзындығы 140 километр болатын "Алтынкөл – Жетіген" бағытында теміржол желісінің екінші жолдарын салу;

2 километр Алтынкөл айналма жолын салу;

Шымкент қаласының солтүстік жағынан екінші айналма теміржол тармағын салу;

Ұзындығы 28,3 километр болатын "Шымкент – Леңгір" теміржол учаскесінің екінші жолдарын салу.

2040 жылға қарай мыналар ұсынылады:

"Түркістан – Арыс" теміржол учаскесінде екінші жолдарды салу және электрлендіру - 108,8 километр;

"Қызылорда – Жезқазған" қатынасымен теміржол желісінің учаскесін салу - 199 километр, тасымалдау қашықтығын 640 километрге дейін қысқартады;

"Алтынкөл – Жетіген – Алматы" теміржол желісін электрлендіру – 293 километр;

2050 жылға қарай ұсынылады:

"Алматы – Ақтоғай" теміржол учаскесін электрлендіру – 539 километр;

"Бадам – Шағыр" теміржол учаскесін салу (қалпына келтіру) - 28,7 километр (екі жолды және электрлендірілген теміржол желісін салу);

"Жетіген – Қосқұдық" қатынасымен теміржол желісін салу (перспективалы электрлендірумен) – 70 километр.

Сондай-ақ, теміржол көлігі инфрақұрылымын дамыту шеңберінде 2050 жылға қарай жобамен мынадай іс-шаралар өткізу ұсынылады:

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағында теміржол вокзалдары мен станцияларын жаңғырту және пайдалану;

жолаушылар теміржол қатынасын ұйымдастыру;

қос қосындылылардың құрылысы;

жылжымалы құрам (жолаушылар және жүк вагондары) мен локомотивтерді сатып алу және жөндеу.

Осы жобалар мен бастамаларды іске асыру теміржол транзиттік дәліздерінің өткізу қабілетін екі есе арттыруға, жүктерді тасымалдау мерзімін 1,5 есе қысқартуға, транзиттік контейнерлік пойыздардың қозғалыс жылдамдығын тәулігіне 1 050 километрден бастап тәулігіне 1 300 – 1 400 километрге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

59. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы 24 070,8 километрді құрады, оның ішінде облыстар бөлінісінде:

Алматы облысында – 5 715,4 километр, олардың ішінде: республикалық маңызы бар – 1 849,0 километр, облыстық маңызы бар – 3 370,0 километр және аудандық маңызы бар – 496,4 километр;

Жамбыл облысында – 4 351,6 километр, олардың ішінде: республикалық маңызы бар – 1 194,0 километр, облыстық маңызы бар – 1 755,8 километр және аудандық маңызы бар – 1 401,8 километр;

Қызылорда облысында – 3 581,2 километр, олардың ішінде: республикалық маңызы бар – 1 015 километр, облыстық маңызы бар – 555,6 километр және аудандық маңызы бар – 2 010,6 километр;

Жетісу облысында – 3 988,5 километр, олардың ішінде: республикалық маңызы бар – 1 034 километр, облыстық маңызы бар – 2 732,1 километр және аудандық маңызы бар – 222,4 километр;

Түркістан облысында – 6 434,1 километр, олардың ішінде: республикалық маңызы бар – 725,0 километр, облыстық маңызы бар – 3 983,3 километр және аудандық маңызы бар – 1 725,8 километр.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің автожол саласында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді: "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізін реконструкциялау жөніндегі жоба аяқталды, "Алматы – Қапшағай", "Бейнеу – Ақтау", "Қордай асуының оңтүстік айналма жолы" республикалық желісінің учаскелері реконструкцияланды, "Қырғызстан шекарасына қарай Тараз қаласының оңтүстік айналма жолы" автомобиль жолының ұзындығы 66 шақырым Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының (бұдан әрі – ҰАААЖ) (2023 жылғы шілде) аяқталды.

"Алматы – Қапшағай", "Алматы – Қорғас" және "Астана – Теміртау" учаскелерінде автокөлік құралдарынан жол жүру ақысын алу жүйесі пайдалануға берілді. Жол бойындағы сервис объектілерінің едәуір бөлігі ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес келтірілді.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің автомобиль жолдарын талдау және бағалау негізінде жобамен автомобиль инфрақұрылымын дамыту бойынша жобалық шешімдер – Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі бөлінісінде Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау ұсынылады.

2030 жылға қарай жоспарланады:

"Астана – Қарағанды – Балқаш – Бурылбайтал – Күрті – Қонаев" қатынасындағы Орталық-Оңтүстік дәлізін реконструкциялау - 955 километр, оның ішінде Алматы мен Жамбыл облысының шекараларында – 435 километр;

"Талдықорған – Өскемен" бағытындағы "А-3" автомобиль жолын реконструкциялау - 763 километр, Сарқан қаласының айналып өтумен, оның ішінде Жетісу облысының шекараларында – 340 километр;

"Мерке-Бурылбайтал" автожолын реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстары - 266 километр;

"Қызылорда – Павлодар – Успенка – РФ шекарасы" бағытындағы "А-17" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау, жалпы ұзындығы – 427 километр, оның ішінде Қызылорда облысының шекарасында – 216 километр;

"Ұзынағаш – Отар" автомобиль жолын реконструкциялау - 96 километр;

"Үшарал – Достық" бағытындағы "А-7" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау - 184 километр;

Түркістан қаласын шығыс айналма жолы - 30 километр республикалық маңызы бар автомобиль жолын салу (жаңа жоба) төрт жолақ қозғалысы бар бірінші техникалық санатқа келтірілетін болады;

"Өзбекстан Республикасына Қонысбаев өткізу пунктi арқылы шығатын Сарыағаш қаласының айналма жолы" республикалық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы және жобалау-іздігіру жұмыстары - 102 километр;

"Шымкент қаласының оңтүстік-Батыс айналма жолы" республикалық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы және жобалау-іздігіру жұмыстары - 48 километр;

Шымкент қаласының солтүстік, оңтүстік және шығыс айналма жолдарын салу – 71,7 километр;

"Алматы – Өскемен" автомобиль жолының Балпықби және Бақтыбай кенттерінің айналма жолын салумен реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстары - 17 километр;

"Алматы-Талғар-Бәйдібек Би" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстары – 68 километр;

"Алматы – Үшқоңыр – Ұзынағаш" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстары - 48 километр;

"Сарыөзек – Көктал" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстары - 178 километр;

Жетісу облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын келесі учаскелер бойынша күрделі және орташа жөндеу: "Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас, Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы, Қырғызстан Республикасының шекарасына кіріс жолдармен" (А -2) – Саз станциясы (Жиренайғыр станциясы) – шекара маңындағы аумақты дамытуға 39,7 километр; Алакөл көлінің жағасына апаратын жолдарды реконструкциялау: " Үшарал – Қамысқала - 59,7 километр; "Бескөл – Жайпақ (Жайнақ)" - 36,5 километр;

Сарқан ауданының "Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай" - 188,2 километр; "Лепсі – Балқаш көлі" - 0-27 километр; "Алматы-Өскемен, Қаратал ауылына кіріс жол - 5,3 километр; "Сарыөзек – Көктал" - 4,2 километр.

2040 жылға қарай келесі автомобиль жолдарын реконструкциялау және жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізу ұсынылады:

айналма жолдың (Шымкент айналма жолының) оңтүстік жарты шеңберін салу (Бадам 1 – Ақтас – Жаңаталап ауылы) – 40 километр;

"Алматы – Қырғызстан шекарасы – Ыстықкөл" автомобиль жолын салу және реконструкциялау - 96 километр;

"Алматы – Көктал – Байсерке – Межреченское" автомобиль жолын реконструкциялау - 48 километр;

"Алатау – Заречное" бағытындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолын салу – 9 километр;

"Алатау қаласының айналма жолы" автомобиль жолын салу – 7,5 километр;

Жамбыл облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын келесі учаскелер бойынша күрделі және орташа жөндеу: "Тараз – Аса – Ақкөл – Саудакент" - 102 километр; "Тараз – Жетібай – Тегістік – Ойық" 1,7-61,7 километр; "Бірлік – Мойынқұм – Ұланбел – Шығанақ" 0-68 километр; "Луговая станциясы – Қорағатты – Тәтті" 0-61,9 километр; "Ақкөл – Қойгелді" 0-30 километр; "Төле би – Мойынқұм – Ақтөбе" 6-32 километр; "Тоғызкент – Досбол – Шығанақ" 0-103,6 километр;

Қызылорда облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын келесі учаскелер бойынша күрделі және орташа жөндеу: "Қызылорда - Жалағаш" – 47 километр; "Қызылорда – Айдарлы – Тартоғай" – 50,5 километр; "Шиелі – Қарғалы – Байкенже – Жаңақорған" - 40,8 километр; "Самара – Шымкент – Жаңақорған – Түгіскен" – 76 километр; "Келінтөбе-Қандоз" – 27 километр; "Арал – Әуежай – Жалағаш (Бірлестік)" – 62,7 километр.

2050 жылға қарай мына автомобиль жолдарында реконструкция жүргізу ұсынылады:

"Жизақ – Гагарин – Жетісай – Кировский – Қызыләскер – Абай – Сарыағаш – Жібек жолы" автомобиль жолын реконструкциялау – 146 километр;

"Тараз – Өтмек – Қырғызстан шекарасы" автомобиль жолын реконструкциялау – 14 километр;

Шымкент қаласының оңтүстік (сыртқы жартылай шеңбер) айналма жолын салу (Темірлан ауылы – Ақбұлақ ауылы – Еңбекші ауылы – Сұлтанрабат ауылы – Зертас ауылы – Мартөбе ауылы – Құрлық ауылы) – 118 километр;

"Жезқазған – Созақ – Кентау – Түркістан" республикалық маңызы бар автожолының құрылысы және жобалау-іздістіру жұмыстары - 539 километр, оның ішінде Түркістан облысының шекараларында-391,9 километр;

Алматы облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын келесі учаскелері бойынша күрделі және орташа жөндеу: "Алматы – Алатау – Қапшағай су қоймасы" - 48 километр, "Есік – Қырбалтабай – Алатау" - 67 километр, "Ұзынағаш – Күрті" - 22 километр, Үлкен Алматы каналының канал маңы автомобиль жолы – 64 километр, "Алматы 1 – Шамалған – Ұзынағаш станциясы" - 58 километр;

Қызылорда облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын: "Самара – Шымкент – Бекбауыл" – 22,4 километр; "Бөген – Көкарал – Ақбасты" – 90 километр; "Самара – Шымкент – Жақсықылыш – Тоқабай – Абай – Жіңішкекұм" – 45 километр; "Басықара – Алпар" – 31 километр; "Қазалы – Қожабақы – Бозкөл – Кәукей" - 31 километр; "Қазалы – Көларық – Бекарыстан – Жаңақұрылыс" – 29 км учаскелері бойынша күрделі және орташа жөндеу;

Түркістан облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын: Өзбекстан Республикасының шекарасы – Шардара – Арыс – Темірлан – М-32 "РФ шекарасы (Самараға) – Шымкент, Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы" – 125,2 километр; "Өзбекстан Республикасының шекарасы – Мырзакент – Жетісай – Өзбекстан Республикасының шекарасы" – 53,3 километр; "Шымкент – Қасқасу – Көксайек – Шымкент" – 19,5 километр; "Түркістан – Балтакөл" - 33,1 километр; "Бесқұбыр – Шардара" – 68 километр; "Жамбыл облысының шекарасы – Құмкент – Шолаққорған – Ашысай - Р-31 "Кентау – Түркістан – Арыстанбаб – Шәуілдір – Төрткөл" – Талапты (Отырар қалашығы) – 86,1 километр; "Балтакөл – Нұртас ауылы – Шорнақ – Қарнақ – Кентау" – 79,7 километр учаскелері бойынша күрделі және орташа жөндеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 мамырдағы №388 қаулысымен бекітілген Алатау қаласының бас жоспарында Алатау және Қонаев қалаларының батыс жағынан өтетін "Алматы – Талдықорған – Өскемен" бағытындағы ІА республикалық маңызы бар техникалық санаттағы автомобиль жолы және Алатау қалалары тарапынан Green District-ке дейін өтетін үздіксіз қозғалыстың жалпықалалық маңызы бар магистральдық көшесі жобаланады.

60. Қоғамдық жолаушылар тасымалы инфрақұрылымы өзінің техникалық және сервистік параметрлері бойынша тиісті жағдайға келтіру үшін айтарлықтай ресурстарды талап етеді.

2030 жылға қарай мыналар ұсынылады:

Алматыда үш жаңа автовокзал салу, "Саяхат" автовокзалын қайта жаңарту талап етіледі; Жетісу облысында Талдықорған қаласында -1 автовокзал; Алматы облысында екі автостанция (Кеген ауылы және Бақанас ауылы); Қызылорда облысы Шиелі кентінде – 1 автовокзал салу;

қолданыстағы автовокзалдар мен автостанцияларды: Леңгір, Арыс қалалары мен Ақсукеңт, Жібекжолы, Қазығұрт елді мекендерінің автостанцияларын реконструкциялау;

Алматы қаласында үш жаңа автостанция салу;

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің Алматы облысында сегіз жолаушыларға қызмет көрсету пунктінің құрылысы, Қаракемер (Еңбекшіқазақ ауданы), Қарғалы (Жамбыл ауданы), Қайнар, Шамалған, Үшқоңыр (Қарасай ауданы), Өтеген батыр, Байсерке және Боралдай (Іле ауданы) елді мекендерінде жолаушыларға қызмет көрсету пункттерін салу.

2040 жылға қарай мыналар ұсынылады:

Жамбыл облысында тоғыз автостанция салу, Қызылорда облысында (Жосалы кенті) – 2, Түркістан облысында – 3 (Т. Рысқұлов, Темірлан ауылдарында, Шаян кентінде) автостанция салу.

ға қарай мыналар ұсынылады:

Түркістан облысында төрт жаңа автовокзал салу, Түркістан қаласы - 1, Шымкент қаласы – 2, Тараз қаласында автовокзалды реконструкциялау – 1.

Ордабасы ауданы Темірлан кенті, Бәйдібек ауданы Шаян кенті, Түлкібас ауданы Т. Рысқұлов ауылы елді мекендерінде автостанциялар жоқ.

Шымкент қаласында қаланың солтүстік бөлігіндегі халықаралық және қалааралық маршруттар үшін орталық автовокзал және қаланың батыс бөлігіндегі базарларға жақын маңдағы маршруттар үшін автостанция салу ұсынылады. Сонымен қатар, 2030 жылға қарай - BRT желісін, 2040 жылға қарай LRT желісін салу ұсынылады.

Қазіргі уақытта Алматыда Орбита шағын аудандары мен Желтоқсан көшесі арасындағы ұзындығы 8,7 шақырым болатын бірінші учаске аяқталды, BRT бірінші желісі пайдалануға берілді. Ұзындығы 11,6 шақырым Шығыс автовокзалына дейінгі екінші учаскені және САП Депосы салу іске асырылып жатыр ("оңтүстік-батыс – орталық – солтүстік-шығыс" қатынастары). Жобалаудың аралық мерзіміне жобамен қала маңынан Алматы қаласына баратын жолаушыларды қалалық қоғамдық көлікке ауыстыру үшін жолаушыларға қызмет көрсететін он екі пункт салу ұсынылады.

Бұдан басқа Алматыда жақын болашақта мынадай жобалар іске асырылады:

"Райымбек" станциясынан № 3 станцияға дейінгі ұзындығы 20,5 шақырым болатын Алматы метрополитенінің бірінші желісінің құрылысын екі жолды есептеумен аяқтау. Станциялар саны – 15 ("батыс-орталық-солтүстік" қатынасы);

қаланың солтүстік және батыс бөліктеріне шығатын, оны 22 километрге ұзарту перспективасымен қаланың орталық бөлігін қамтитын жалпы ұзындығы 32,5 километр бірінші LRT желісін салу;

LRT (жеңіл рельсті көлік) және BRT/ бөлінген жолақтар (үлкен және аса үлкен сыйымдылықтағы автобустар және/немесе троллейбустар) негізінде бір-бірімен интеграцияланған және қала аумақтарының бірлігін және оның шалғайдағы бөліктері арасындағы сенімді байланыстарды қамтамасыз ететін басқа да жаппай жүрдек жолаушылар тасымалы жүйелерін жүзеге асыру.

Осылайша, автомобиль жолдарын реконструкциялау және салу бойынша ұсынылған жобалық ұсыныстар автожол инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз

етеді, көлік шығындары қысқарады, өңіраралық тасымалдар жылдамдығы артады, автокөлік инфрақұрылымы бөлігінде автовокзалдарды, автостанцияларды және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерін жаңғырту және салу арқылы халыққа автомобиль жолаушылар көлігі қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасы артады.

61. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде 8 әуежай жұмыс істейді. Оның ішінде Алматы, Қызылорда, Тараз, Түркістан, Шымкент қалаларындағы 5 әуежай халықаралық азаматтық авиация ұйымының стандарттары бойынша санатталған халықаралық маңызы бар әуежайлар болып табылады. 8 әуежайдың жалпы сыйымдылығы сағатына 3100 адамды құрайды.

Оңтүстік өңір жүк авиахабтарын дамыту үшін маңызды әлеуетке ие; жұмыс істеп тұрған халықаралық әуежайлар базасында жүк және жолаушылар авиатранзитін, сондай-ақ ілеспе сервистік көрсетілетін қызметтерді дамыту үшін транзиттік авиациялық хабтар құру ұсынылады.

Әуе көлігі инфрақұрылымын дамытуда 2030 жылға қарай мыналар ұсынылады:

Алматы қаласындағы әуежайдың аэровокзал кешенін реконструкциялау;

Түркістан облысының Сарыағаш, Алматы облысындағы Боралдай, Кеген, Бақанас, Жетісу облысындағы Жаркент елді мекендерінде жергілікті әуе желісінің (бұдан әрі - ЖЭЖ) әуеайлақтарын салу.

2040 жылға қарай ұсынылады:

Шымкент қаласында жаңа әуежай құру;

Тараз қаласында әуежайдың аэровокзал кешенін реконструкциялау;

Қызылорда облысы, Арал облысы, Жамбыл облысы, Қордай, Жетісу облысының Лепсі елді мекенінде ЖЭЖ әуеайлағын салу.

2050 жылға қарай ұсынылады:

Түркістан қаласында әуежайдың аэровокзал кешенін реконструкциялау;

Жамбыл облысының Мойынқұм және Шу елді мекендерінде ЖЭЖ әуе айлағын салу.

62. Қазіргі уақытта Алматы облысындағы ішкі су кеме қатынасы жолдарының ұзындығы 330 километрді құрайды. Қазіргі уақытта кеме қатынасы Қапшағай су қоймасының бассейні Іле өзені бойынша жүзеге асырылады, Іле жолының учаскесі – Іле өзені - Дубунь кентінде тоқтап тұр. Осыған байланысты жолаушылар легін ұлғайту мақсатында Алматы облысында су туризмін дамытуды қарау ұсынылады.

Қызылорда облысының негізгі су жолы – облыс бойынша ұзындығы 1 274 километр Сырдария өзені.

2030 жылға қарай:

Қонаев қаласында өзен вокзалдары мен айлақ құрылыстарын салу (ұсынылған итерациялық тәсілді ескере отырып);

Қызылорда облысындағы Сырдария өзенінде өзен айлағын салу;

Қапшағай су қоймасында айыппұл тұрағын ұйымдастыру (кемелер көп жиналатын жерлерде);

арнайы су көлігін (өзен трамвайлары, өзен таксилері) сатып алу;

Қапшағай су қоймасында түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Жүк ағыны мен жолаушылар ағынын азайту мақсатында 2040 жылға қарай Қызылорда облысында үш паром өткелін салу ұсынылады (2 - Қазалы қаласында, 1 - Шиелі ауылында).

Ішкі су жолдарын кеме қатынасы жағдайында тиімді қамтамасыз ету және тиісінше жүктердің кейбір түрлерін өзен көлігіне қайта бағдарлау жүк тасымалының қолда бар көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беру.

63. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің құбыр көлігі ұзындығы 7 994,1 километр магистральдық газ құбырларымен және ұзындығы 2 003,7 километр магистральдық мұнай құбырларымен ұсынылған.

Құбыр көлігінің инфрақұрылымын одан әрі дамыту үшін 2030 және 2040 жылға қарай:

"Қазақстан – Қытай" магистральдық мұнай құбырының өткізу қабілетін 20 миллион тоннаға дейін ұлғайту және оны елдің құбыр желісі жүйесінің негізгі бөлігіне қосу;

Шымкент агломерациясы учаскелерінде магистральдық мұнай құбырларын құбырішілік диагностикалау бойынша жұмыстар жүргізу;

мұнайды тасымалдау және транзиттеу көлемін ұлғайту мақсатында инновациялық технологияларды пайдалана отырып магистральдық мұнай құбырларының құбырларын үлкен диаметрге кезең кезеңімен ауыстыру;

көмірсутек шикізатын (мұнай/газ) терең қайта өңдеу өнімдерінің экспортына және қосылған құны жоғары өнім шығаруға көшу;

Оңтүстік және орталық өңірлердің экспорттық әлеуетін қолдау және тұрақты газбен қамтамасыз ету үшін "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырының екінші және үшінші желісін салу;

Алматы облысы "Шелек – Кеген" магистральды газ құбырын салу;

Жетісу облысы "Талдықорған – Үшарал" магистральды газ құбырын салу;

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің елді мекендерін барынша газдандыру.

Оңтүстік өңірге табиғи газ жеткізудің газ-тасымалдау жүйесінің негізін "Газли – Шымкент" магистралды газ құбыры, "Бұхара газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" магистралды газ құбыры (БГР-ТБА), "Амангелді – Тараз" қосушы-газ құбыры және "Қазақстан – Қытай" МГ құрайды.

2019 жылғы 27 желтоқсанда ұзындығы 1 061,3 шақырым болатын "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырына кесу жолымен "Қызылорда – Теміртау – Қарағанды – Астана" бағыты бойынша "Сарыарқа" магистральдық газ құбырының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді, бұл елорданы, елдің орталық және солтүстік

өңірлерінің бір бөлігін экологиялық таза отын түрімен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

"Ташкент – Бішкек – Алматы Бұхара газды ауданы", "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырлары елдің оңтүстік бөлігін қамтамасыз етеді және ең жоғары өткізу қабілеті режимінде пайдаланылады. 2018 жылы Алматы – Талдықорған магистральдық газ құбыры пайдалануға берілді.

2030 жылға қарай оңтүстік және орталық өңірлердің экспорттық әлеуетін қолдау және тұрақты газбен қамтамасыз ету үшін "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырының екінші желісін салу ұсынылады.

Нормативтік мәндерге сәйкестендіру және өткізу қабілетін арттыру мақсатында 12 автоматтандырылған газ тарату станцияларын реконструкциялау жоспарланған: Түркістан - 10, Тараз - 1 және Алматы - 1 қалаларында.

2030 жылға қарай: "Шелек – Кеген" (Алматы облысы) магистральды газ құбырын салу, "Талдықорған – Үшарал" (Жетісу облысы) магистральды газ құбырын салу ұсынылады.

Жамбыл облысы бойынша Қазақстан – Қытай магистральдық газ құбырының үш тармағы өтеді. Қазіргі уақытта Тараз қаласы мен Жамбыл облысын газбен жабдықтау Бұқар газды ауданынан (БГР) табиғи газбен жүзеге асырылуда.

Түркістан облысының аумағы бойынша жұмыс істеп тұрған 3 магистральдық газ құбыры өтеді: "Бұхара газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" (бұдан әрі – БГР-ТБА) МГҚ; "Газли – Шымкент" (бұдан әрі – ГШ) Атбұлақ кентінің солтүстігіне қарай "БГР-ТБА" МГҚ-мен жанасады; "Қазақстан – Қытай" МГҚ "Газли – Шымкент" газ құбырымен жанасқанға дейін "қатар", ал одан әрі "БГР-ТБА" "қатар" өтеді.

Қолданыстағы магистральдық құбырлардың өткізу қабілетін арттыру үшін оларды кезең-кезеңімен ауыстырып салу, инновациялық технологияларды қолдану арқылы диаметрлерді ұлғайту ұсынылады.

64. Транзиттік жүк ағыны көлік-логистикалық орталықтарды құрумен және дамытумен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің қазіргі көлік-логистикалық орталықтары Алматы қаласында, Алматы облысында, Жетісу облысында, Түркістан облысында орналасқан. "Кедентранссервис" АҚ-ның жүк терминалдары Алматы, Қызылорда және Шымкент қалаларында, сондай-ақ Алматы облысының аумағында орналасқан.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағында мыналар ұсынылады:

2030 жылға қарай: 13 КЛЮ салу: Алматы облысында – 3 бірлік, Жетісу облысында – 2 бірлік, Жамбыл облысында – 1, Түркістан облысында – 1, Шымкентте – 4, Қызылорда облысында – 2 бірлік;

Жобалаудың есептік мерзіміне қарай (2040 жыл): 9 КЛО салу: в Алматы облысында – 3 бірлік, Жетісу облысында – 1, Жамбыл облысында – 2 бірлік, Түркістан облысында – 3 бірлік;

жобалаудың болжамды мерзіміне қарай (2050 жыл): 5 КЛО салу: Түркістан облысында – 3, Қызылорда облысында – 2 бірлік.

Алматы мен Алматы облысы логистика тұрғысынан Қазақстан Республикасында неғұрлым дамыған болып табылады. Қолданыстағы КЛО: "Даму" логистикалық орталығы" ЖШС индустриялық-логистикалық орталық "А класс", "Тау Терминал" қойма кешені, "Қорғас" ШЫХО, "А" класты "Free Line Distribution" ЖШС, "KZ Silk Road Logistics" ЖШС "А" класты КЛО, сондай-ақ "USKO Logistics International" көпбейінді логистикалық кешені, "High Tech Logistic" ЖШС "Первомайский" терминалы.

Алматы агломерациясында "Даму Алматы", "Даму Қорғас" индустриялық-логистикалық парктері, "Даму Қайрат" және "Даму Ақсеңгір" жұмыс істейді. "Қорғас" ШЫХО АЭА Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандағы № 624 қаулысымен негізі қаланған, ауданы 608,56 гектар "Қорғас – Шығыс қақпасы" көліктік-логистикалық хабының маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

2030 және 2040 жылдарға қарай Алматы облысында қабылдау-жөнелту жолдарын кеңейте отырып, "Жетіген" теміржол станциясының базасында ірі тораптық мультимодальды көліктік-логистикалық орталық салу; Өтеген батыр кентінде, Іле ауданының Алатау қаласы мен Межуреченское ауылында, Қарасай ауданының Шамалған станциясында, Қонаев қаласында "А" класты логистикалық орталықтар және Алматы қаласының қала маңы аймағының аумағы бойынша халықаралық транзиттік тасымалдарды дамыту үшін ҰАААЖ негізіндегі логистикалық өндірістер салу ұсынылады.

2030 және 2040 жылға қарай Бірлік станциясында (Шу станциясының солтүстігінде), Тараз қаласында, Луговая станциясында КЛО салу ұсынылады.

2050 жылға қарай Қызылорда облысында Байқоңыр, Қызылорда, Жосалы, Арал қалаларында КЛО салу ұсынылады.

Байқоңыр қаласына (Төретам станциясы) тікелей жақын жерде "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізінің учаскесі темір жол магистралі өтеді, бұл Байқоңыр қаласында көлік-логистикалық орталықты ұйымдастыру үшін нақты алғышарттар жасайды.

Қызылорда қаласында ауданы 100,0 гектар болатын өңірлік мультимодальдық көлік-логистикалық орталық салу жоспарланған. Қызылорда қаласында КЛО салу бөлу орталықтарының функцияларын орындауға мүмкіндік береді.

"Жезқазған – Бейнеу" және "Арқалық – Шұбаркөл" жаңа теміржол желілерін іске қоса отырып, Қызылорда облысы Арал ауданы Арал станциясы ауданында өңірлік

КЛО салу республиканың оңтүстігінен Ақтау портына бағытталған жүк ағындарын қайта бөледі, "Қандағаш – Мақат – Бейнеу" теміржол учаскелерінің жүк қауырттылығын төмендетуге мүмкіндік береді.

Көлік логистикасын дамыту бойынша Түркістан облысында Түркістан қаласында, Арыс станциясында, Дарбаза елді мекенінде, Сарыағаш, Шардара қалаларында, Шақпақ ауылдық округінде, Түркістан облысының Қайнарбұлақ ауылында (Көлкент ауылы) көлік-логистикалық орталықтар салу ұсынылады.

Шымкент қаласының сауда-логистикалық аймағын кеңейту есебінен Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін толық қамтитын өңірлік хаб құрудың тамаша мүмкіндігі бар. Сондай-ақ "Continental Logistics Shymkent" көлік-логистикалық орталықтың базасында көтерме-тарату орталығының құрылысы жоспарлануда.

2030 жылдың аралық мерзіміне қарай индустриялық аймақтарда: "Бозарық" тұрғын алабы ауданында, Қайнар тұрғын алабы ауданында "Жұлдыз", "Стандарт" КЛО салу ұсынылады.

Болашақта ауыл шаруашылығы Арыс қаласы экономикасының негізгі бағыттарының бірі болып қала береді. Арыс қаласының ауыл шаруашылығын перспективалы дамытудың мақсаты бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешенді қалыптастыру болады.

Ауыл шаруашылығы Түлкібас, Сарыағаш, Сайрам аудандары экономикасының негізгі бағыты болып табылады, онда ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау үшін КЛО құрылысы ұсынылады.

Сондай-ақ, Өзбекстан Республикасымен сауданы ұлғайту үшін Сарыағаш қаласынан 36 шақырым жерде орналасқан "Сарыағаш" КЛО, Дарбаза елді мекенін салу ұсынылады. Осылайша, көліктік-логистикалық орталықтардың маңызды міндеттерінің бірі транзиттік жүк ағынын өңдеу болып табылады. Көліктік-логистикалық орталықтар бірыңғай технологиялық және ақпараттық процесті ұйымдастыру негізінде тауар қозғалысының ұтымды схемаларын іске асыруды жүзеге асырады, жеткізушілер мен тұтынушылардың қызметін біріктіреді, коммуникациялық дәліздер мен тораптық көліктік-логистикалық жүйелерді нығайтады.

5-параграф. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың негізгі бағыттары

65. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудағы басты мақсат – адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру және оның лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету.

Халық санының ұлғаюымен және урбандалу процесінің дамуымен Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде әлеуметтік инфрақұрылымға қажеттілік өсуде. Сондықтан жоба өндірістік, еңбек және мәдени-тұрмыстық байланыстардың жиынтығына, географиялық жағдай мен көліктің қол жетімділігіне негізделген экономикалық тұрғыдан орынды әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруды ұсынады.

Оңтүстік өңірдің ыңғайлы географиялық орналасуы, халықаралық көлік дәліздерінің өтуі, көлік торабы мен инфрақұрылымның болуы агломерациялар орталықтарының логистикалық әлеуетін кеңінен дамытуға мүмкіндік береді. Экономикалық өсудің маңызды нүктелері болып табылатын Алматы, Шымкент қалаларында халыққа қызмет көрсетудің өңіраралық деңгейі қалыптасып жатыр.

Облыс орталықтарында: Талдықорғанда, Таразда, Қызылордада, Түркістанда, Қонаевта өңірлік деңгей қалыптасады.

Кентау моноқаласында және Текелі, Қаратау, Жаңатас, Есік, Жаркент, Кентау, Сарқан, Талғар, Үшарал, Үштөбе, Шу, Арал, Қазалы, Байқоңыр, Арыс, Жетісай, Леңгір, Сарыағаш, Шардара шағын қалаларында халыққа қызмет көрсетудің ауданаралық деңгейі жетіліп жатыр. Өз кезегінде бұл қалалардың бір бөлігі аудандық деңгейді қалыптастырады.

Аудан орталығы мәртебесі берілген қалалар мен ауылдық елді мекендерде қызмет көрсетудің аудандық деңгейі айқындалған. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде барлығы 61 аудан (оның ішінде қалалардағы 13 аудан) бар.

Елді мекендер топтарына қызмет көрсету функцияларын орындайтын ауылдық округтердің орталықтарында жергілікті деңгей қалыптастырылады. Өңір бойынша жергілікті деңгейде жеті жүз он екі ауылдық округ бар.

Елді мекендерде халыққа қызмет көрсетудің қоныстану деңгейі қалыптасады. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде бойынша екі мың жүз елу бір ауылдық елді мекен бар.

66. Әлеуметтік инфрақұрылым элементтерінің болуының немесе болмауының басты өлшемі халықтың күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Экономикалық өсудің жаңа моделінің негізгі буыны білім беру болады. Өңірде балалар санының (0 – 14 жас) 11,5%-ға жоғары өсуі байқалады. Өңірдегі балалар санының өсуі білім беру объектілерінің тапшылығына байланысты проблемалардың алдын алу және білім беру саласындағы қазіргі проблемаларды шешу бойынша уақтылы іс-қимылды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде 2023/2024 оқу жылының басында жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша тәрбиеленушілерінің саны 547,8 мың баланы құрайтын бес мың алты жүз қырық төрт мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Талданатын кезеңде мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар саны үштен бірге өсті (35,4%). Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың саны мен үлесі артты. Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі 79,4%-ды, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі 20,6%-ды құрады. 2023 жылы 3,5 мың орындық 48 мектепке дейінгі ұйым пайдалануға берілді.

2025 жылға қарай 2 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамту 95%-ды, 3-жастан 6 жасқа дейін - 100 %-ды құрауы тиіс. 2023 жылы "Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта,

техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы" (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілді, онда бірінші бағыт тең бастапқы мүмкіндіктер жасау болып табылады. Негізгі шаралар жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру есебінен жаңа орындар ашу, қосымша алаңдарды, оның ішінде тұрғын үйлер мен басқа да үй-жайлардың бірінші қабаттарында пайдалану арқылы қолданыстағы желіні кеңейту болып табылады. Тұжырымдамаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты орналастыруды жоспарлаудың міндетті шарты аумақтық бірліктердің (аудан, шағын учаске), өңірлік көші-қон ағындарының және туудың демографиялық көрсеткіштерінің болжамы болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың перспективалық дамуы "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" Қазақстан Республикасының Ережелер жинағы 3.01-101-2013 (бұдан әрі – Құрылыс ережелері) сәйкес қолданыстағы жағдайды, халықтың болжамды санын және оның демографиялық құрылымын талдау негізінде орындалған Әлеуметтік сала объектілеріне өңірдің нормативтік қажеттілігін есептеу арқылы берілді. Бұл ретте, облыс халқын әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді қарау бюджеттік мүмкіндіктерді ескере отырып ұсынылады. Нормативтік деңгей халықтың демографиялық құрылымына байланысты Құрылыс ережелерімен белгіленеді. Құрылыс ережелеріне сәйкес жобада балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамтамасыз етудің есептік деңгейі 85% шегінде қабылданды, бұл 100% нормативтік қажеттілік болып табылады.

Жобамен 2030 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдар орындарын 17,8%-ға ұлғайту көзделген және 645,3 мың орынды құрайды, 2040 жылға қарай – 35,1%-ға және 726,0 мың орынды құрайды, ал 2050 жылға қарай – 1,6 есе ұлғайтылып, 842,4 мың орынды құрайды.

Болжалды кезеңде (2050 жылға дейін) Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі мектепке дейінгі білім беруде 288,8 мың орын қосу күтіледі.

2030, 2040, 2050 жылдарға арналған әкімшілік аудандар бөлінісінде мектепке дейінгі ұйымдарды дамытудың негізгі көрсеткіштері осы Өңіраралық схемаға 26-қосымшада келтірілген.

2023-2024 оқу жылының басында өңірде 1,9 миллион оқушысы бар 2,8 мың мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептер жұмыс істеді.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде 2000 жылдан бастап 554,0 мың оқушы орнын пайдалануға берумен 1 162 мектеп салынды, оның ішінде 2023 жылы 41,1 мың оқушы орны бар 77 мектеп пайдалануға берілді. Жаңа мектептердің ашылуы, оқушы орындарының өсуі олардағы оқушылар санының өсу қарқынына ілесе алмайды.

Бұған оқушы орындарының тапшылығының едәуір артуы дәлел (2015-2016 оқу жылындағы 74,3 мың орыннан 2019-2020 оқу жылындағы 366,3 мың орынға, 2023-2024 оқу жылындағы 546 мың орынға дейін).

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі жалпы білім беретін мектептердің ең көп оқушы орындарын Түркістан облысында (тапшылық – 119,7 мың орын), Шымкент (88,9 мың орын) және Алматы (114,7 мың орын) қалаларында енгізу қажет. Бұл өңірлерде халық санының жоғары өсуі және оқушы орындарының тапшылығы байқалады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі жалпы білім беретін мектептердің қажеттілігін есептеу Құрылыс қағидаларының нормаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын бір ауысымда оқытуды көздейді.

Жобада 2030 жылға қарай жалпы білім беретін мектептердің оқушы орындарының санын 1,8 есеге ұлғайту көзделген және 2 681,3 мың орынды құрайды, 2040 жылға қарай тағы 15,3%-ға (2030 жылмен салыстырғанда) ұлғаяды және 3 092,4 мың орынды құрайды, 2050 жылға қарай тағы 16,7%-ға ұлғаяды (2040 жылмен салыстырғанда) және жалпы білім беретін мектептердің оқушы орындары 3 608,0 мың орынды құрайды.

Жобаның басты міндеттері мыналар:

қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту, сапалы білім алуға қолжетімділікті теңестіру (тірек мектебі, құзырет орталықтары, "цифрлық мұғалім", жазғы мектеп, кадрларды ротациялау және басқа да тетіктер);

білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын және цифрлық инфрақұрылымын дамыту, қазіргі заманғы санитарлық нормаларға, қауіпсіздікке, жарақтандыру стандарттарына сәйкес келетін объектілермен қамтамасыз ету.

Үш ауысымды мектептердің проблемаларын шешу үшін әртүрлі тетіктер қолданылады: мемлекеттік бюджет және мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) есебінен нысаналы құрылыс; модульдік конструкциялардан мектептер салу (тез салынатын ғимараттардан).

Президенттің сайлауалды тұғынамасын іске асыру жөніндегі Жол картасын орындау мақсатында үш ауысымды оқыту, апатты мектептер және оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу мақсатында 2026 жылға қарай 1,5 миллион жаңа оқушы орындарын іске қосу жоспарлануда.

"Жайлы мектеп" жобасы шеңберінде 2026 жылға дейінгі кезеңде ағымдағы және болжанатын оқушы орындарының тапшылығын жабу үшін қалалар мен ауылдық елді мекендерде 460,4 мың оқушы орны (екі ауысымды оқыту кезінде) пайдалануға берілетін болады.

Әкімшілік аудандар бөлінісінде жалпы білім беретін мектептерді дамытудың 2030, 2040, 2050 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштері осы Өңіраралық схемаға 27-қосымшада келтірілген.

67. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі медициналық ұйымдардың желісі 2023 жылы 50,2 мың төсек қоры бар 419 ауруханамен және жоспарлы қуаты ауысымына 94,0 мың адам келетін 1 407 амбулаториялық-емханалық ұйымдармен ұсынылды.

Стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда халықтың 10 мың адамға шаққанда төсек-орынмен қамтамасыз етілуі 50,8 төсекті құрады, ал халықтың 10 мың адамға шаққандағы амбулаториялық-емханалық ұйыммен қамтамасыз етілуі бір ауысымда 95,1 адамды құрады. Амбулаториялық-емханалық ұйымдардың (бұдан әрі – АЕҰ) тапшылығы бір ауысымда 106,7 мың адамды құрады.

2023 жылы бір ауысымда 2 467 келушіге 50 амбулаториялық-емханалық ұйым, 250 төсек қоры бар 1 аурухана пайдалануға берілді.

Денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды іске асыру профилактикалық бағыттылықты күшейтті – Ұлттық скринингілеу бағдарламасын енгізу бойынша іс-шаралар жүргізілді, әлеуметтік қызметкерлер институттары құрылды, жалпы практика дәрігерлерінің саны артты.

Көптеген елдерде аурухананың рөлі қайта қаралуда – негізгі екпін ауруханада ұзақ емделудің орнына амбулаториялық диагностикаға, профилактикаға ауыстырылады, бұл аурухана төсектерінің қысқаруына әкелді.

Басты басымдықтардың бірі сапалы және қолжетімді медициналық қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады, мұнда негізгі көрсеткіштер мыналар: ауылдық елді мекендерді бастапқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық көмекпен қамту, медициналық көмек көрсетудің әлемдік стандарттарына сәйкес келетін жаңа және жаңғыртылған денсаулық сақтау объектілерінің жыл сайынғы саны болып табылады.

"Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" бекітілген пилоттық ұлттық жобасына сәйкес ауыл халқының медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру мақсатында республика бойынша 655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету объектісі, оның ішінде 260 медициналық пункт, 235 фельдшерлік-акушерлік пункт және 160 дәрігерлік амбулатория салынып, пайдалануға берілетін болады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің перспективалық дамуы барлық аудандар мен қалаларда нормативтік деңгейге қол жеткізумен сипатталады.

Жобада 2030 жылға қарай төсек қорын 16,8%-ға, 2040 жылға қарай - 13,1%-ға, жобалаудың болжамды мерзімінің соңына қарай-тағы 14,4%-ға ұлғайту көзделген және 2050 жылға қарай төсек саны 76,0 мың төсекті құрайды.

Жобада 2030 жылға қарай амбулаториялық-емханалық ұйымдарда ауысымға келуді 2,4 есеге, 2040 жылға қарай 15,7%-ға ұлғайту көзделген, ал болжамды мерзімге (2050 жыл) амбулаториялық-емханалық ұйымдарда ауысымға келу саны тағы 16,9%-ға ұлғаяды және ауысымға 305,2 мың адамды құрайды.

"Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасында" негізгі бағыттардың бірі "медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру" болып табылады, ол әлеуметтік бағдарлануға және ауылға басымдық бере отырып, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыру тәсілдерін қайта қарауды, шалғайдағы ауылдық елді мекендердің тұрғындарын фельдшерлік-акушерлік пункттермен және дәрігерлік амбулаториялармен қамтамасыз етуді, көліктік медицинаны және қашықтықтан қызмет көрсетуді дамытуды қамтиды.

2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде 1 320 адамды қамти отырып, қарттар мен мүгедек адамдарға арналған стационарлық үлгідегі 10 медициналық-әлеуметтік мекеме, 3 776 адамды қамтитын психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедек адамдарға арналған 13 медициналық-әлеуметтік мекеме, 494 баланы қамтитын психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балаларға арналған 5 медициналық-әлеуметтік мекеме, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған 53 бала контингенті бар 1 медициналық-әлеуметтік мекеме жұмыс істейді.

Жобамен жобалаудың есептік мерзіміне жобалық қуаты 50 орыннан аспайтын шағын жинақталған интернат үйлерін салу және қуаты 10-нан 50 төсек-орынға дейінгі күндізгі болу бөлімшелері түрінде әлеуметтік қызмет көрсетудің баламалы нысандарын дамыту ұсынылады. Дәл осындай әлеуметтік мекемелерді дамытудың тиімділігі интернат-үйлердің үлкен қуаттылығы өмір сүру процесінде адамдардың толып кетуіне, көрсетілетін қызметтердің сапа деңгейін төмендетуге және қоғамдағы азаматтардың әлеуметтік бейімделуіне, туыстық отбасылық байланыстардың жоғалуына әкелетіндігімен негізделген.

68. Өмір стандарты индикаторының маңызды сипаттамаларының бірі – тұрғын үй қорының сапасы мен саны. Өмір сүру сапасы, ұлт денсаулығы, әлеуметтік тұрақтылық, елдің экономикалық дамуы, демографиялық ахуал халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне байланысты.

Ең төменгі халықаралық стандарттар үй шаруашылығының әрбір мүшесінде оның мүшелерінің бірге тұруы үшін ортақ бөлмемен бірге жеке бөлменің (немесе үлкен үй шаруашылығына арналған екі бөлменің) болуын қамтамасыз етеді. Біріккен Ұлттар ұйымы ұсынған стандарт бойынша бір тұрғынға шаққандағы жалпы алаңның көлемі кемінде 30 шаршы метр болуы тиіс.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" заңға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй бір адамға кемінде он бес шаршы метр және он сегіз шаршы метрден аспайтын пайдалы алаң, бірақ кемінде бір бөлмелі пәтер немесе жатақханадағы бөлме мөлшерінде беріледі.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің тұрғын үй қоры 2024 жылдың басында тұрғын үйдің жалпы ауданы 189,4 миллион шаршы метрді құрады, оның

ішінде қалалық жерлерде – 115,5 миллион шаршы метр (61,0%), ал ауылдық жерлерде – 73,9 миллион шаршы метр (39,0%). Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің үлесіне елдің апатты үйлерінің жалпы ауданының 20,9% - ы тиесілі (осы Өңіраралық схемаға 28-қосымшада).

Халықтың тұрғын үйге артып келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жобада жаңа тұрғын үй қорын салу, қолданыстағы тұрғын үй қорын қайта жаңарту және күрделі жөндеу есебінен тұрғын үй қорының көлемін ұлғайту көзделеді.

Жобада 2030 жылдың соңына қарай тұрғын үй қорын 45,1%-ға, 2040 жылға қарай тұрғын үй қорын тағы да 25,2%-ға ұлғайту көзделген, ал болжамды кезеңге (2050 жыл) қарай тұрғын үй қорының көлемі 2040 жылмен салыстырғанда 30,2%-ға ұлғайып, 447,8 миллион шаршы метрді құрайды. 2050 жылдың соңына қарай халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі бір адамға шаққанда 30,0 шаршы метрді құрайды.

69. Мәдени даму адамдардың өмір сүру сапасын жақсартудың маңызды факторы, аймақтың тұрақты дамуының маңызды ресурсы болып табылады.

Бірыңғай мәдени кеңістікті қалыптастыру, азаматтардың әртүрлі топтарының мәдени құндылықтары мен ақпараттық ресурстарына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін жағдай жасау қажеттілігі туындады.

Мәдениет мекемелерінің аумақ бойынша біркелкі бөлінбеуі, олардың қалалық елді мекендерде шоғырлануы және ауылдық елді мекендердегі санының жеткіліксіздігі өңірдің барлық халқына, әсіресе ауыл тұрғындарына мүмкіндік беру үшін мәдениет объектілерін салу қажеттілігін туындатады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде 2024 жылдың басында 10,6 мың орындық 39 театр, 29,0 мың орындық 48 кинотеатр, 168,4 мың орындық клуб үлгісіндегі 896 мекеме, 62,0 миллион томды сақтауға арналған 1 250 кітапхана жұмыс істеді.

Халықтың мәдениет объектілерімен қамтамасыз етілу көрсеткіштері біртіндеп төмендеуде, оның себебі өңір халқы санының өсу қарқыны жаңа мәдениет объектілерін пайдалануға беру қарқынынан асып түсуі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің мәдениет объектілерін енгізу 2050 жылға қарай халықты мәдениет объектілерінің барлық түрлерімен нормативтік қамтамасыз етуге қол жеткізе отырып, кезең-кезеңімен жүргізумен көзделеді. Жобамен болжамдық 2050 жылға театрлардағы орындарының саны 45,2 мың орынды құрайтыны, кинотеатрлар орындарының саны 225,5 мың орынды құрайтыны, клуб үлгісіндегі мекемелер орындарының саны 1 624,0 мың орынды құрайтыны көзделген.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде халықтың кітапханалармен жоғары қамтамасыз етілуі байқалады. Алайда, қалалар мен аудандар бойынша кітап қорының тапшылығы бар. Жобалаудың болжамды мерзімінің соңына қарай кітапхана қоры тағы 1,5 есеге артады және 92,2 миллион сақтау томын құрайды.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің дамуындағы мәдени сектор рөлінің өсуі, оның қоғамдық дамудың кең мақсаттарына бағдарлануы қоғамдық қабылдаудағы мәдениет саласының мәртебесін, оның ұзақ мерзімді перспективада тұрақтылығын арттыруға алып келеді. Осының арқасында мемлекет қана емес, бизнес те мәдени жобалардағы серіктестер болады.

6-параграф. Рекреациялық инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары

70. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің рекреациялық инфрақұрылымын дамыту өңірдің құрамына кіретін облыстардың аумағында туристік әлеуеттің болуы шеңберінде қаралады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2023 жылы Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде орналастыру орындарының саны 1 667 бірлікті құрады (республиканың орналастыру орындарының жалпы санының 41,7%), оларда 33 434 нөмір бар, бұл ретте біржолғы сыйымдылығы 79 801 төсек-орынды құрайды. Орналастыру орындарымен 3 711,1 мың адамға және 105 273,2 миллион теңге сомасына қызмет көрсетілді.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде халықаралық стандарттарға сәйкес келетін орналастыру объектілерінің саны аз. Орналастыру орындарының жалпы санының 97,2%-ы санатсыз объектілерге және өзге де орналастыру орындарына жатқызылған. Бұл деректер отандық және шетелдік туристерді қабылдауға сәйкес келетін сапалы ұсыныспен қамтамасыз етудің төмендігін айқын көрсетеді.

2023 жылы Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде санаттар бойынша орналастыру объектілерінің үлесі 1, 2, 3, 4, 5-жұлдызды номиналды түрде 46 қонақ үй немесе барлық орналастыру орындарының жалпы санының 2,8% құрады.

71. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі Қазақстанның басқа өңірлерінен айырмашылығы өзіндік ерекшелікке ие және туризм өсімінің драйвері бола алатын бірқатар артықшылықтарға ие:

Тұран шөлінің, Батыс Тянь-Шаньның табиғи объектілерінің және ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра ескерткіштерінің болуы;

Ұлы Жібек жолының қазақстандық учаскесінде орналасқан тарихи-мәдени объектілердің жоғары тығыздығы;

Орталық Азия халықтары мен Жібек жолы елдерінің аспаздығының кең көрінісі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі тұрғындарының қонақжайлылығы;

аумақтың айтарлықтай туристік-рекреациялық әлеуеті;

мегаполистердің дамыған инфрақұрылымы және дерлік таза табиғатқа жақындығы.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі мәдени-танымдық туризмнің тиімді жағы географиялық орналасуы болып табылады. Өңір Өзбекстан

Республикасымен, Қырғыз Республикасымен және Қытай Халық Республикасымен шектеседі, сондай-ақ Қазақстанның басқа облыстарын айналып өтіп, Ресей Федерациясының, Түркіменстанның, Әзірбайжанның аумағына кіреді (осы Өңіраралық схемаға 29-қосымшада).

72. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің шекаралас жағдайы, үш мемлекеттің түйіскен жерінде орналасуы және халықтық дәстүрлердің алуан түрлілігі этнографиялық және оқиғалық туризмді дамытуға жағдай жасайды. Іс-шаралық туризмнің негізгі құрамдас бөлігі жыл бойы туризмнің әлеуетін ілгерілетуге бағытталған қысқа мерзімді мәдени-іс-шараларды (фестивальдар, түрлі тақырыптағы көрмелер, спорттық іс-шаралар, ұлттық ойындар, гастрономиялық турлар) өткізу болып табылады.

Сонымен қатар, өңірдің тұрғындары мен қонақтарына бос уақыттарын дұрыс жоспарлауға мүмкіндік беретін бірыңғай іс-шаралар күнтізбесін құру ұсынылады.

Этнографиялық туризмді ұйымдастыруда қатысушыларды Қазақстан Республикасының ұлттық әдет-ғұрыптарымен, дәстүрлерімен және мәдениетімен таныстыру аса маңызды болып табылады. Осыған байланысты, Қазақстанның туристік картасына енген Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің басым туристік аумақтарында этнографиялық кешендерді орналастыру мәселесін қарау ұсынылады.

73. Гастрономиялық туризм өзінің бірегей гастрономиялық ерекшеліктеріне ие бола отырып, Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде перспективалы және қарқынды дамып келе жатқан туризм түрлерінің бірі болып табылады. Оны одан әрі ілгерілету үшін "Жібек жолы Гастрономиясы" туристік брендин дамыту керек, оның негізінде ұлттық және Орталық Азия тағамдары дамытатын болады.

74. Ұлы Жібек жолының қазақстандық учаскесінде мәдени-танымдық туризмді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Оңтүстік өңірдің өңіраралық схемасының жобасымен іргелес мемлекеттердің Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихи-мәдени объектілерді біріктіретін трансшекаралық маршруттар құру ұсынылады.

Басты бәсекелестік артықшылығы – өңір трансшекаралық маршруттардың қазақстандық бөлігі бірегей табиғи ландшафттармен, эндемикалық флора мен фаунамен, табиғат ескерткіштерімен, ежелгі қалалар халықтарының тарихи-мәдени мұрасы мен мәдениетімен үйлескен аралас турлармен ұсынылған.

75. Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірінде қолөнер саласын дамыту үшін үлкен әлеует бар. Оны дамыту мақсатында және қазіргі заманғы шындықтарды ескере отырып, Қазақстан Республикасында Қолөнершілікті дамыту тұжырымдамасын өзектендіру мүмкіндігін қарастыру қажет.

76. Республикалық "Ордабасы", "Гаухар-Ана", "Сауран" және "Есік" музей-қорықтарының аумағында визит-орталықтар салу жолымен тарихи-мәдени мұра объектілерінің базасында туристік инфрақұрылым құру да перспективалы болып табылады.

Мәдени-танымдық туризмді дамыту мақсатында республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағында орналасқан киелі объектілерді сақтау жөніндегі шараларды көздеу қажет, оларға мыналар жатады:

Алматы облысындағы Талғар, Қарамерген қалашықтары, Таңбалы археологиялық ландшафтының петроглифтері (мемлекеттік музей-қорық);

Жетісу облысындағы Қойлық қалашығы, Жаркент мешіті сәулет кешені, Бесшатыр қорған қорымы;

Жамбыл облысындағы Ақтөбе (Степнинское), Құлан, Өрнек, Қостөбе қалашықтары, Ақыртас сарай кешені, Қарахан, Тектұрмас, Айша Бибі, Бабаджи Хатун кесенелері;

Қызылорда облысындағы Айқожа, Құттыбай, Сырлытам кесенелері, Сығанақ (Сунақата), Жент (Жаңақала), Жанкент (Янгикент), Жетіасар (Алтынасар) қалашықтары ;

Түркістан облысындағы Қожа Ахмет Яссауи, Рабия Сұлтан Бегім, Есім хан, Гаухар ана, Арыстан баб кесенелері, Жерасты Қылует Хильвет мешіті, Сауран, Күлтөбе, Отырар қалашықтары;

Шымкент қаласындағы Сайрам (Испиджаб) қалашығы, Абдель Азиз баба, Ибрагим Әли, қажы Салиха, Мирали баба, Қарашаш ана кесенелері және басқа да көптеген объектілер.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін, оның ішінде ЮНЕСКО-ның барлық мәдени және басым объектілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының киелі білім беру объектілерін тізімге енгізу және Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріне туристер ағынын ұлғайту үшін жоспарланып отырған объектілер арасында және арасында танымал ету.

77. Еліміздің 119 ерекше қорғалатын табиғи аумағының 38 объектісі Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағында орналасқан, оларда: Шарын каньоны, Шымбұлақ, Берікқара шатқалдары, Үлкен Алматы көлі, Көлсай көлдері, ән салатын бархандар, Шарын шаған орманды саяжайы, Сайрамсу, Біркөлік және Машат шатқалдары, Сусіңген және Мақпал көлдері, Ақсу және Көксай өзендерінің каньоны және басқалары сияқты бірегей табиғи кешендер орналасқан.

Экологиялық туризмді дамыту үшін мынадай ерекше қорғалатын табиғи аумағының аумақтары: "Іле-Алатау", "Шарын", "Алтын Емел", "Көлсай көлдері", "Жоңғар-Алатау", "Сайрам-Өгем" мемлекеттік ұлттық табиғи парктері, Алматы және Алакөл аудандары, Ақсу-Жабағылы, Барсакелмес, Қаратау қорықтары, сондай-ақ көптеген табиғи қорықтар мен қорық аймақтары ұсынылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумаққа келушілер жыл сайын артып келеді. 2022 жылмен салыстырғанда Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңіріндегі ерекше қорғалатын табиғи аумаққа келушілер саны 156,8 мың адамға артып, 1,2 миллионнан астам адамды құрады. Алматы қаласы мен Алматы облысының айналасында дамыған

демалыс күндері турлар халық арасында танымал бола түсуде. Бұл ретте, бұл турлардың өзегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар болып табылады.

Экологиялық туризм бойынша туристік маршруттарды іске асыру шеңберінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жүктемені азайту жөніндегі іс-шараларды көздеу ұсынылады.

Экологиялық туризмге сұраныстың артуын ескере отырып, кірме жолдарды жайластыру, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағында жеңіл инфрақұрылым құру (қазіргі заманғы эко-қонақ үйлер, визит-орталықтар, глампингтер, этно-ауылдар, шолу алаңдары, тамақтану пункттері, санитариялық-гигиеналық тораптар), туристік навигациялық жүйені кеңейту және тау соқпақтары мен туристік маршруттарды абаттандыру жолымен ерекше қорғалатын табиғи аумақты дамыту жөніндегі шараларды көздеу қажет. Керуеншілер мен автотуристер үшін жабдықталған тұрақтардың, сондай-ақ экологиялық жолдар мен туристік маршруттар бойындағы интернет-инфрақұрылыммен қамтамасыз етудің қажеттілігі атап өтіледі.

78. Өңір қонақтарына тұру, демалу, тамақтану, экскурсиялық қызмет көрсету, бос уақытты ұйымдастыру бойынша қызметтер кешенін қалыптастыру мен ұсынуды, сондай-ақ ауылдық жерлерде туризмнің белсенді түрлерімен айналысу мүмкіндігін көздейтін аграрлық туризм (агротуризм) ерекше өзектілік пен танымалдылыққа ие болуда.

Шаруа, фермер және жеке қосалқы шаруашылықтар агротуризмді дамытудың негізі ретінде ең перспективалы болып табылады. Осыған байланысты, агротуризммен айналысатын ауыл тұрғындары мен шағын орта бизнес үшін маркетинг, қонақ үйлер ашу, бизнес жүргізу және жаңа туристік өнімдер жасау бойынша оқыту іс-шараларын жүргізу ұсынылады.

79. Жағажай туризмін ұйымдастыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде 162 жағажай аумағын (пирстерді, заманауи биотуалеттерді, киім ауыстыруға арналған кабиналарды, қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлерді, ағаш тапшандарды, шатырларды, құтқару мұнараларын қоса алғанда) жайластыру жөніндегі мәселені пысықтау қажет.

Сонымен қатар, ұйымдастырылған жағажай аумақтарын:

Алматы облысындағы Жаңа Іле Қапшағай су қоймасының оңтүстік-батыс жағалауы және учаскесінде;

Жетісу облысының Алакөл және Балқаш көлдерінде;

Қызылорда облысының Қамыстыбас және Ханқожа көлдерінде;

Жамбыл облысындағы Ақкөл, Билікөл көлдері және Балқаш көлінің оңтүстік-батыс жағалауында;

Түркістан облысы Бөген, Қосқорған, Кеңсай-Қосқорған және Шардара су қоймаларында;

Шымкент қаласындағы Бадам және Тоғыс су қоймаларында қарастыру керек.

Балқаш көлінде, Іле өзенінде және Қапшағай су қоймасында өзен круиздерін, су спорты мен туризмін дамыту перспективалары бар.

80. Оңтүстік Қазақстанның таулы алқаптары: Солтүстік және Батыс Тянь-Шань – Кетмен, Теріскей, Күнгей, Іле, Жоңғар және Талас Алатауы белсенді демалысты дамыту үшін кең мүмкіндіктер ұсынады. Іле Алатауының баурайындағы тамаша шаңғы трассалары, қызықты жартас учаскелерінің болуы тау шаңғысы спорты мен тауға өрмелеуді одан әрі дамытуды қарастыруға мүмкіндік береді.

Жұмыс істеп тұрған ірі тау шаңғысы орталықтарының ішінде мыналарды атаған жөн "Шымбұлақ" және "Табаған" тау шаңғысы курорттары, "Oi-Qaragai lesnaya Skazka" таудағы курорт-отелі, биік тау курорты – "Ақ Бұлақ" отелі, "Медеу" биік таудағы мұз айдыны, "Pioneer" тау сауықтыру кешені және "Альпийская роза" биік таудағы отель.

Туристификация картасының басым туристік бағыттарының бірі Алматы өңірінің тау кластері болып табылады. Кластер Түргеннен Қаскелеңге дейінгі орындарды қамтитын екі әкімшілік-аумақтық бірлікке бөлінген: Алматы қаласы және Алматы облысы. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің өңіраралық схемасының жобасымен шаңғы тебудің бірыңғай аймағын білдіретін, сол арқылы тау шаңғысы трассаларының жалпы ұзындығын ұлғайта отырып, сондай-ақ жаяу, велосипед, ат маршруттары мен аспалы жолды дамыту жолымен шығыс және батыс бөліктің таулы жерлерін бірыңғай тау кешеніне біріктіру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Тау-кен кластерін дамытудың ұзақ мерзімді перспективасы үшін дамудың мастер-жоспарын әзірлеу қажет.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің көптеген тау шаңғысы базалары халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді, материалдық-техникалық базаны жаңартуды талап етіледі және көбіне жергілікті халыққа қызмет көрсетуге арналған. Тау шаңғысы туризмі объектілеріне жыл бойы жұмыс істеуі үшін ұсынылатын қызметтер спектрін кеңейту қажет.

Туристік инфрақұрылымды дамытуға, сондай-ақ Алматы облысындағы "Oi-Qaragai – Ақтас", "Ақбұлақ" және "Табаған" тау курорттарын, сондай-ақ Алматы қаласындағы "Шымбұлақ", "Бутаковка" курорттарын және "Еңбек" тау шаңғысы базасын реконструкциялау және кеңейту жөніндегі жалпыұлттық пулдың инвестициялық жобаларын іске асыру талап етіледі.

Тау шаңғысы туризмін дамыту үшін перспективалы аумақтарға мынадай аумақтар жатады:

Талғар ауданында Ойқарағай шатқалы; Түрген шатқалы және Есік қаласы шегінде, Еңбекшіқазақ ауданындағы Іле Алатауы жотасының орталық бөлігінің солтүстік сілемдері; Райымбек ауданында Баянкөл шатқалы; Алматы облысы Қарасай ауданындағы Қаскелең алқабы;

Жетісу облысы Текелі қаласының маңындағы Солдатсай және Черкесское шатқалдары;

Жамбыл облысы Жуалы ауданында Талас Алатауы тауларындағы (Батыс Тянь-Шань) Қаралма шатқалы;

Түркістан облысы Төлеби ауданында Қасқасу шатқалы.

81. Туристер рафтингке де үлкен қызығушылық білдіреді. Алматы облысының Түрген, Іле, Шелек, Шарын, Көксу және Басқан, Лепсі және Тентек, Жамбыл облысының Шу мен Талас, Қызылорда облысының Сырдария, Түркістан облысының Арыс, Сайрам су, Үлкен Бөген және Өгем өзендері рафтингпен және байдаркамен жүзу үшін қолайлы.

82. Дельтаплан және парапландармен ұшу Іле Алатауы, Қаратау жотасы, сондай-ақ Қырғыз және Талас Алатауы тау жоталарының бойында қалыптасты. Бұл жерде қалықтауға және халықаралық жиындар мен жарыстарды өткізуге бірегей жергілікті жағдайлар жасалған.

83. Бетпақ дала шөлі мен Мойынқұм, Қызылқұм құмдарының оқиғалық сафари іс-шаралары мен жол талғамайтын көліктердегі ралли жарыстарын және атпен серуендеуді ұйымдастыру дамыту әлеуеті бар.

84. Қосымша білім беру жүйесіндегі басым бағыт балалар-жасөспірімдер туризмін (БЖТ) және өлкетануды дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ деректеріне сәйкес республикада туристік-өлкетану білім беру қызметін 38 жас туристер станциясы және 14 жас натуралистер станциясы жүзеге асырады, онда 40 мыңнан астам оқушы айналысады. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде 2023 жылы осы үйірмелерде оқитын балалардың үлесі жалпы санының 36,4%-ын немесе 14 618 оқушыны құрады.

Қызылорда облысында жас туристер станциясы жоқ, ал Алматы қаласының жас туристер мен натуралистер станциялары "Оқушылар сарайы" МКҚК туристік-өлкетану бөлімшесіне қосылып, қайта құрылды.

Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту мақсатында келесі іс-шараларды өткізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады:

қосымша білім берумен қамтылған балалардың үлесін ұлғайт;

БЖТ объектілерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту;

БЖТ бойынша білім беру бағдарламаларын жаңарту;

жаппай балалар-жасөспірімдер іс-шараларын ұйымдастыру;

Қызылорда облысында облыстық деңгейден аудандық деңгейге дейін БЖТ ұйымдарының желісін құру.

Туристік көпсайыс бойынша мектеп спартакиадаларын, облыстық, республикалық слеттерді тұрақты негізде өткізу балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тұрақты мүдделерін және ерте кәсіби бағдарлануын қалыптастыруға ықпал ететін болады.

85. Емдеу-сауықтыру туризмі өңірдегі демалыстың басқа түрлері арасында көшбасшы орындардың бірін алды. Минералды сулар мен емдік балшық кен орындарының меншік көздері Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде емдік-сауықтыру туризмін дамытуға негіз болды.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі аумағындағы ең танымал санаторий-сауықтыру объектілеріне: "Алатау" емдеу-сауықтыру кешені, "Көктем", "Ақ бұлақ", "Қазақстан", "Жаркент-Арасан", "Керім-Ағаш" санаторийлері, "Ақ қайың" сауықтыру кешені, "Оқжетпес" ЕСК" АҚ, "Алматы" филиалы, "Жаңақорған", "Мерке", "Көктал", "Сарыағаш", "Манкент", "Araу Deluxe", "Көктерек", "Окси-Сарыағаш", "Алтын бұлақ-Сарыағаш" шипажайлары жатады.

Халықаралық деңгейдегі жыл бойы бальнеологиялық курорттарды дамыту перспективалары: Түркістан облысының Сарыағаш курорттық аймағы; Қызылорда облысының Жаңақорған балшық курорттары және Алматы облысының Арасан санаторий-курорттық аймағы аумақтарында бар. Рекреациялық аймақтарды халықаралық курорттарды дамытудың бірыңғай тұжырымдамасына келтіру үшін жаңаларын салу, реконструкциялау, оның ішінде олардың аумақтарында орналасқан кейбір санаторийлерді кеңейту қажет болады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағында бальнеологиялық мақсаттағы минералды сулар мен емдік балшық қорларының болуын ескере отырып, кен орындары базасында жаңа санаторий-курорттық объектілерді ұйымдастыру әлеуеті бар:

Нарынқол ауылынан солтүстік-батысқа қарай 35 шақырым жерде Райымбек ауданындағы Тұзкөл көлі кен орнында, Түрген ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 18 шақырым жерде Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы Тау-Түрген кен орнында;

Жетісу облысы Панфилов ауданы Жарқұнақ кен орнында Жаркент ойпаты шеңберінде;

Жамбыл облысы Кіші Ақкөл көлінің кен орнында;

Қызылорда облысы Арал қаласының Арал кен орнында.

86. Алматы және Шымкент қалаларында жоғары технологиялық медициналық орталықтардың болуы саланы дамыту бойынша қосымша бағыт ретінде медициналық туризмді дамытудың белгілі бір мүмкіндіктерін ашады.

87. Оңтүстік өңір MICE (іскерлік) туризмін дамытудың жоғары әлеуетіне ие. Алматы мен Шымкент мегаполистері тартымды MICE-дестинациялары болып табылады және туристерді тартуға және туристік өнімнің алуан түрлілігіне ықпал ететін инновациялық бағыт ретінде креативті индустрияның орталықтары болып саналады.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес, ауқымды іс-шараларды өткізу туристік ағымды арттырудың ең тиімді тетіктерінің бірі болып табылады. Әлемдік деңгейдегі ірі

МІСЕ-ивенттерді өткізу үшін қолданыстағы нысандарды жаңғырту және ірі көрме кешендерін (конгресс-орталықтарды) ашу талап етіледі.

88. Туристік объектілердің көліктік қолжетімділігі және жол бойындағы сервис инфрақұрылымының сапасы оңтүстік өңір аумағында туризмді дамытудың айқындаушы факторларының бірі болып табылады.

"ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ деректері бойынша 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикалық автомобиль жолдары желісі бойында жол бойындағы сервистің 1 523 объектісі жұмыс істейді, оның ішінде Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірінің аумағында 481 объект орналасқан, оның ішінде 391 объект (81,3%) ҚР СТ 2476-2014 "Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жол сервисі объектілеріне және олардың қызметтеріне қойылатын талаптар" ұлттық стандартының талаптарына жауап береді.

Ұлы Жібек жолының қазақстандық учаскесі бойындағы ұлттық стандартқа сәйкес келетін жол бойындағы сервис объектілерінің санын ұлғайту туристер үшін алыс қашықтықтарды кесіп өтуге мүмкіндіктер мен жағдайлар жасайды, бұл өз кезегінде туристер трафигін ұлғайтады және мәдениетаралық коммуникацияларды жандандырады.

"Түркістан – Шымкент – Ташкент" жоғары жылдамдықты теміржол магистралінің құрылысы Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін дамыту үшін маңызды мәнге ие. Жаңа темір жол транзиттік мүмкіндіктерді кеңейтеді, туристік саланың дамуына серпін береді, сондай - ақ екі мемлекеттің – Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының туристік әлеуетін нығайтады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің әлемдік туристік нарықтарға белсенді шығудың барлық алғышарттары бар. Аймақтың негізгі туристік өнімі әртүрлі табиғи ресурстар, тарихи және мәдени мұра болып табылады.

4-тарау. Табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстармен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар

1-параграф. Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

89. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі аумағындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы 2050 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар экологиялық жағдайды жақсарту және тұрақтандыру, халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, табиғи экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру, табиғатты ұтымды және орнықты пайдалану болып табылады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағын кешенді дамытудың экологиялық талаптарына мыналар жатады:

табиғи кешеннің аумақтарын ауа бассейнінің ластануынан қорғау;

жерүсті және жерасты су ресурстарын ластанудан және сарқылудан қорғау;
урбандалған аумақтарды физикалық факторлардың әсерінен қорғау (шу, діріл, электромагниттік сәулелену);
топырақ-өсімдік жамылғысын атмосфераға зиянды заттардың шығарылуынан және қатты-тұрмыстық қалдықтардың түзілуінен қорғау;
жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау;
"тарихи" ластануларды жою;
көгалдандыру және микроклиматтық жағдайларды жақсарту арқылы өмір сүру ортасының жайлылығын арттыру.

90. Өңірдегі өндірістік-шаруашылық қызметті экологияландырудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады (осы Өңіраралық схемаға 30-қосымша):

қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділерін тазартудың, шу деңгейін төмендетудің, топырақты тазартудың, жерүсті су объектілерін қалпына келтірудің, қалалық және ауылдық аумақтарды және коммуналдық инфрақұрылымды ұстаудың инновациялық экологиялық технологияларын енгізу;

өнеркәсіп алаңдарының аумағын пайдаланудың тиімділігін арттыру, экологиялық зиянды өндірістерді ығыстыру, өндірістік аумақтарды қайта игеру, оларды жаңа функциялармен алмастыру;

технологиялық жабдықтарды жетілдіру, кәсіпорындарда инновациялық ресурс үнемдейтін және энергия тиімді технологияларды әзірлеу және пайдалану, тұйық технологиялық циклдерді енгізу;

экологиялық талаптарды ескере отырып, табиғат пайдаланудың жаңа нысандарын енгізу (су тұтынуды қысқарту, қалдықтар көлемін азайту және басқа);

өндірістік және тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату, залалсыздандыру және көму инфрақұрылымын дамыту;

экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында қазіргі заманғы көлік инфрақұрылымын және экологиялық қауіпсіз көлікті дамыту;

жаңа энергия үнемдейтін технологиялар мен экологиялық таза материалдарды пайдалану;

абаттандырылмаған аумақтарды көгалдандыру және қайта ұйымдастырылатын өнеркәсіптік аймақтардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың, құрылыстардың және өзге де объектілердің санитариялық-қорғау аймақтарының аумақтарын көгалдандыру есебінен жасыл екпелер аумақтарының алаңдарын ұлғайту.

Өңірде орнықты экологиялық даму және табиғатты ұтымды пайдалану табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға және ұтымдылығын қамтамасыз етуге, болашақ ұрпақ үшін ресурстық әлеуетті сақтауға бағытталуы тиіс.

91. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің қалалары мен өнеркәсіп орталықтарындағы ауа бассейнінің ластануы халықтың денсаулығына теріс әсер ететін қоршаған ортаға әсер етудің жетекші факторларының бірі болып қала береді.

Өңірдің атмосфералық ауасына ең көп теріс әсерді жылу-энергетикалық сектор, тау-кен өндіру және тау-кен өңдеу саласы, қара және түсті металлургия, автокөлік кәсіпорындары тигізеді.

Өңірдің бірқатар қалаларында атмосфераның ластану деңгейіне орографиялық жағдайлар айтарлықтай әсер етеді. Бірінші кезекте оларға Алматы мен Шымкент жатады.

Атмосфералық ауаның жағдайын қорғау және жақсарту өңір аумағында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басым міндеттердің бірі болып табылады.

Атмосфералық ауаны қорғаудың негізгі шараларына мыналар жатады:

бірінші кезең:

өңір кәсіпорындарының атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын төмендету бойынша шаралар қабылдауы;

өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындарының кешенді экологиялық рұқсаттарға көшуі;

өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитариялық-қорғаныш аймақтарының шекараларында атмосфералық ауаның ластануын мониторингілеудің автоматтандырылған жүйелерін енгізу;

өңірдің барлық қалалары мен елді мекендерінде атмосфераның ластану деңгейін (АЛИ) 0-4 (төмен деңгей) дейін төмендету;

Талдықорған қаласындағы № 2, 3, 4 қазандықтарды газ отынына ауыстыра отырып кеңейту;

өңірдің тұрғын үй алаптарын, әлеуметтік, өндірістік және өзге де объектілерін газ отынына кезең-кезеңімен көшіру;

"Байқоңыр" кешенінен зымырандарды ұшыру кезінде ауадағы зиянды заттарға (гептил, керосин және басқалар) бақылау жүргізу;

жел режиміне жүргізілген зерттеулерді ескере отырып, Алматы, Шымкент қалаларының қала құрылысы жобаларына өзгерістер енгізу;

өңірдің кәсіпорындарының атмосфераға шекті жол берілетін шығарындылар нормативтерін сақтауын бақылау;

"Евро-5" стандартының талаптарына сәйкес келетін және отын ретінде сұйытылған газды пайдаланатын жаңа автокөлік құралдарының (қалаішілік жолаушылар және жүк құралдарын қоса алғанда) үлесін ұлғайту;

автотехниканың отын жүйелерінің жағдайы мен реттелуін жүйелі бақылау, пайдаланылған газдардың құрамын бақылау;

экологиялық көлікті дамыту және көліктің балама түрлеріне арналған инфрақұрылымды жақсарту (велосипедтер, электросамокаттар және басқалар);

қалалардың жасыл аймақтарын, оның ішінде интродуцент өсімдіктерін пайдалана отырып, бірінші кезекте Алматы, Шымкент, Қызылорда, Түркістан, Тараз қалаларында сақтау және дамыту;

тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын санитариялық жайластыру, олардың тұтануын болдырмау;

"Ақылды қала" (Smart City) тұжырымдамасын енгізу шеңберінде өңірдің қалаларында атмосфералық ауа сапасына онлайн-мониторинг жүргізу және ластану деңгейі бойынша ақпараттандыру жүйелерін енгізу;

шығарындыларды шамамен 93%-ға дейін төмендете отырып, Алматы қаласында 2-жылу электр орталығында жаңа бу-газ қондырғысын салу;

Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Түркістан облыстарының өнеркәсіп кәсіпорындарының санитариялық-қорғаныш аймақтарында және Алматы, Шымкент қалаларында автожолдар бойында, сондай-ақ тұрғын және рекреациялық аймақтарда атмосфералық ауаның жай-күйіне мониторингтік зерттеулер ұйымдастыру;

"Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ауа сапасының мониторингі жүйесінің және халықты хабардар ету жүйесінің бақылау желісін жаңғырту және кеңейту;

есептік мерзім:

Алматы, Шымкент, Талдықорған, Тараз, Қызылорда, Түркістан қалаларында жеке секторды газдандыру, энергияның баламалы көзіне (орталықтан жылыту немесе электр энергиясы) ауыстыру;

жеке үйлерді толық газдандыру және облыстардың газдандырылған аудандарында жеке сектордың қатты отынды жағуына тыйым салу;

өнеркәсіп кәсіпорындарында "жасыл технологияларды" және қазіргі заманғы шаң-газ тазартқыш жабдықтарды енгізу;

қоныстану аймақтарында өндірістік аумақтар алаңдарын азайту;

кәсіпорындарды қала шегінен шығару мәселесін қарау, тұрғын және өнеркәсіптік массивтер мен қорғалатын табиғат объектілерін жасыл аймақтармен бөлу, меншік иелерімен келісім бойынша өнеркәсіптік және тұрғын үй кешендерінің аймақтылығы қағидатын жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің атмосфералық ауаны ластаушыларының бірыңғай ақпараттық деректер банкін құру;

келтірілген елді мекендерде есептік фондық ластануды айқындау жүйесін енгізу үшін Алматы, Шымкент, Тараз, Қызылорда, Шу, Қаратау, Кентау, Түркістан, Жаңатас қалаларының, Төретам кентінің, Ақай кентінің атмосфераға шектік жол берілетін шығарындыларының жиынтық томдарын әзірлеу;

өңірдің қалаларында көлік ағындарын басқару жүйесін ("Smart Traffic Control System") жетілдіру;

өңірдің қалаларындағы қоғамдық көлікті сығылған газ бен электр энергиясына ауыстыру;

жеңіл электр көлігін дамыту және енгізу, велосипед көлігі мен велосипед инфрақұрылымын дамыту;

қоғамдық көлікте жол жүру үлесін 60%-ға дейін, жаяу және велосипедпен жүру үлесін 20%-ға дейін арттыру, жеке автокөлікпен жол жүру санын 20%-ға дейін төмендету (автомобильдер санының өсуінсіз);

кәсіпорындардың қауіптілік сыныбына байланысты санитариялық-қорғау аймақтары аумағының кемінде 40-60% мөлшерінде жасыл желектердің шаңға, газға төзімді түрлерімен кәсіпорындардың санитариялық-қорғаныш аймақтарын ұйымдастыру және көгалдандыру;

өңірдің облыстарының елді мекендерінің жасыл екпелер алаңдарын ұлғайту;

халықты атмосфералық ауаның сапасы туралы хабардар ете отырып, атмосфералық ауаның ластану деңгейіне жедел және жүйелі мониторингті қамтамасыз ету;

болжамдық кезең:

парниктік газдар шығарындыларын азайту кезінде "көміртегі ізін" және климатқа әсерді төмендету мақсатында өнеркәсіптің, қалалық және ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларын барынша қамти отырып, өңірдің шаруашылық кешенінің төмен көміртекті экономикаға көшуін қамтамасыз ету;

кәсіпорындарда қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындыларын тазартудың инновациялық экологиялық технологияларын енгізу;

жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштерін ескере отырып, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жобаларды жаппай енгізу;

өнеркәсіптің барлық салаларында ҰҚТ енгізу негізінде эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін әзірлеу және енгізу;

ресурс үнемдеуші және экологиялық таза технологияларды тұрақты қалалық жоспарлаумен және дамытумен "жасыл" қалалық инфрақұрылымды құру;

көліктің балама түрлерін және электромобильдерге арналған тиісті инфрақұрылымды дамыту;

бензинді және дизельді қозғалтқыштары бар көлік құралдарын пайдаланудан бас тарту, бұл автомобиль шығарындыларынан толық дерлік құтылуға мүмкіндік береді;

күнделікті жұмысқа (немесе оқуға), сондай-ақ жол жүру үшін жүріп-тұру кезінде өңірдің барлық облыс орталықтарында велосипед көлігін пайдалану үлесін 100%-ға дейін жеткізу;

өңірдің аумағын атмосфералық ауаның жай-күйі мониторингімен толық қамту.

92. Халықты физикалық факторлардан қорғау жөніндегі негізгі іс-шараларға радиациядан, шу әсерінен және электромагниттік сәулеленуден қорғау жөніндегі іс-шаралар жатады.

Физикалық әсер ету факторларынан қорғау бойынша жобалық ұсыныстарға мыналар кіреді:

бірінші кезең:

өңірдегі радиациялық әсер ету көздерін оқшаулау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Жетісу облысының Панфилов ауданындағы уран штольналарын рекультивациялау және консервациялау;

Жамбыл облысының Мойынқұм және Қордай аудандарында қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгеннен кейін уран кеніштеріндегі радиациялық қауіпсіздік жағдайына мемлекеттік мониторинг жүргізу;

Түркістан облысының уран өндіруші кәсіпорындарында қоршаған ортаның радиациялық жағдайын бақылау;

иесіз иондалған сәулелендіру көздерін қоса алғанда, Оңтүстік өңір облыстарының кәсіпорындарында пайдаланылған иондаушы сәулелену көздерін көму жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

автомобиль және теміржолдарды қиып өтетін елді мекендердің аумақтарында шудан қорғау іс-шараларын жүргізу (жасыл екпелердің шудан қорғайтын екпелерін қалыптастыру, акустикалық экрандарды пайдалану, терезелерді дыбыстан оқшаулау);

электромагниттік сәулелену көздеріне түгендеу және кешенді зерттеу жүргізу;

жергілікті жердегі гамма сәулелену деңгейін және Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі атмосферасының жер үсті қабатының радиоактивті ластануын бақылау бекеттерінің желісін кеңейту.

есептік мерзім:

өңірдің уран өндіруші кәсіпорындарына жақын орналасқан елді мекендеріндегі радиациялық жағдайды тұрақты бақылау;

қоныстану және рекреациялық аймақтарды өндірістік, коммуналдық-қойма аймақтарынан және негізгі көлік коммуникацияларынан бөле отырып, елді мекендер аумағын функционалдық аймақтарға бөлу және акустикалық жайлылықтың талап етілетін дәрежесін ескере отырып, құрылыс салуды қалыптастыру;

электромагниттік сәулелену көздеріне түгендеу және кешенді зерттеу жүргізу;

радиожиилік диапазонының электромагниттік сәулелену көздерінен санитариялық-қорғаныш аймақтарының жобаларын әзірлеу.

болжамды кезең:

өңірдегі радиациялық жағдайдың мониторингі жүйесін жетілдіру;

уран өндіруші кәсіпорындарға жақын орналасқан елді мекендердегі радиациялық жағдайды тұрақты бақылау аспаптармен (индикаторлық таблолармен) жүзеге асырылады, иондаушы сәулеленудің пайдаланылған көздерін (бұдан әрі – ИСК) көму жөніндегі жұмыстарды иесіз ИСК қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі облыстарының кәсіпорындарында арнайы жүргізу.

93. Өңірде жерүсті суларының ластану, қоқыстану және сарқылу процесі жалғасуда, оның негізгі себебі өнеркәсіптік және коммуналдық кәсіпорындардың тазартылмаған немесе жеткіліксіз тазартылған сарқынды суларын су айдындарына ағызу, жерүсті

ағындары, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары мен мал шаруашылығы кешендерінен.

Су ресурстарын қорғау суды үнемдеу және оны пайдалану тиімділігін арттыру, су ресурстары мен су объектілерін ластану мен сарқылудан қорғау жөніндегі шаралар кешенін қамтиды.

Өңірде су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар мыналарды қамтиды:

бірінші кезең:

Арал теңізі бассейнінің 2030 жылға дейінгі бағдарламасын, сондай-ақ Арал өңірінің экологиялық апат аймағындағы Арал теңізі бассейні (CAMP4ASB) үшін климаттың өзгеруіне бейімделу және оның салдарын жұмсарту бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

Арал-Сырдария бассейнінде экологиялық және санитариялық су жіберуді нормалау;

2) Балқаш көліне жылына кемінде 12 текше километр су құюды қамтамасыз ету келесілерге байланысты:

бассейндегі он екі су объектісін – Іле, Қаратал өзендерін, Іле өзенінің (Мықыбай, Ақтоған, Ранды, Алтай өзендері, Тасмұрын ауданындағы ағын), Қаратал өзенінің (Іле – Жиделі, Қосқызыл, Асаубай) тармақтары, Топар өзенінің арнасын тереңдету және тазарту;

Алматы облысындағы су қоймалары мен каналдарды күрделі жөндеу;

облыстардың су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу;

Балқаш көліндегі судың оңтайлы деңгейін анықтау бойынша жұмыстар жүргізу;

3) Сырдария өзенінің ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болдырмау үшін су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін белгілеу бойынша жұмыстар жүргізу;

Алматы қаласы өзендерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін қайта жаңарту және абаттандыру;

Шымкент қаласындағы Бадам, Қошқарата, Қарасу өзендерін тазарту, жағалау аймағы тұрғындарының тазартылмаған нөсер және жаңбыр суларын және тұрмыстық қоқысты тастауына жол бермеу;

облыстың жағалаудағы қорғағыш бөгеттерін салу, қалпына келтіру және өзен арналарын тазарту;

Сорбұлақ көлі-жинақтаушысының теріс әсерін және экологиялық қатерін (Алматы қаласының сарқынды су жинақтаушысы) азайту, оның ішінде жер учаскелерін аэрациялау, жинақтаушыдағы лай тұнбаларын тазарту, сондай-ақ ластаушы заттарды шығаруға лимитті қысқарту арқылы;

Жамбыл облысындағы Билікөл көлінің ластану деңгейін, түрін, ареалын және түбін тазарту көлемін анықтау бойынша ғылыми-техникалық іс-шаралар әзірлеу;

көлге су бұру жүйесін салумен қоса, Түркістан облысы Созақ ауданының Қызылкөл көліндегі су деңгейінің төмендеуінің алдын алу, сондай-ақ көлге қосымша құятын су көздерін ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және енгізу;

облыстардың өзендері мен көлдерінің паспорттарын әзірлеу;

Талдықорған, Тараз, Қызылорда, Шымкент, Текелі, Үштөбе, Қонаев, Есік, Нұркент, Үшарал, Жаркент, Қаскелең, Сарқан, Шу, Қаратау, Жанатас, Арыс, Кентау, Сарыағаш, Ленгер қалаларындағы су бұру жүйелерін, кәріз жүйелерін, кәріздік коллекторларды, тазарту құрылыстары мен кәріз желілерін жаңғырту, реконструкциялау;

облыс аудандарында кәріз желілерін салу және реконструкциялау;

Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қырғыз Республикасы тарапынан жерүсті суларының су бөлу және трансшекаралық ластану мәселелерін мемлекеттік деңгейде шешу және жерүсті суларының ластану көздерін айқындау үшін өзендерге бірлескен зерттеулер жүргізу;

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы үкіметаралық деңгейде су ресурстарының жағдайына мониторинг жүргізудің және су ресурстарын пайдалану туралы дәйекті деректер алмасудың бірлескен жүйесі, трансшекаралық Сырдария өзенінің су шаруашылығы объектілеріндегі авариялық жағдайлар туралы өзара хабардар ету туралы мәселені шешу;

әзірленген жобалау-сметалық құжаттамалар бойынша өздігінен ағып жатқан иесіз гидрогеологиялық ұңғымаларды жою бойынша жұмыстар жүргізу және жаңа жобалау-сметалық құжаттамалар әзірлеу;

жерасты суларының деңгейін төмендету мақсатында Қызылорда облысының Шиелі және Сырдария аудандарында 18 тік дренажды ұңғыманы реконструкциялау;

суаруды 80-ден 5%-ға дейін азайтуды қамтамасыз ете отырып, 2030 жылға қарай өңірдің барлық егіс алқаптарының 15%-да су үнемдеу технологияларын енгізу;

Шымкент аумақтық-өнеркәсіптік кешені ауданында (Бадам су қоймасын қоса алғанда Сайрам ауылының шекарасынан Бадам өзенінің Арыс өзеніне құятын жеріне дейін 12-15 км жолақпен Бадам өзенінің оң жағалауы) жер асты суларының ластануын жою;

меншік иелерінің келісімі бойынша өнеркәсіп өндірістерін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, стихиялық қоқыс үйінділерін, мал қорымдарын су қорғау аймақтарынан және жер үсті су ағындарының жағалау белдеулерінен шығару мәселесін қарау;

ауданның кәсіпорындары мен ауылдық елді мекендерінің сумен жабдықтау желілерінің техникалық жай-күйіне мониторинг жүргізу, сондай-ақ жер үсті су объектілерінің гидромониторингін ұйымдастыру және дамыту; гидрогеологиялық ұңғымаларды түгендеу;

жерүсті су ресурстарына тұрақты мониторинг жүргізу;

есептік мерзім:

"Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау. Фаза-2" жобасын іске асыру;

Арал теңізінің солтүстік бөлігін өңірлік дамыту және қалпына келтіру жобасын іске асыру;

Балқаш көлінің биологиялық алуан түрлілігін сақтау бойынша жұмыстар жүргізу, оның ішінде механикаландырылған тазалау;

Іле, Сырдария, Талас, Шу трансшекаралық өзендерінің ластану деңгейін төмендету және сулылығын арттыру;

Іле өзені бойынша табиғат қорғау су өткізулерін қамтамасыз ету;

өзендер мен су қоймаларының арналарын тереңдету және іргелес су қорғау аймақтарын санитариялық тазарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

трансшекаралық бассейндер үшін бірыңғай суды есепке алу мен оларды пайдаланудың біріздендірілген жүйелерін, сондай-ақ өңірлік мониторинг жүйелерін әзірлеу және енгізу;

қосылған құны жоғары және суды аз қажет ететін ауыл шаруашылығы дақылдарына көшу;

кәсіпорындарда суды үнемдеу және суды қайта пайдалану жөніндегі технологияларды енгізу;

ағынды және қайтарымды суларды тазартудың отандық технологияларын әзірлеу және шетелдік технологияларды бейімдеу;

шалғындандыру және орман өсіру жөніндегі іс-шараларды қоса отырып, Қазақстан Республикасы Су кодексінің талаптарына сәйкес жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтарының, жағалық қорғағыш және жағалау белдеулерінің шекараларын белгілеу;

меншік иелерінің келісімі бойынша өнеркәсіп өндірістерін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, стихиялық қоқыс үйінділерін, мал қорымдарын су қорғау аймақтарынан және жер үсті су ағындарының жағалау белдеулерінен шығару мәселесін қарау;

су режимі мен жерасты суларының сапасын мониторингтік бақылауды қамтамасыз ететін бақылау ұңғымаларының желісін ұйымдастыру.

болжамды кезең:

Балқаш көлі мен Солтүстік Арал теңізінің экожүйелерін сақтау жөніндегі жобаларды іске асыру;

Іле, Сырдария, Талас, Шу трансшекаралық өзендерінің ластану деңгейін төмендету және сулылығын ұлғайту;

су сапасын қорғау жөніндегі, сондай-ақ трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану және қорғау туралы келісімдерді іске асыру;

су ресурстарын ұтымды пайдалануды бақылау;

су тарату желілерін, мелиорациялық жүйелер мен гидротехникалық құрылыстарды жаңғырту, реконструкциялау, күрделі жөндеу, жобалау, салу;

кәсіпорындардың су пайдаланудың (су тұтынудың, су бұрудың) белгіленген лимиттерін және сарқынды суларды жол берілетін ағызудың нормативтерін сақтауы;

кәсіпорындарда табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру және оларды айналымды сумен жабдықтауға, оның ішінде металлургия, химия, жылу энергетикасы кәсіпорындарында ауыстыру;

суармалы жер алқаптарын кеңейте отырып, оның ішінде тамшылатып суару жүйелерін енгізе отырып, ауыл шаруашылығында ылғал үнемдеу технологияларын қолдану;

сарқынды суларды тазартудың, тазарту құрылыстарынан тұнбаларды залалсыздандырудың және кәдеге жаратудың қазіргі заманғы әдістері мен озық технологияларын енгізу;

Қазақстан Республикасы Су кодексінің талаптарына сәйкес барлық салынып жатқан , орналастырылатын, реконструкцияланатын объектілерді су объектілерін судың ластануынан, қоқыстануынан және сарқылуынан қорғауға кепілдік беретін құрылыстармен қамтамасыз ету;

су объектілерінің жай-күйін және оларды пайдалануды бақылау жүйесін дамыту (ластаушы кәсіпорындар бойынша деректер базасын құру);

су саласын цифрландыру, 3D-модельдеуді енгізе отырып, су айдындарындағы су режимдерін басқарудың ақпараттық жүйесін әзірлеу.

94. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағында жерді қорғау қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде жерді қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, жерді ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы айналымынан негізсіз алып қоюды болдырмауға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіруге және арттыруға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, технологиялық және басқа да іс-шаралар жүйесін қамтиды.

Жер ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар мыналарды қамтиды:

бірінші кезең:

ауыл шаруашылығы алқаптарының эрозияға қарсы және фитомелиоративтік іс-шараларын жүргізу;

алқаптардың барлық түрлерінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің мониторингін жүзеге асыру;

суармалы жерлерді кеңейту, оның ішінде тамшылатып суару жүйелерін енгізу;

бүлінген жерлерді қалпына келтіру, олардың құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіру және оны шаруашылық айналымына уақтылы тарту;

ауыл шаруашылығы алқаптарының эрозияға қарсы және фитомелиорациялық іс-шараларын жүргізу;

Қарасай, Жамбыл, Еңбекшіқазақ аудандарында су эрозиясының жергілікті мониторингін жүргізу;

суармалы жерлерді кеңейту, оның ішінде тамшылатып суару жүйелерін енгізумен;

Іле-Балқаш ауданының аумағында суармалы жерлердің, ауыл шаруашылығы алқаптарының, ведомствоаралық арналардың, шаруашылық ішілік суару желілерінің топырақ-мелиорациялық жай-күйін жақсарту;

Жамбыл облысының Қордай және Мойынқұм аудандарындағы уран кен орындарында қалпына келтірілген объектілерге мониторинг ұйымдастыру;

Қызылорда қаласының жылу электрлік орталығы-6 күл үйіндісінде рекультивациялық жұмыстар жүргізу;

Қызылорда облысының Құмкөл мұнай-газ кен орнының мұнаймен ластанған топырағын кәдеге жарату және бүлінген жерлерін қалпына келтіру;

Текелі қаласында (Жетісу облысы) жалпы ауданы 69 гектар зиянды техногендік қалдықтардың қалдық қоймасын қалпына келтіру (35 миллион тонна);

жердің тозуын және сортаңдануын болдырмау мақсатында 2030 жылға дейін 1,1 миллион гектар алқапқа сексеуіл отырғызуды қоса алғанда, Арал теңізінің құрғаған түбінде фито-орман мелиорациялық жұмыстар жүргізу;

Түркістан облысының Созақ және Отырар аудандарындағы жерлердің радиоактивті ластануын мониторингтеу;

"Южполиметалл Өнеркәсіптік Корпорациясы" акционерлік қоғамының қорғасын зауытына және Шымкент қаласының бұрынғы фосфор өндірісіне іргелес ластанған жерлерді қалпына келтіру;

облыстардың елді мекендеріндегі рұқсат етілмеген үйінділерді жою;

жердің өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластануын болдырмау;

су және жел эрозиясына жергілікті мониторинг жүргізу және оларды жою жөнінде қажетті шаралар қабылдау (2023 жылы Оңтүстік өңірде іс жүзінде эрозияға ұшыраған жерлердің 15 324,1 мың гектар немесе ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы ауданының 23,8%-ы болды).

есептік кезең:

шөлейттену және жердің азуы проблемасын шешу (Түркістан облысының солтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігі, Қызылорда және Жамбыл облыстарының батыс бөліктері);

Байқоңыр (Қызылорда облысы) ғарыш айлағы аумағындағы жер учаскелері мен карьерлерді рекультивациялау бойынша жұмыстар жүргізу;

Сарышаған әскери полигоны қызметінің қоршаған ортаға әсерін бағалау және оның аумағындағы экологиялық жағдайды сауықтыру жөнінде шаралар қабылдау (Жамбыл облысы);

өңірдің бүлінген және ластанған жерлерін қалпына келтіру (бүлінген жерлердің жалпы ауданы 2023 жылы 21 414,0 гектарды құрады);

органикалық ауыл шаруашылығын жүргізудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу;
ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің жоғары тиімді технологияларын енгізу жолымен топырақ құнарлылығын қалпына келтіру;

жайылым айналымын енгізуді көздей отырып, топырақтың тозуының және олардың жайылымдарда биологиялық өнімділігін жоғалтуының алдын алу шараларын негіздеу үшін геоботаникалық зерттеулер жүргізу;

пайдаланылмайтын жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту, егіс алқаптарын әртараптандыру, су және ылғал үнемдеуші технологияларды енгізу;

пайдаланылмайтын жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту, егіс алқаптарын әртараптандыру, су және ылғал үнемдеуші технологияларды енгізу;

топырақ жамылғысының жай-күйін мониторингтік зерттеу.

болжамды кезең:

органикалық ауыл шаруашылығын жүргізуге жаппай көшу;

қолданылатын агрохимикаттардың көлемін төмендету үшін топырақ өңдеудің ресурс үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз технологияларын қолдану;

ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің жоғары тиімді технологияларын енгізу жолымен топырақ құнарлылығын қалпына келтіру;

селитебті аумақтарда, рекреациялық аймақтарда топырақтың ластануына мониторинг жүргізу.

95. Өңірдегі қалдықтарды тұрақты басқару елдің "жасыл экономика" моделіне көшуінде негізгі рөл атқарады.

Өңірдегі өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару саласындағы негізгі іс-шараларға мыналар жатады:

бірінші кезең:

өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату қуаттарын ұлғайту бойынша өнеркәсіптік және мамандандырылған кәсіпорындарды ынталандыру шараларын енгізу;

сот шешімімен республикалық және коммуналдық меншікке өткен тарихи қауіпті қалдықтар мен ластануларды жою;

Жамбыл облысында өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату;

Жетісу облысы Текелі қаласының бұрынғы Текелі қорғасын-мырыш комбинатының (ТҚМК) пайдаланылған қалдық қоймасын рекультивациялау;

Жетісу облысының Панфилов ауданында орналасқан Панфилов уран кен орнының радиоактивті үйінділерін жою;

Қызылорда қаласының бұрынғы жылу электр орталық-6 күл үйінділерін рекультивациялау жұмыстарын жүргізе отырып кәдеге жарату;

Қызылорда облысындағы "Байқоңыр" кешенінің № 9, 9-Г, 9ТЗб, 15Г, 20 алаңдары ауданында рұқсат етілмеген жерлерде орналасқан құрылыс және басқа да қалдықтарды кәдеге жарату;

Түркістан облысы Кентау қалалық әкімшілік аумағындағы Баялдыр (135 миллион тонна) және Хантағы (214,8 мың тонна) қалдық қоймаларының қорғасын-мырыш кендерін байыту қалдықтарын кәдеге жарату;

Алматы қаласында күл үйіндісін одан әрі рекультивациялай отырып, "Алматы электр станциялары" акционерлік қоғамының жылу электр орталығы-2 күл-қож қалдықтарын кәдеге жарату;

кәріздік тазарту құрылыстарында биогаз қондырғысын салу мәселесін қарауды қоса алғанда, Алматы қаласының кәріз құрылыстарының артық белсенді тұнбасын кәдеге жарату және қайта өңдеу;

Шымкент қаласындағы фосфор және қорғасын өндірісінің жинақталған тарихи қалдықтарын (қорғасын зауытының шлактары, жылу электр орталығы-2 күл шлактары, құрамында фосфор бар шлактар) кәдеге жарату;

Шымкент қаласында құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі полигон салу; медициналық қалдықтарды басқару саласында ҰҚТ енгізу;

медициналық қалдықтардың пайда болуын, кәдеге жаратылуын және жойылуын есепке алу саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;

облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың халқын қалдықтарды жинау және тасымалдау жөніндегі қызметтермен қамту үлесін арттыру;

тұрмыстық қатты қалдықтарды олардың түзілуіне кәдеге жарату үлесін арттыру;

өңірдің барлық ірі қалаларында қоқыс өңдеу кешендерін салу және жобалық қуаттылыққа шығару;

Алматы, Шымкент, Талдықорған, Тараз, Қызылорда, Түркістан қалаларында қоқыс сұрыптау станцияларын салу;

қоқыс шығаратын компаниялардың ірі қалалар мен аудан орталықтарында пресс-компакторы бар сұрыптау желілерін орнатуы;

әкімдіктердің "құрғақ" және "дымқыл" фракциялар үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды, қолданыстағы ұлттық стандарттардың талаптарына сай келетін тұрмыстық қатты қалдықтардың қауіпті компоненттерін бөлек жинау үшін контейнерлер сатып алуы және орнатуы;

қоқыс таситын көліктер паркін кеңейту (1 қоқыс таситын көлікке 37,5 тонна/жұмыс ауысымы есебінен);

өңірдегі тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын экологиялық талаптар мен санитариялық қағидаларға сәйкес келтіру;

қалдықтарды орналастыру орындарының ғарыштық мониторингінің қорытындылары бойынша анықталған кездейсоқ қоқыстарды жою;

тұрмыстық қатты қалдықтардың жаңа полигондарын салу, тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру үшін қолданыстағы полигондарды санитариялық-экологиялық және құрылыс нормаларына сәйкестендіру не тиісті құжаттаманы ресімдей отырып, оларды рекультивациялау;

әкімдіктердің қолданыстағы заңнаманың және ұлттық стандарттардың талаптарына жауап беретін тұрмыстық қатты қалдықтарды уақытша сақтайтын контейнерлік алаңдарды ұйымдастыруы және салуы;

тұрмыстық қатты қалдықтар мен мал қорымдарын жинауға арналған типтік полигондар салу;

Алматы, Шымкент, Тараз, Қызылорда, Түркістан қалаларында заңды тұлғалардан және халықтан түзілетін құрылыс және ірі габаритті қалдықтарды одан әрі қайта өңдеу және кәдеге жарату мақсатында жинау үшін алаңдар құру;

Алматы, Шымкент, Талдықорған, Тараз, Қызылорда, Түркістан қалаларындағы тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында биологиялық ыдырайтын қалдықтарды өңдеуге арналған ұяшықтар салу;

Тараз қаласында полиэтилентерефталатты қайта өңдеу зауытын салу;

мал қорымдарын түгендеу және санитариялық жайластыру;

пестицидтерді және олардың ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

биогаз ала отырып, өңірде органикалық қалдықтарды қайта өңдеуді дамыту;

шағын және орта бизнес субъектілерін тұрмыстық қатты қалдықтарды қазіргі заманғы кәдеге жарату мен қайта өңдеуге кеңінен тарту.

есептік мерзім:

аймақтық қағидат бойынша ұйымдастырылатын және қалдықтарды автоматтандырылған сұрыптау және қайта өңдеу бойынша өндірістік қуаттарды, сондай-ақ талап етілетін логистикалық инфрақұрылымды қамтитын қалдықтарды басқарудың кешенді жүйелерін құру, қалдықтарды қайта өңдеудің ақпараттық технологияларын енгізу;

Қонаев, Қаскелең, Байқоңыр, Арыс, Кентау қалаларында қоқыс сұрыптау желілерін салу;

кәріз-тазарту станциялары мен құс фабрикаларында биогаз қондырғыларын салу;

облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың халқын қалдықтарды жинау және тасымалдау жөніндегі қызметтермен қамту үлесін арттыру;

тұрмыстық қатты қалдықтарды олардың түзілуіне кәдеге жарату үлесін арттыру;

ҰҚТ технологияларды қолдана отырып, ластанған аумақтарды санациялау және рекультивациялау процесін жүзеге асыруды қоса алғанда, тарихи қалдықтарды жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

құрылыс материалдарын, шикізатты (керамика, бетон, цемент, кірпіш, блоктар) өндіру, жол салу кезінде күл-шлак қалдықтарын пайдалану үшін кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді ынталандыру;

қайталама шикізатты бөлек жинау мен қайта өңдеудің стационарлық және жылжымалы пункттері желісін құруды және дамытуды қоса алғанда, қалдықтарды селективті жинауды ұйымдастыру;

селитебтік аумақтарды, рекреациялық аймақтарды қалдықтарды жинауға арналған контейнерлік алаңдармен, контейнерлермен және қоқыс тасығыштармен толық көлемде қамтамасыз ету;

өңірде өндірістік және қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу саласында цифрлық трансформация технологияларын дамыту;

рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінің пайда болуын және оларды жоюды бақылаудың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру және көму орындарын түгендеу, геоақпараттық жүйені құру және жүргізу және өңірдегі қалдықтар полигондарының мониторингі.

болжамды кезең:

қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша инновациялық технологияларды дамыту;

ресурс үнемдейтін және қалдығы аз технологияларды енгізе отырып, қайталама материалдық ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату және қайталама пайдалану индустриясын қалыптастыру;

тұрмыстық қатты қалдықтарды олардың түзілуіне кәдеге жарату үлесін арттыру;

медициналық қалдықтарды жою жөніндегі жабдықты сертификаттау жүйесін енгізу, жабдыққа техникалық параметрлерді, медициналық қалдықтарды жағу жөніндегі бірыңғай талаптарды бекіту;

биологиялық ыдырайтын қалдықтарды қайта өңдеу үшін ҰҚТ қолдану;

өнімді, энергетикалық ресурстарды (биогаз, электр қуаты), компостты ала отырып, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі объектілерді салу;

қалдықтарды азайту үшін экономикалық ынталандыруды әзірлеу, қайталама ресурстарды/қалдықтарды жинау және қайта өңдеу бойынша инфрақұрылымды белсенді қалыптастыру;

"ақылды" контейнерлер мен қоқыс жинағыштарды, сұрыптауға арналған роботтандырылған жүйелерді, мамандандырылған мобильді қосымшаларды, есепке алу және талдау жүйелерін, бағдарламалық қамтамасыз етуді және басқаларды қоса алғанда, қалдықтармен жұмыс істеу үшін смарт-технологиялар мен жабдықтарды белсенді пайдалану;

қайталама ресурстарды/қалдықтарды басқару бөлігінде экологиялық мәдениетті дамыту.

96. Жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің, қауымдастықтар мен экожүйелердің биоалуантүрлілігін сақтау Қазақстан Республикасының Оңтүстігі өңірі аумағындағы қоршаған орта сапасын тұрақтандыруға және жақсартуға ықпал ететін маңызды бағыт болып табылады.

Стратегиялық және салалық жоспарлау үшін аумақтық шектеулерді айқындау, сондай-ақ Өңіраралық схема шеңберінде экожүйелерді сақтау және тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Оңтүстігі өңірі аумағының табиғи-экологиялық қаңқасы әзірленді.

Қазақстан Республикасының Оңтүстігі өңірі аумағының табиғи-экологиялық қаңқасын дамыту және биоалуантүрлілікті сақтау үшін мыналар көзделеді:

бірінші кезең:

Алакөл мемлекеттік табиғи қорығын кеңейту (Жетісу облысы);

Жетісу жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі мемлекеттік табиғи қамал және "Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (Жетісу облысы) экологиялық дәлізін құру;

"Арал" мемлекеттік табиғи резерватын құру (Қызылорда облысы);

"Жаңадария-Сыр" мемлекеттік табиғи резерватын құру (Қызылорда облысы).

есептік мерзім:

"Құлықтау таулары және Кетпен жотасы" кластерлік учаскесін қосумен Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркін Қолжат кентіне дейін кеңейту (Алматы облысы);

Жоғарғы Көксу қорықшасын қосу есебінен Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркін кеңейту (Жетісу облысы);

кластерлік учаскелерді ұйымдастыру есебінен Қаратау мемлекеттік табиғи қорығын кеңейту (Түркістан облысы);

кластерлік учаскелерді қосу есебінен Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығын кеңейту (Түркістан, Жамбыл облыстары);

Түркістан мемлекеттік ұлттық табиғи паркін құру (Түркістан облысы).

болжамды кезең:

"Аңырақай" мемлекеттік ұлттық табиғи саябағын құру (Алматы облысы);

Қаратау және Олышен-Буйрук тауларын, Түзкөл көлін, Банкөл жотасын, Текес өзенін және Теріскей Алатау тау сілемдерін қамтитын "Баянкөл" саябағын құру;

Қырғыз Алатауының солтүстік макро баурайында (Жамбыл облысы) Шалсу, Талдысу, Жарлысу, Сұлутор, Шыбынды өзендерінің бассейндерінде мемлекеттік табиғи қамал құру;

"Қызылқұм" мемлекеттік табиғи қорығын құру (Түркістан облысы);

"Қапшағай каньоны" (Алматы облысы), "Сорбұлақ өзені" (Алматы облысы), Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті атындағы саябақтың маңызды орнитологиялық аумақтарын республикалық маңызы бар табиғи-қорық қорының тізбесіне енгізу.

Өңірдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының шамамен алынған ауданын 2030 жылға қарай 13,8 миллион гектарға (өңір аумағының 19,6%), 2040 жылға қарай – 13,9 миллион гектарға (19,7%), 2050 жылға қарай – 14,8 миллион гектарға (21,1%) дейін жеткізу жоспарланады.

Биоәртүрлілікті сақтау бойынша қосымша іс-шараларға мыналар кіреді:

облыстың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында және мамандандырылған орман шаруашылығы кәсіпорындарының аумақтарында орманмен жабылған алқаптардың ауданын ұлғайту;

орман өрттерінің алдын алу, оларды уақтылы байқау және жою, заңсыз ағаш кескені үшін жауапкершілікті күшейту;

өңірдің мемлекеттік орман қоры аумағында ормандарды молықтыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

ормандарға түгендеу жүргізу;

Іле, Сырдария өзендері бассейндерінің су жинау алаңдарының ормандылығын ұлғайту жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

химиялық немесе биологиялық препараттармен өңдеу жолымен орманды қорғау іс-шаралары, орманның жаппай зиянкестері мен ауруларына қарсы күрестің жойғыш шаралары;

облыстың мемлекеттік қорының аумағында өртке қарсы профилактикалық іс-шараларды жүргізу;

орман питомниктерінде отырғызу материалын өсіру;

жеке орман питомниктерін және тез өсетін ағаш және бұта түрлерінің орман екпелерін құру;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесіндегі түрлік және ценотикалық биоалуантүрлілік жай-күйінің мониторингі;

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және Құрып кету қаупі төнген түрлерін өсімін молайту және сақтау;

табиғи-қорық қоры объектілері жүйесін аумақтық дамыту, өңірлік экологиялық желіні қалыптастыру;

Рамсар тізіміне енгізу үшін перспективалы сулы-батпақты жерлерді қосу;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шекараларын белгілеу және қорғау аймақтарын ұйымдастыру;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шегінде тозған табиғи кешендерді қалпына келтіру;

резервтік қордың су айдындарына және (немесе) учаскелеріне және жергілікті маңызы бар бекітілмеген балық шаруашылығы су айдындарына паспорттау және биологиялық-экономикалық тексеру жүргізу;

табиғи-қорық қорының объектілерінде халықтың танымдық экологиялық туризмін ұйымдастыру және дамыту үшін жағдайлар жасау;

оңтайлы-жол берілетін балық аулауды айқындау үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және аулау лимиттерін бекіту;

балық ресурстарын молықтыру;

табиғатты қорғау және қалпына келтіру іс-шараларын жүргізу және сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар түрлерінің популяцияларына мониторинг жүргізу;

облыстардың елді мекендерін абаттандыру және көгалдандыру;

өнеркәсіптік кәсіпорындардың айналасындағы санитариялық-қорғау аймақтарын көгалдандыру алаңын ұлғайту;

облыстың су айдындарын балықтандыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

жалпыға ортақ пайдаланылатын жасыл желектерді реконструкциялау, саябақтар мен скверлерді абаттандыру;

қалалар мен елді мекендердің жасыл аймақтарын құру.

97. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі аумағының санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету ұлт денсаулығын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Интеграциялық процестердің қарқынды дамуы, тауарлардың, адамдар мен көлік құралдарының еркін қозғалысы аса қауіпті және басқа да жұқпалы аурулардың (атипті пневмония, құс тұмауы, коронавирустар, жұқпалы вирустық геморрагиялық қызбалар, инфекциялар) әкеліну қаупімен байланысты өңірдегі эпидемиологиялық жағдайдың асқыну қаупін арттырады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары санитариялық-эпидемиологиялық жағдайдың оң серпіні байқалады, бірқатар маңызды жұқпалы аурулар (вирустық гепатиттер, аса қауіпті инфекциялар, тифопаратифозды аурулар) бойынша сырқаттанушылық көрсеткіштерінің төмендеуі байқалады, вакцинамен басқарылатын бірқатар инфекциялар бойынша оларды толық жоюға (полиомиелит) қол жеткізілді немесе оларды жою (қызылша) міндеті қойылды.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі аумағында санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар мыналарды қамтиды:

коронавирус инфекциясының таралу қаупі туындауының алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу;

инфекциялық және паразиттік аурулардың, бірінші кезекте әлеуметтік мәні бар аурулардың (гепатит, АҚТҚ инфекциясы, тұмау, жіті ішек инфекциялары және басқа) пайда болуының және жаппай таралуының алдын алу жөніндегі шараларды іске асыру;

облыстардың шекаралары мен өңір аумағын аса қауіпті және карантиндік инфекциялардың әкелінуі мен таралуынан қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

эпизоотия туындауы мүмкін өңір облыстарының елді мекендерінде эпизоотияға қарсы және эпифитотқа қарсы іс-шаралар жүргізу;

сібір жарасының, туляремияның таралуына жол бермеу бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізу (Алматы, Жамбыл, Жетісу, Түркістан облыстары);

эпидемияға қарсы іс-шараларды, бірінші кезекте обаның, конго-қырым геморрагиялық қызбасының, туляремияның белсенді әрекет ететін эпизоотиялық ошақтары аймағында орналасқан елді мекендерде, сондай-ақ бруцеллез, аусыл, іш сүзегі, тырысқақ ошақтарында (Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары) әзірлеу;

АҚТҚ инфекциясының таралу қарқындылығын төмендету және оның профилактикасы жөніндегі іс-шаралар жүйесін іске асыру;

санитариялық-эпидемиологиялық ахуал мониторингі жүйесін одан әрі жетілдіру;

халықпен жүйелі түсіндіру жұмыстарының жаңа әдістерін іздеу және іске асыру, бұқаралық ақпарат құралдарында вакцинопрофилактиканың артықшылықтары туралы хабарлау;

тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін тұрақты және жедел бақылауды қамтамасыз ету;

Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін тауарлар мен өнімдерді өңір аумағына әкелуден және өткізуден аумақты қорғау;

өнеркәсіптік кәсіпорындар мен объектілерде кәсіптік аурулар мен уланулардың туындау қатерін жою және азайту жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу;

өнеркәсіптік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарын жобалау және абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізу;

ауызсу және рекреациялық мақсаттарда пайдаланылатын су объектілеріне, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру объектілеріне теріс әсер ету көздерін бақылауды күшейту.

өңірдің қалалары мен ауылдық елді мекендеріндегі халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізуін қамтамасыз ету;

ауызсумен жабдықтау көздерінің санитариялық қорғау аймақтарын ұйымдастыру, санитариялық қорғау аймақтарының жобаларын әзірлеу;

істен шыққан су құбыры желілерін ауыстыру, су тарту құрылыстарын жөндеу, ұңғымаларды жөндеу;

облыстың барлық аудан орталықтарының тұрғын үй секторында кәріз желілерін салу және жаңғырту;

ауызсумен жабдықтау көздерінің санитариялық қорғау аймақтарын ұйымдастыру, санитариялық қорғау аймақтарының жобаларын әзірлеу;

қоршаған ортаның санитариялық жағдайын жақсарту мақсатында қалалық және ауылдық елді мекендерді барынша көгалдандыру;

барлық рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді жоюды қоса алғанда, аумақты санитариялық тазалау;

жинау орындарын қысқарту және қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын экологиялық талаптар мен санитариялық қағидаларға сәйкес келтіру;

өңір халқының техногендік, медициналық және табиғи иондаушы сәулелену көздерінен, сондай-ақ радиациялық әсерге ұшыраған адамдарға сәулелену дозалары бойынша деректердің жұмыс істеуі және тұрақты жаңартылуы;

иондаушы сәулелену көздерін пайдаланатын ұйымдардың 100% радиациялық-гигиеналық паспортталуын қамтамасыз ету;

санитариялық қағидалар мен нормативтердің талаптарына сәйкес рентген жабдықтарын пайдалануды және ауыстыруды қамтамасыз ету;

науқастардың сәулелену дозалары бойынша өңірлік деректер банкіні жүргізу;

иондаушы сәулелену көздерін жобалау, орналастыру, пайдалану, сақтау, кәдеге жарату және техникалық қызмет көрсету кезінде, металл сынықтарымен және радионуклидтердің құрамы нормаланатын өнімдермен жұмыс істеу кезінде радиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтау;

қызметтің индикативтік көрсеткіштерін дәйекті бағалау мақсатында еңбек жағдайларына, жұмыскерлердің денсаулық жағдайына мониторинг жүргізу, кәсіптік тәуекелдерді басқару жүйесін құру;

дұрыс тамақтану мәдениетін танымал етуді, маскүнемдік пен нашакорлықтың алдын алуды, темекі мен құрамында никотин бар өзге де өнімдерді тұтынуға қарсы іс-қимылды қоса алғанда, халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру.

98. Тарихи-мәдени мұра объектілерін және табиғат ескерткіштерін қорғау

Бірегей табиғи кешендер мен аумақтарды, мәдени объектілерді қорғау және тарихи-мәдени мұраны сақтау мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі аумағындағы табиғат, тарих және мәдениет объектілерін, табиғатты сақтауға бағытталған негізгі шараларға мыналар жатады:

өңір аумағында орналасқан республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет, табиғат мемлекеттік ескерткіштерін сақтау жөнінде шаралар қабылдау;

ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу арқылы тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау: Түркістанның тарихи орталығы, Сауран, Отырар, Сығанақ, Жанкент қалашықтары, Ақыртас сарай кешені;

Қазақстанның бірегей тарих және мәдениет ескерткіштерін "Біріккен Ұлттардың білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы" Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізу жөнінде шаралар қабылдау;

Ешкіөлмес петроглифтері (Жетісу облысы);

Солтүстік Тянь-Шань (Іле Алатауы ұлттық паркі); Ұлы Жібек жолы: тарихқа дейінгі кезең Бесшатыр, Боралдай және Есік қорымдары (Алматы облысы);

Мерке түркі ғибадатханасы; Құлжабасы археологиялық ландшафтының петроглифтері (Жамбыл облысы);

"Сауысқандық петроглифтері" (Қызылорда облысы); Сауысқандық петроглифтері: Ферғана - Сырдария дәлізі, Асанас, Қышқала, Отырар, Сығанақ, Ясы, Түркістан, Жанақала, Жанкент, Сауран және Жетіасар қалашығы (Қызылорда және Түркістан облыстары);

"Арпаөзен петроглифтері" (Түркістан облысы);

ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау және пайдалану жөніндегі менеджмент-жоспарды дайындау (Жамбыл облысы);

"Жібек жолы ескерткіштері" сериялық номинациясын ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне ілгерілету – Сырдария бөлігі (Сығанақ, Жанкент қалашығы, Жетіасар оазисінің ескерткіштері) (Қызылорда облысы);

тарих және мәдениет ескерткіштерінің республикалық тізіміне өңірдің жергілікті маңызы бар ескерткіштерін енгізу;

өңірдің киелі объектілерінің инфрақұрылымын дамыту;

тарих және мәдениет ескерткіштерінің жай-күйін есепке алу және мониторингтеу құралы ретінде Алматы қаласының тарихи-мәдени мұра ескерткіштері деректер қорының геоақпараттық жүйесін әзірлеу;

ескі қаладағы "Цитадель" музейінің, Шымкент қаласындағы амфитеатрдың құрылысын аяқтау;

Абдель-Азиз-Баб, Ибрагим-ата, Мірәлі-Баб, Қарашаш-Ана кесенелерін, Қызыл мұнарасын, Сайрам қалашығын (Исфиджаб) қайта құру және қалпына келтіру (Шымкент қаласы);

тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау және есепке алу, археология ескерткіштерінің шекарасын айқындау жөніндегі жұмыстарды жүргізу, археологиялық барлау мен қазба жұмыстарын жүргізу;

халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу;

тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау аймақтарының жобаларын әзірлеу;

тарихи-мәдени мұра объектілерін мемлекеттік есепке қою және алдын ала есепке алу тізіміне енгізу;

Интернетте тарих және мәдениет, табиғат ескерткіштерінің және әртүрлі деңгейдегі дерекқорлардың өңірлік ақпараттық деректер қорын құру;

тарихи-мәдени мұра объектілерінде QR-кодтарды орнату;

киелі және маңызды орындар бойынша өлкетану экспедицияларын, киелі орындарды абаттандыру бойынша жұмыстарды жүргізу;

өңірдегі тарихи-археологиялық және экологиялық туризмді дамыту.

2-параграф. Аумақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсерінен қорғау және азаматтық қорғаныс жөніндегі негізгі шаралар

99. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірі аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды қорғау мақсатында жобада төтенше жағдайлардың туындау қаупін барынша азайтуға, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға, материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық-алдын алу және инженерлік-техникалық іс-шаралар көзделген (Өңіраралық схемаға 31-қосымша).

Аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар бойынша:

100. Аумақтарды жер сілкінісінің әсерінен қорғау жөніндегі іс-шаралар:

Қызылорда облысының сейсмикалық аудандастыру картасын әзірлеу;

Талдықорған, Қонаев, Қызылорда, Түркістан, Шымкент қалаларын сейсмикалық шағын аудандастыру картасын әзірлеу;

Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан таулы массивтерінің сейсмикалық белсенді аймақтарында жер сілкінісі кезінде тербелістер жазбасын алу үшін жаңа сейсмикалық станциялар мен қозғалыстарды тіркеу пункттерін ашу, сондай-ақ қолданыстағы сейсмикалық мониторинг желісін жаңғырту;

сейсмикалық қауіпті аудандардағы объектілерді паспорттау;

Оңтүстік өңірде ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикалық төзімділігін тексеру, тұрғын үйді, қоғамдық және өндірістік мақсаттағы объектілерді сейсмикалық нығайту, сонымен қатар сейсмикалық төзімді құрылысқа қойылатын қолданыстағы нормаларды қатаң сақтай отырып, ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызу кезінде заманауи сейсмикалық төзімді құрылыс технологияларын қолдану;

Алматы қаласының үлгісі бойынша Оңтүстік өңірде автоматтандырылған ерте құлақтандыру жүйесін енгізу;

Оңтүстік өңірдің бүкіл аумағына мобильді құрылғыларға мәтіндік хабарламаларды автоматты түрде жіберуді қамтамасыз ету үшін халықты Mass Alert жаппай шұғыл хабарландырудың орталықтандырылған жүйесін енгізу және оны сиреналық-дыбыстық құрылғылармен және жер сілкінісіне ерте хабарлау автоматтандырылған жүйесімен интеграциялау.

101. Аумақтарды қар көшкінінің әсерінен қорғау жөніндегі іс-шаралар ретінде:

қар көшкінінің тұрақты бақылауларын жүргізу, қар көшкіні қауіптілігінің автоматтандырылған мониторингін енгізу;

Алматы қаласында қар көшкіні қаупі мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу;

қар өшкіні қаупі бар кезеңдерді болжау және қар көшкіні қаупі бар учаскелерді айқындау;

сел, сырғыма, көшкін қаупі бар учаскелерде қорғаныс құрылыстарын орнату, ағаштар мен бұталарды отырғызу;

жауын-шашын көп болған кезде автокөлік қозғалысын шектеу және адамдардың қар көшкіні қаупі бар аймақтарға кіруін шектеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

қажет болған кезде қар көшкіндерді жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

102. Аумақтарды селдер мен көшкіндердің әсерінен қорғау жөніндегі іс-шаралар:

ықтимал төтенше жағдайларды бақылау және болжау үшін сел қауіптілігінің автоматтандырылған мониторингі жүйесін құру; сел және көшкін қаупі бар учаскелерде жаңа бақылау бекеттерін құру, қолданыстағы бақылау желісін жаңғырту;

сел қауіпті аудандардағы объектілерді паспорттау;

сел қаупі бар өзендердің арналары бойындағы құрылысты шектеу;

құлақтандыру және шұғыл ден қою жүйелерін құру жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

сел бассейндеріне мамандандырылған зерттеулер жүргізу;

сел қаупі бар учаскелерде, оның ішінде Есік қаласында Есік өзенінде және Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылының ауданында Түрген өзенінің бассейнінде инженерлік-қорғау құрылыстарын салу, Алматы облысының Қарғалы өзенінде, Жетісу облысы Текелі қаласының ауданында Қора және Шажа өзендерінің бассейндерінде, Жамбыл облысында Меркі өзенінде, Шымкент қаласының сел қаупі бар учаскелерінде, Бадам және Сайрамсу өзендерінде жағалауды нығайту.

103. Аумақтарды опырулар мен сырғымалардың әсерінен қорғау жөніндегі іс-шаралар:

опырулар мен сырғымалардың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу;

көшкін қаупі бар учаскелерде инженерлік-қорғау құрылыстарын салу, оның ішінде Алматы облысында бір құрылыс, Түркістан облысында 3 құрылыс, Алматы қаласында 33 құрылыс, Шымкент қаласының Бадам-2 тұрғын алабы ауданында.

104. Аумақтарды сарғыш топырақтар мен карст процестерінің әсерінен қорғау жөніндегі іс-шаралар: қала құрылысы қызметін реттеу кезінде сарғыш топырақтардың таралу аудандарын есепке алу, ғимараттар мен құрылыстарды құрылымдық күшейту.

105. Аумақтарды су тасқынынан, еріген сулардың басуынан қорғау жөніндегі іс-шаралар:

гидрометеорологиялық мониторинг желісін дамыту және жаңғырту;

су тасқыны қауіпті кезеңдерді болжау;

Балқаш ауданындағы Бақанас ауылының ауданында Іле өзенінің арнасын түзеу және жағалауды бекіту;

"Көкарал бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің атырауын қалпына келтіру" жобасын іске асыру, Қызылорда қаласы шегіндегі Сырдария өзенінің арнасын түзеу және тазарту;

селден қорғау бөгетінен №1 тұндырғышқа дейін Үлкен Алматы өзенінің су қорғау белдеуі мен арнасының учаскесін реконструкциялау;

106. Қауіпті метеорологиялық құбылыстар мен процестердің әсеріне байланысты төтенше жағдайлардың дамуын уақтылы анықтау және болжау мақсатында метеорологиялық құбылыстар мен процестердің мониторингі.

107. Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар:

өрт сөндіру депосын салу:

2030 жылға қарай – 33 депо, оның ішінде Алматы облысында – 6, Жамбыл облысында – 8, Жетісу облысында – 5, Қызылорда облысында – 2, Түркістан облысында – 4, Алматы қаласында – 4, Шымкент қаласында – 4;

2040 жылға қарай – 9 депо, оның ішінде Жамбыл облысында – 1, Қызылорда облысында – 1, Түркістан облысында – 1, Алматы қаласында – 4, Шымкент қаласында – 2;

2050 жылға қарай – 6 депо, оның ішінде Қызылорда облысында – 1, Түркістан облысында – 1, Алматы қаласында – 2, Шымкент қаласында – 2;

47 өрт бөлімдерінің ғимараттарын жөндеу, оның ішінде Алматы облысында – 2, Жамбыл облысында – 5, Жетісу облысында – 11, Қызылорда облысында – 2, Түркістан облысында – 21, Алматы қаласында – 4, Шымкент қаласында – 2;

98 өрт сөндіру пункттерін құру, оның ішінде Алматы облысында – 25, Жамбыл облысында – 24, Жетісу облысында – 23, Қызылорда облысында – 10, Түркістан облысында – 16;

тиістілік нормаларына жеткізу үшін материалдық-техникалық құралдарды – техниканы, жабдықтар мен жарақтарды сатып алу;

ерікті өртке қарсы құралымдардың қоғамдық көмекшілерін ұлғайту;

108. Аумақтарды халықтың жұқпалы ауруларының, эпизоотия мен эпифитотияның пайда болуынан қорғау жөніндегі іс-шаралар:

мал қорымдарының жай-күйін күтіп-ұстау;

санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың зертханалық бақылау желісін кеңейту, оларды жаңа жабдықтармен және техникамен жарақтандыру,

дезинфекциялық станциялардың қажетті санын құру, кеміргіштерді, кенелерді жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

биологиялық сипаттағы төтенше жағдайларға жол бермеу мақсатында мал қорымдарында жануарларды көму жөніндегі талаптарды сақтау.

109. Гидротехникалық құрылыстарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар:

гидротехникалық құрылыстарды жөндеу, оның ішінде Алматы облысында – 41, Жамбыл облысында – 4, Жетісу облысында – 15, Қызылорда облысында – 1, Түркістан облысында – 12, Алматы қаласында – 3, Шымкент қаласында – 1.

Балықты, Покатиловское, Биен, Диірмен, Сұңқар, Ырғайты, Қалқұты, Ақмола, Қараұзақ, Тайпаккөл, Күміскеткен, Нәнсай-Көксу, Шиелі-Телікөл, Жаңадария-Қуандария су қоймаларын салу.

Жарылғыш заттар қоймаларын елді мекендерден 10 километрге дейінгі қашықтыққа көшіру мүмкіндігін қарау.

Әсері күшті улы заттары бар объектілерде қауіпсіз реагенттерге көшу.

Радиоактивті және әсері күшті улы заттары бар жарылыс қаупі бар объектілер мен объектілердің зақымдануы, жұқтыру және ластануы мүмкін аймаққа жататын жер учаскелерін халықтың мұқтажы үшін беруге тыйым салу.

Жолдардың қар басатын учаскелерін анықтау, олардың бойында қар ұстайтын қалқандарды орнату және орман екпелерін отырғызу.

Шымкент және Түркістан облысының Түркістан қалаларында, сондай-ақ Алматы облысының Қонаев қаласындағы Қапшағай су қоймасының жағасында жергілікті бюджеттік инвестициялар есебінен жедел-құтқару жасақтарының ғимараттарын салу;

Профилактикалық іс-шараларды, сондай-ақ халық арасында үгіт-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Төтенше жағдайлар кезінде халықты құлақтандыру үшін елді мекендерде хабарлау жүйелерінің, сондай-ақ, сел, сейсмикалық, көшкін, су тасқыны қаупі бар учаскелер мен гидротехникалық құрылыстар бұзылған жағдайда су басу аймақтарында, сондай-ақ жарылыс қаупі бар және күшті уытты немесе радиоактивті заттары бар объектілерде жергілікті құлақтандыру жүйелерінің санын арттыру.

Техникалық құлақтандыру құралдарымен жарақтандыру "Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесінің техникалық құралдары тиесілілігінің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы ТЖМ-нің 2025 жылғы 10 сәуірдегі № 130 бұйрығында көзделген.

Азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындау үшін азаматтық қорғаныс мүлкін жинақтау.

Төтенше жағдай туындаған кезде апаттық-құтқару қызметтерін уақтылы хабарландыру бойынша радиологиялық, химиялық және биологиялық қауіпсіздікті мониторингілеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу.

Шекара маңындағы аумақтарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар: өзара ақпарат алмасу, шекара маңындағы аумақтарда ТЖ қаупі мен туындауы туралы өзара хабарлау, бірлескен командалық-штабтық жаттығулар мен оқулар өткізу, шекара маңы аумақтарында болуы мүмкін төтенше жағдайлар туралы деректер банктерін құру, халықты және аумақтарды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөніндегі бірлескен бағдарламаларды әзірлеу.

Азаматтық қорғаныс шараларына мыналар кіреді:

өңірде қосалқы (қалалық, қаладан тыс), көмекші және жылжымалы басқару пункттерін құруды, оларды жаңғыртуды қамтамасыз ету;

азаматтық қорғаныс мүлкін жинақтау, сақтау, жаңарту және дайын күйде ұстау жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ оларды кәдеге жарату;

азаматтық қорғау күштерін құру, жасақтау, жарақтандыру және дайын күйде ұстау;

азаматтық қорғанысты басқару органдарын даярлау және халықты қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолдану жағдайларында қорғану тәсілдеріне және іс-қимылдарға үйрету;

азаматтық қорғанысқа арналған қорғаныс құрылыстарын салу және қорын жинақтау, оларды жұмысқа дайын күйде ұстау;

эвакуациялық іс-шараларды жоспарлау;

азаматтық қорғаныс бойынша инженерлік-техникалық іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру;

басқару, хабарландыру және байланыс жүйелерін құру, дамыту және оларды пайдалану дайындығында ұстау;

салалар мен ұйымдардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және іске асыру;

азаматтық құрылыс объектілерінде әскери жағдай кезеңінде немесе соғыс уақытында халықты қарапайым зақымдаушы құралдардың бағытталмаған әсерінен қорғауға арналған қарапайым жасырын паналарды міндетті түрде жобалау "Қарапайым жасырын паналар" ҚР ҚН 2.04-15-2024 нормасына сәйкес жүзеге асырылады;

өңірдегі елді мекендерде халықты жинау және эвакуациялау үшін құрылыс салынбайтын аумақтарды жобалау;

төтенше жағдайлар кезінде халықты эвакуациялауды қамтамасыз ету мақсатында көше-жол желісін жоспарлау кезінде жергілікті маңыздағы жолдардың республикалық маңыздағы жолдармен көлік байланысын қамтамасыз ету;

әуе көлігінің, соның ішінде мәжбүрлі қону жағдайларында ұшу және қонуына арналған автомобиль жолдарының әуеайлақтық учаскелерін жобалау;

төтенше жағдайлар кезінде, бейбіт және соғыс уақытында халықты эвакуациялауға арналған қалалар үшін резервтік жолдарды жобалау;

азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалалардың жаңадан жобаланатын және реконструкцияланатын сумен жабдықтау жүйелерін екі тәуелсіз су көзімен қамтамасыз ету, олардың бірі жерасты су көзі болуы тиіс немесе бұл мүмкін болмаған жағдайда — су көздерінің екі тобымен қамтамасыз ету, олардың бір тобы ықтимал күшті қирау аймақтарынан тыс орналасуы тиіс;


азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалалар аумағында өзендер мен су қоймаларынан су алуға мүмкіндік беретін өртке қарсы кіреберістерді орнату;

азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалалардың жаңа газ желілерін жобалау және жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялау кезінде бүкіл қаланы немесе қаланың жекелеген аудандарын (учаскелерін) өшіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін ажыратқыш құрылғыларды қарастыру;

жарылыс, өрт, радиациялық, химиялық және биологиялық қауіпті объектілерді халық қоныстанған елді мекендерден қауіпсіз қашықтықта, белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес орналастыру;

Алматы облысында жобаланып жатқан атом электр станциясын авариялық жағдайлар туындаған кезде объектінің жұмыс істейтін персоналын және ықтимал қауіпті радиациялық ластану аймағында тұратын халықты хабардар ету жүйесімен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының
Оңтүстік өңірін аумақтық
дамытудың өңіраралық
схемасына 1-қосымша



Қазақстан Республикасының
Оңтүстік өңірін аумақтық
дамытудың өңіраралық
схемасына 2-қосымша

	- ауылдық	-//-	2 767	3 014	3 014	3 014
	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығы на арналмаған өзге де жер	-//-	834/1	1 224/2	1 251/2	1 251/2
	ерекше қорғалатын аумақтардың жері	-//-	2 248/3 (14 665**)	2 300/3 (14 665**)	2 350/3 (15 157**)	2 400/4 (15 957**)
	сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	-//-	140***	412	424	437
	орман қорының жері	-//-	18 222/26 (20498,3****)	20 598/29	20 698/30	20 798/30
	су қорының жерлері	-//-	2 667/4	3 005/4	3 205/5	3 405/5
	босалқы жер	-//-	21 702/31	17 700/25	16 570/24	15 643/22
2	Халық	-//-				
1)	Барлығы	мың адам	9 887	10 996	12 743	14 928
	оның ішінде:					
	қала халқының саны	мың адам/ халықтың жалпы санының%	5 520/56	6 293/57	7 518/59	9 020/60
	ауыл халқының саны	-//-	4 367/44	4 703/43	5 225/41	5 908/40
2)	Халықтың табиғи қозғалысының көрсеткіштері :					
	туғандар саны	-//-	215,1/2,2	251,9/2,3	291,9/2,3	341,9/2,3
	өлгендер саны		53,2/0,5	60,2/0,6	69,7/0,6	81,7/0,6

	өсуі/кемуі		161,9/1,6	191,7/1,7	222,1/1,7	260,2/1,7
3)	Халықтың көші-қон көрсеткіштері :					
	келгендердің саны		524,9/5,3	402,5/3,7	402,5/3,2	402,5/2,7
	кеткендер саны		530,0/5,4	399,0/3,6	399,0/3,1	399,0/2,7
	өсуі/кемуі	-//-	-5,1/-0,05	3,5/0,03	3,5/0,03	3,5/0,02
4)	Қалалар санынан, барлығы	бірлік				
	ірі (есептік саны 500,0 мың адамнан асатын)	-//-	2	2	3	3
	үлкен (халықтың есептік саны 100,0-ден 500,0 мың адамға дейін)	-//-	4	4	4	8
	орташа (халықтың есептік саны 50,0-ден 100,0 мың адамға дейін)	-//-	8	8	9	7
	шағын (халықтың есептік саны 50,0 мың адамға дейін)	-//-	14	13	11	9
5)	Кенттер	-//-	2	2	2	2
6)	Ауылдар	-//-	2 151	2 155	2 155	2 155
7)	Халықтығыздығы	мың адам/100 километр ²	1,4	1,5	1,8	2,1
8)	Ауыл халқының тығыздығы	-//-	0,6	0,7	0,7	0,8
9)	Халықтың жас құрылымы:					
	15 жасқа дейінгі балалар	мың адам халықтың жалпы санының%	3 353/34	3 647/33	3 844/30	4 735/32

	еңбекке қабілетті жастағы халық (ерлер 16-62 жас, әйелдер 16-59 жас)	-//-	5 554/56	6 188/56	7 458/59	8 456/57
	еңбекке қабілетті жастан асқан халық	-//-	980/10	1 161/11	1 441/11	1 737/12
10)	Жұмыспен қамтылған халық саны-барлығы	мың адам	4 169	4 545	5 096	5 643
11)	Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған халық	мың адам/ жұмыспен қамтылған халық санының	4 169/100	4 545/100	5 096/100	5 643/100
	оның ішінде:	-//-				
	- өнеркәсіп	-//-	319/8	373/8	434/9	495/9
	- құрылыс	-//-	280/7	333/7	394/8	455/8
	- ауыл шаруашылығы	-//-	533/13	593/13	655/13	716/13
	- білім	-//-	609/14	634/14	695/14	755/13
	- денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер	-//-	274/7	312/7	374/7	435/8
	- өзгелері	-//-	2 154/51	2 300/51	2 544/49	2 787/49
3	Экономикалық әлеует					
1)	Өнеркәсіп өндірісінің көлемі	миллиард теңге	8 220	15 578	26 003	36 438
2)	Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі	-//-	2 909	6 255	10 178	14 094
4	Тұрғын үй қоры					
1)	Барлығы	жалпы ауданның	189 423/100	274 905/100	344 053/100	447 822/100

		мың шаршы метр, %				
	Оның ішінде:					
	қалалық елді мекендерде	-//-	115 490/61	157 325/58	202 991/59	270 594/60
	ауылдық елді мекендерде	-//-	73 933/39	117 580/43	141 062/41	177 228/40
2)	Халықтың тұрғын үйдің жалпы ауданымен қамтамасыз етілуі:	шаршы метр/адам	19,2	25,0	27,0	30,0
	қалалық елді мекендерде	-//-	20,9	25,0	27,0	30,0
	ауылдық елді мекендерде	-//-	16,9	25,0	27,0	30,0
5	Халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері					
1)	Жоғары оқу орындары	бірлік/студенттер	54/327 287	"Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ҚЕ 3.01-01-101-2013 сәйкес жобалауға арналған тапсырма бойынша		
2)	Мектепке дейінгі, бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдары	тиісті бірліктер				
	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары	бірлік/оқушылары	298/262 722	"Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ҚЕ 3.01-01-101-2013 сәйкес жобалауға арналған тапсырма бойынша		
	Күндізгі жалпы білім беретін мектептер	бірлік/мың орын	2 804/1 463	-/2 681	-/3 092	-/3 608
	Мектепке дейінгі ұйымдар	бірлік/мың орын	5 935/548	-/645	-/726	-/842
3)	Мәдениет және өнер ұйымдары:	тиісті бірліктер				
	оның ішінде:					

	театрлар	бірлік/орын	38/10 583	-/31 250	-/37 863	-/45 248
	кинотеатрлар	бірлік/орын	48/29 024	-/157 205	-/161 022	-/225 496
	кітапханалар	бірлік/мың том	1 250/62 043	-/75 809	-/83 730	-/92 195
	бірлік/мың том	бірлік/орын	896/168 449	-/905 311	-/1 403 337	-/1 624 000
4)	Денсаулық сақтау ұйымдары (ауруханалар, емханалар, перзентханалар , фельдшерлік- акушерлік пункттер және басқалар):	-//-				
	оның ішінде:					
	Стационарлық көмек көрсететін ұйымдар	төсек	50 248	58 685	66 394	75 956
	Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар	ауысымға келу	94 070	225 520	260 964	305 178
5)	Шипажай-курорттық мақсаттағы, демалыс және туризм объектілері (шипажайлар, пансионаттар, демалыс үйлері, лагерьлер және басқалар)	төсек-орын	14 165	"Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ҚЕ 3.01-01-101-2013 сәйкес сәйкес оның ықпал ету аймағындағы аумақтардың, орталық қаланың және басқа да елді мекендердің рекреациялық сыйымдылығын ескере отырып		
6)	Әлеуметтік қамтамасыз ету ұйымдары					
	оның ішінде:					
	Медициналық -әлеуметтік мекемелер	бірлік/орын	10/1 320	-/1 679	-/1 848	-/2 166
	Психоневрологиялық медициналық-					

	әлеуметтік мекемелер	бірлік/орын	13/3 776	-/3 874	-/4 163	-/4 820
	Стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі балаларға (оның ішінде психоневрологиялық патологиялары бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған) арналған ұйымдар	бірлік/орын	6/547	-/915	-/1 136	-/1 339
7)	Халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің өзге де объектілері	тиісті бірліктер				
6	Көлік инфрақұрылымы					
1)	Теміржол қатынасының ұзындығы	километр	4 403	5 069	5 912	6 290
2)	Кепілді тереңдігі бар кеме жүзетін өзен жолдарының ұзындығы	-//-	330	330	330	330
3)	Автомобиль жолдарының ұзындығы, барлығы	километр	23 848	24 166	24 318	24 972
	оның ішінде:					
	республикалық маңызы бар (халықаралық маңызы бар)	-//-	5 756	6 074	6 170	6 709
	облыстық маңызы бар	-//-	12 515	12 515	12 564	12 679
	аудандық маңызы бар	-//-	5 577	5 577	5 585	5 585

4)	Г а з құбырларыны ң ұзындығы	километр	7 994	9 082	9 082	9 082
5)	М ұ н а й құбырларыны ң ұзындығы	километр	2 004	2 004	2 004	2 004
6)	К ө л і к желісінің тығыздығы:	километр /100 ш а р ш ы километр				
	теміржол	-//-	0,62	0,71	0,83	0,96
	автомобиль	-//-	3,35	3,40	3,42	3,51
7)	Әуежайлар	бірлік	8	9	9	9
	оның ішінде:					
	халықаралық маңызы бар	-//-	5	6	6	6
	мемлекеттік (ұлттық)	-//-	4	4	4	4
	жергілікті	-//-	3	3	3	3
	жеке	-//-	3	3	3	3
7	Инженерлік инфрақұрылы м					
1)	С у м е н жабдықтау:					
	Жерасты көздерінің ресурстары	миллион куб метр/жылына	9 831	38 711	38 711	38 711
	Жер үсті көздерінің ресурстары	-//-	54 413	54 413	54 413	54 413
	Су тұтыну - барлығы	мың куб метр/ тәулік	46 863	44 927	43 990	44 860
	оның ішінде:					
	шаруашылық- ауыз су мұқтаждарын а	-//-	1 002	1 764	2 141	2 849
	өнеркәсіптік қажеттіліктер ге	-//-	639	705	775	930
	а у ы л шаруашылығ ы мұқтаждарын а	-//-	39 410	36 594	35 190	35 158
	1 адамға орташа		145	260	276	280

	тәуліктік су тұтыну	литр/тәулік бір адамға				
	Су бұру-барлығы :	миллион куб метр/жылына	468	1 061	1 366	1 907
	су объектілеріне	-//-	267	297	329	403
2)	Электрмен жабдықтау:					
	Орнатылған қуат, барлығы	мегаватт	4 317	8 633	10 196	"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1 -бабының 1, 2 - тармақтарына сәйкес уәкілетті орган айқындайды
	оның ішінде:					
	гидроэлектростанциялар	%	18	13	16	
	жылу электр станциялары	-//-	80	83	69	
	атом электр станциялары		-	-	-	
	жаңартылатын энергия көздері	%	1	4	15	
	Есептік қажеттілік:	миллион киловатт/сағат	25 488	30 560	46 821	
	оның ішінде:					
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер	-//-	6 372	9 006	13 219	
	өндірістік қажеттіліктер	-//-	19 166	21 554	33 602	
	Кернеуі 35 кВ және одан жоғары электр беру желілерінің ұзындығы	километр	25 302	29 034	31 916	
3)	Жылумен жабдықтау:		25 302,0	27 053,0	30 352,0	36 422,0
	Орнатылған қуат	мың гигакалория/сағат				
	Есептік қажеттілік:	миллион гигакалория	21	34	43	68
	оның ішінде:		37	46	70	98
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер	-//-				

	өндірістік қажеттіліктер	-//-	26	32	49	69
4)	Газбен жабдықтау:		11	14	21	32
	Есептік қажеттілік:	миллион куб метр/жылына				
	Оның ішінде:	-//-	2 529	5 157	8 674	13 877
	коммуналдық -тұрмыстық қажеттіліктер		-	-	-	-
	өндірістік қажеттіліктер	-//-	169	223	357	571
5)	Байланыс ж ә н е теледидар					
	Интернетті пайдаланушы лар саны	%	84	95	100	100
	Халықты цифрлық эфирлік телевизиялық х а б а р таратумен қамту	б ү к і л халықтың%-ы	95	100	100	100
8	Табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану					
1)	Табиғи ортаның ластану деңгейі жоғары қалалар саны	бірлік	2	2	1	0
2)	Ластаушы заттардың жалпы шығарындылар ы нормативтері н і ң белгіленген мәндерінің көлемі	мың тонна/ жылына	565	512	501	483
3)	ҚТҚ жалпы көлемінен қалдықтарды өңдеу үлесі	%	22	39	50	62

4)	Ластаушы заттардың төгінділері нормативтерінің белгіленген мәндерінің көлемі	мың тонна/ жылына	581	570	560	550
5)	Мемлекеттік орман қоры жерінің орманмен қамтылған ауданы	мың гектар	9 727	9 733	9 740	9 747
6)	Өңірдің жалпы алаңына қарағанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі	%	19,6	19,7	19,8	21,1
9	Гидротехникалық құрылыстар	бірлік	647	512	501	483
10	Өрт сөндіру депосының ғимараты	депо / автомобильде р саны	134/469	167/567	176/601	182/625

Ескертпе: * - басқа мемлекеттердің жерлері ескерілген аумақтың ауданы (жалға алынған);

** - жердің басқа санаттарына кіретін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ауданы;

*** - жердің басқа санаттарында ескерілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ауданы;

**** - Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің деректері бойынша.

Қазақстан Республикасының
Оңтүстік өңірін аумақтық
дамытудың өңіраралық
схемасына 4-қосымша

Қала құрылысы жобаларымен қамтамасыз етілуді талдау

